

Ж. О. Артықбаев

# «Жеті жарғы»

*Мемлекет және құқық ескерткіші  
(зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні)*

*Оқу құралы*

Алматы  
2006

**ББК 67.3 (5К) я7**

**А 82**

**Артықбаев Ж. О.**

**А 82 «Жеті жарғы» мемлекет және құқық ескерткіші  
(зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні).** Оқу құралы. - Алматы:

Заң әдебиеті, 2006.—150 бет

**ISBN 9965-620-21-0**

Оқырман назарына ұсынылып отырған бұл еңбек қазақ мемлекеттілігі мен құқықтық жүйелерінің дамуында ерекше орын алатын «Жеті жарғы» ескерткішіне арналған. Автор мол тарихи-энографиялық деректерді пайдалана отырып қазақ ғылымында алғаш рет «Жеті жарғы» ұғымына негіз болған әдет-ғұрып заңдары мен ережелерін жинақтады. Оқу құралында қазақ мемлекетінің хандық дәуірдегі басқару жүйесі және оның құрылымындағы «Жеті жарғы» кеңесінің қызметі, маңызы көрсетілген. Дәстүрлі мемлекет және құқық ережелері турасында автор қолданысқа түсе бермейтін тың деректер мен пайымдауларды енгізді.

Кітап қалың оқырман қауымға, соның ішінде гуманитарлық мамандықтарда оқитын студенттерге арналады. Сонымен қатра «Жеті жарғы» - құқықтану саласында қызмет істеп жүрген қазақ азаматтарының қайсысын да болса қызықтырады деп сенеміз.

**ББК 67.3 (5К) я7**

**1202000000**

**А**  
**00 (05) – 03**

**ISBN 9965-620-22-9**

© Артықбаев Ж.О., 2006.

© Заң әдебиеті, 2006

# Мазмұны

## Алғы сөз

## Кіріспе

### I тарау. “Жеті жарғы” – дәстүрлі мемлекет және құқық ескерткіші

1. “Жеті жарғы” атауының мәні мен мағынасы
2. “Жеті жарғы” – зерттелу тарихы
3. “Жеті жарғы” туралы деректер

### II тарау. Қазақ жеріндегі мемлекет пен құқық тарихына шолу

1. Алаша хан мен Уыз хан заманы
2. Ғұн және түрік заманы
3. Шыңғыс хан және Алтын Орда заманы
4. “Қасым ханның қасқа жолы”
5. “Есім ханның ескі жолы”
6. Өз-Тәукенің “Жеті жарғысы”
7. Абылай хан дәуірі

## Қосымша: Жеті жарғы (толық мәтіні)

### Жарғының негізгі өзегі

Бірінші таған. Мемлекет және билік

Екінші таған. Жарғының алтын қазығы

Үшінші таған. Кек пен жаза

Төртінші таған. Бітім және кесім

## Қолданылған әдебиет тізімі

## Алғы сөз

“Жеті жарғы” қазақ халқының мемлекет және құқықтық тарихында ерекше орын алатын құбылыс. Оның қайнар бастауы қазақ халқының көнеден келе жатқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары. Бұлар бірнеше мыңдаған және жүздеген жылдар көшпелі ортада, Евразияның ұлан-байтақ даласында сақталып, толықтырылып, XVII ғасырдың соңында XVIII ғасырдың басында жаңа редакцияға түсті.

“Жеті жарғының” көрсетілген уақыт межесінде дүниеге келуі, қазақ әдет-ғұрып заңдарының жаңадан өңделуі тарихи оқиғалармен тығыз байланысты, заңды құбылыс. Қазақ көшпелілерінің қоғамы Орталық Азияда қалыптасқан ауыр саяси-әлеуметтік жағдайда, сыртқы қауіптің күшеюіне қайткен күнде де жауап беруі қажет болды. Осындай объективті тарихи ситуация мемлекет іргесін, халықтың бірлігін күшейтуге бағытталған заңдар ережесінің қайта жаңғыруына тікелей әсер етті.

“Жеті жарғы” алдымен билер кеңесі есебінде Тәуке ханның ордасы жанынан құрылып, кейін заң түзуші орган есебінде тарихи деректерге енді.

Әлі күнге дейін толық зерттеліп болмағанымен “Жеті жарғы” туралы біршама деректер анықталды. XVIII-XIX ғғ. зерттеушілердің үлкен еңбегінің арқасында “Жеті жарғының” негізгі ережелері ғылыми ортаға танылды деп есептеуге болады. “Жеті жарғының” қайнар көздерінің бірі қазақ халқының тарихи фольклоры да біршама жүйеленіп, көп және құнды дерек беретін жағдайда. Енді осы жинақталған деректерді тарихшы – қолымен белгілі бір методологиялық жүйеге салып реттеу мәселесі тұр. Бұл қиын да, қызықты шаруамен бірнеше жылдан бері белгілі ғалым этнограф Жамбыл Омарұлы Артықбаев айналысты, соның бір нәтижесі “Жеті жарғы” кітабы. “Жеті жарғы” оқу құралының құрылымы, ішкі логикасы мығым, дұрыс ойластырылған деген пікірдеміз. Автордың алдымен “Жеті жарғының” зерттелу тарихы туралы жазғаны көңілге қонады, сонымен бірге оқу құралында “Жеті жарғының” дерек көздері, негізгі ережелерінің жинақталуы туралы да дұрыс көзқарас бар.

Оқу құралында толық және сәтті қарастырылған мәселе-қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарының тарихы туралы шолу. Автор көне заманнан бастап, Абылай ханға дейінгі аралықта әдет-ғұрып заңдарының, жолдарының тарихын шолып шыққан. Бұл бірнеше мың жылға созылған мемлекет пен құқық үшін күрес тарихы. Тарихи шолу оқу құралында бірнеше бөлімге жүйеленген, тарихи тұрғыдан дұрыс ұсынылған деп есептейміз. Оған негізгі себеп, оқушы-студенттер бірден тарихтың аса ауыр көне кезеңдерінің қатпар-қатпар сырына түсіп кетпей, біртіндеп игергені қажет.

Оқу құралының бірінші тарауы “Жеті жарғы” ескерткішін ғылыми түрде зерттеу мәселесіне арналса, қосымша бөлім ережелерін оқырмандарға ұсынады. Автор бұрын-соңды, әсіресе “Қаз дауысты Қазыбек” кітабын жазу барысында апробациядан өткен тарихи-этнографиялық деректерді жүйелеп, талғамы биік оқырманның талқысына салады. Біздің пікірімізше, “Жеті жарғы” оқу құралында XVII-XVIII ғғ. қолданылып жүрген заң ережелері толық қамтылған. Әрине, бұл кітапшамен “Жеті жарғы” толық зерттеліп, жарияланып қойды деуге болмайды, бірақ бір кезендік жұмыс атқарылды деп есептеуге болады.

Құқықтану мамандығына және жалпы гуманитар мамандықтарға ұсынылып отырған “Жеті жарғы” оқу құралы жариялауға уақыты келген, оқу процесіне қажет, шәкірттерге пайдалы еңбек деп бағалаймыз.

**Заң ғылымдарының**

**докторы, профессор**

## КІРІСПЕ

“Жеті жарғы” қазақ халқының дәстүрлі мемлекеттік және құқықтық мәдениетінің алтын қорынан сақталған қымбат қазына. Бұл ұлы құжатқа байланысты ауызша және жазба деректерді қарастырып отырып “Жеті жарғының” мемлекет пен қоғамның тіршілігін үйлестіретін негізгі заң қағидаларының жинағы немесе мемлекеттік биліктің үлгісі ғана емес, соныменен бірге ұлттық танымның айшықты айнасы, халық рухының қамқоры, ұлттық мүдденің жаршысы екенін аңғарамыз. Жер жүзіндегі қандай да бір елдің арман-тілегі де, мақсат-мүддесі де мемлекеттік және ұлттық тәуелсіздігі, осы ұлы түсінік “Жеті жарғының” ел құрметіне бөленіп, ел ақсақалдарының жадына берік жазылуына негізгі себепкер.

Біз қолда бар деректерді қарастыра отырап “Жеті жарғы” туралы мәліметтер негізінен ауызша түрде, қазақтың шежіресі, аңыз-хикаялары, өлең-жырлары арқылы сақталған деп есептейміз. “Жеті жарғының” түп өзегі Евразия көшпелілерінің бірнеше мың жылдар бұрын қалыптасқан әдет-ғұрып заңдарына негізделген. Сонымен бірге “Жеті жарғы” XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басындағы саяси-әлеуметтік ахуалға ыңғайланған әдет-ғұрып ережелерінің жаңа редакциясы. Көшпелі қауым арасындағы саяси билік бірде күшейіп, бірде әлсіреп замана әсеріне, әсіресе сыртқы ортаның ықпалына тікелей ыңғайланып отыратын құбылыс. Саяси билік белгілі дережеде не сырттан қауіп төнгенде, не сыртқа бағытталған көшпелілердің ірі қозғалыстарының кезінде күшейіп, ал қауым ішінде бейбітшілік тенденциялары нығайғанда әлсіреп отырады.

Зерттеушілердің көпшілігі “Жеті жарғының” тек құқықтық мәселелермен ғана байланыстырады. Бұл таңдау белгілі дережеде тарихи институттарға ретроспекциялық тұрғыдан қараудың тікелей жемісі. “Жеті жарғыға” байланысты әдет-ғұрып ережелері жинақталып хатқа түсе бастаған уақытта қазақ мемлекет дәстүрлері аса құлдырап, оның реттегіш механизмдері, заңдары қолданыстан шыға бастаған еді. Қазақ мемлекетінің негізгі ұйытқысы, құрылымдық жүйесінің негізі болып табылатын туысқандық қарым-қатынастар “ақтабан шұбырынды” заманында үлкен соққы алып, қалыпты жүйесін бұзып алды. Бұл дағдарыс әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынасқа да тікелей әсер етіп қоғамдағы төре мен қараша, төре мен төлеңгіт, отырықшы мен көшпелі элементтер, субэтникалық топтар мен сословиелер арасындағы қалыпты қатынас бұзылды.

М.Тевкелев күнделігіндегі Бөкенбай батырдың әңгімесінде: “У них, киргис-кайсаков, прежде были города, а именно: Ташкент, Тюркестан, Сейрам с принадлежащими ко оным городками и деревнями, и оными владели киргис-кайсацкие ханы и старшина. В тех городех живут сарты, то есть посацкие мужики, с которых брали они дань. А из тех городов выслал их хонтайша тому с 15 лет. А ныне оными никто не владеет и дань не забирает, живут праздно...” (37, с.62) – деп суреттелетін жағдай саяси-құқықтық құрылымға да қатысты.

XVIII ғасырдың ортасына қарай қазақ жерінде мемлекеттік дәстүрлердің қайта күшеюі басталды. Оның барысын біз қазақтардың Жоңғария жеріндегі белсенді саясатынан, Сыр бойындағы қалаларды қайтарып өнеркәсіп пен сауданы қолға алуынан, Сыр бойына әсерін азайту үшін Қоқан хандығын ығыстыру саясатынан т.б. салмақты істерден көріп қаламыз. Қазақ халқының мемлекеттік мүддесі бұл кезеңде Абылай атымен байланысты болды. Бірақ бір жағынан Ресей, бір жағынан Қытай шеңгелі қазақ мемлекетінің күшейіп, іргелі ел болуына тосқауыл қойды. Көшпелілер билігінің Евразиядағы үстемдегі осыменен біржолата тиылды да, Европа нақты жеңді.

Абылай хан қанша күш салғанымен елді өз бетімен басқарып кетуге, қазақтың басын түгел қосып алуға дәрмені жетпеді. Оның ең басты себебі Ресейдің қазақтың Кіші жүзіне енуі, Әбілқайырдың алауыздық туғызған саясаты, Ресейдің Есілді өрлеп Көкшеге жақындап қалуы. Жалпы қазақ қанша жанкешті болғанымен Евразиядағы түбегейлі өзгеріске түскен геополитикалық жағдайды өзгерте алмайтын еді. Қазақ мемлекетінің дағдарысымен бірге ірі-ірі мемлекеттік институттар, әдет-ғұрыптар, қоғамдық, мемлекеттік, азаматтық түсініктер жүдеушілігі басталды. Осылайша “Жеті жарғы” заңдарынан мемлекетке қатысты ережелердің көпшілігі ұмытылып, тек жеке адам, немесе қауымға тікелей қатысты ережелер көбірек сақталды. “Жеті жарғының” өзі қалыпты ережелер

жинағы және ереже туғызушы тетік есебінде өмірден XVIII ғасырдың басында – ақ озған еді. XVIII ғасырдың ортасындағы жағдайда “Жеті жарғыны” мемлекет мүддесін ойластыратын Жоғары кеңес есебінде жаңғырту мүмкіндігі аяқталды.

Қолда бар тарихи-этнографиялық мәліметтер “Жеті жарғы” қызметіне және қазақтың әдет-ғұрып заңдарына жан-жақты, терең қарауға мүмкіндік береді. Бірнеше ғасыр бойы жинақталған тарихи деректер дәстүрлі зерттеу тәсілдерімен қатар, тың ғылыми зерттеу әдістері мен аспаптарын (инструментари) енгізу жемісті болатынына кепілдік береді. Оның біршама тәжірибесі кәзіргі “Нормативті этнография” аталып жүрген ғылым саласында қалыптасып қалды (18; 46; 68; 74; 82). Сонымен бірге дәстүрлі құқықтық көзқарастарды, жүйелерді, құндылықтарды зерттеуге “Құқықтық антропология” тікелей араласқаны зор пайда береді. Қалай дегенмен де дәстүрлі қоғамды, оның рухани мұрасын, тек қана саяси-құқықтық мұрасы ғана емес, рухани қазынасы болып табылатын әдет-ғұрып заңдарын, соған байланысты қалыптасқан нақыл, ақыл сөздерін, шешендік өнерін, салт-дәстүрін игеруге кәзіргі уақытта гуманитарлық ғылымның басты саласының бірі ретінде этнологияның араласу мүмкіндігі мол. Классикалық тарих және заң ғылымдары тек сыртқы (жазба) дерекке негізделсе, этнология ізденіс барысында халықтың (этнос) ішкі құрылымына, жабық байланыс жүйелеріне, жан сақтау және өмір сүру заңдылықтарына үңілетін зерттеу әдістеріне сүйенеді. Бұл қоғамдық ғылымдарды, соның ішінде құқықтану саласын алға алып баратын жол.

Біз бұл еңбегімізде “Жеті жарғы” тек құқықтық ескерткіш қана емес, сонымен қатар институт, билік жүргіу тетігі деген пікірді негізге алдық. Бұл жерде екі бағытты да бөле жармай тұтас қарастыру біздің негізгі мақсатымыз болды. Тақырып аясын кеңейту үшін мүмкіндік келгенше әдет-ғұрып заңдары мен ережелерін жас оқырмандарға көбірек таныту міндетін алдық. Болашақта жас заңгерлер бұл жинақты толықтырып, оның құрылымына, жүйелеу ретіне өзгерістер кіргізетіні даусыз. Мемлекеттігін құрып, заңын түзеп жатқан тәуелсіз Қазақстан үшін “Жеті жарғы” әлі де маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Тек қазақ қоғамының көп жағдайда синкретті мәдениет өкілі екенін, көп құбылыстар бір-бірімен астасып жататын ескерген жөн. Солардың ішінде “Жеті жарғы” аталып бір-бірімен ажырамастай бірігіп кеткен мемлекет және құқық құбылыстары жатыр, бұл біле білген адамға бөле жаруға болмайтын қасиетті дүние.

## I тарау. “Жеті жарғы” – дәстүрлі мемлекет және құқық ескерткіші

### § 1. “Жеті жарғы” атауының мәні мен мағынасы

Ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиетте “Жеті жарғы” атауына қатысты әр түрлі пікірлер бар, бірақ олар ғылыми қауым тарапынан толық қолдау таба қоймаған, бір-біріне кереғар келіп жататын жорамалдауларға негізделген. Бұл төңіректе әлі де даулы мәселелер көп болғандықтан біз осы атауға қатысты жасалған этимологиялық талдаулар мен түсініктердің негізгі бөлігіне ғана тоқталып кетеміз.

“Жеті жарғы” атауын алғаш рет Әз Тауке хан тұсындағы қабылданған заң ережелеріне қатысты қолданған Н.И.Гродеков. Ол ұзақ уақыт Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Сырдария облысының әскери губернаторы қызметін атқарып, сол кезеңде қазақ әдет-ғұрып, заңережелеріне қатысты деректерді мол жинайды\* .

Н.Гродеков пікірінше “Жеті жарғы” Қасым мен Есім хандардың заманындағы қазақтың ескілікті заңдарының негізінде жасалған: “Хан Тауке собрал на урочище Культобе (в Сырдарьинской области) семь биев, в числе которых был знаменитый бий Толе Алимбеков, и эти бии соединили старинные обычаи ханов Касыма и Ишима (Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы) в новые обычаи, называемые – “жеты жарға” (22, с.24).

Н.Гродеков осы тақырыпқа тағы да айнала берісте соғып “Жеті Жарғыны” түзген билердің “жарғыш” атанғанын да хабарлайды. Бұл біздің пікірімізше аса мәнді дерек: “При хане Тауке собрались семь биев, “жеті жарғыш” (22, с.25).

“Жеті жарғы”, “жарғыш” атауына қатысты әр түрлі пікір-деректердің ішінде Н.И.Гродеков мәліметтері өзінің қисындылығымен де, толық қандылығымен де бірінші орында тұрса керек.

Екінші бір көңіл аударатын мәлімет А.Леонтьевтің “Обычное право киргиз” (1890) еңбегінде кездеседі: “Правда, ханом Тауки (Тявки) учреждено было, по народным преданиям, собрание из семи биев, как высшее судилище. Но оно действовало только при этом хане” (53, с.122).

“Жеті жарғы” туралы осы түсінікті кейіннен Л.А.Славохотов толықтырып “Народный суд обычного права киргиз Малой Орды” еңбегіне еңгізді. Осы еңбекте, біздің ойымызша алғаш рет, Жеті жарғыға байланысты “уложение” деген сөз қолданылады: “семь биев...составил уложение, целиком основанное на древнем народном обычае – адате и тогда получившее название – “Джеты Джарга” (73, с.41).

Л.А.Славохотов “жеті” сөзінің тек мемлекеттік кеңестегі билердің санын ғана білдіріп қоймай, толықтықты, толық кәметті, бүтіндікті білдіретін ұғым есебінде пайдаланылғанын жазады: “Джеты по киргизский (казахский-Ж.А.) означает “семь” – число у всех народов Востока, считавшееся выражением полноты, совершенства и авторитетности. Джарга-дат. падеж от дзар (тат.) или дзор (монг.) – известие, объявление, публикация, обнародование, возвание ср. другую транскрипцию – “жеті жарығы” – т.е. “семь святил его” (т.е. Тявки)” (73, с.42).

XX ғасырдың басында қазақ тарихының ең бір күрделі де қызық мәселері туралы жазған А.П.Чулошников “Жеті жарғыны” Шыңғыс хан заманындағы “Жаза” (Великая Яса) тәртібімен салыстырады, оның пікірінше “Жеті жарғы” қазақ халқының ұзақ өмірінен бір тамаша нәтиже, азаматтық және қылмыстық құқық туралы түсініктерінің жиынтығы: “В самом деле, подобно “Великой Ясе” Чингис хана и казак-киргизское обычное право, систематизированное Тявкою, заботилось тоже не столько о предупреждениях преступлений, сколько об их ближайшем наказании” (83, с.204).

“Жеті жарғының” атауының мағынасы туралы А.П.Чулошников пікірі Н.Гродеков жазғандарымен үндес: “...хан Тявка, особеннно чтимый всеми казак-киргизами, собрал на урочище Куль-тюбе (в

пределах нынешней Сыр-Дарьинской области) семь биев во главе с знаменитым бием Туле Алимбековым и вместе с ним составил уложение, целиком основанное на древнем народном обычае – адате и тогда же получившее название – “Джеты-Джарга”, т.е. “Объявление семи” (83, с.204).

Қазақ ғалымдарының ішінде “Жеті жарғы” туралы алғашқы пікір білдіргендердің бірі академик Ә.Х.Марғұлан “Жеті жарғыны” – жеті жарғыш, жеті, яғни жеті әділ, қара қылды қақ жарған билердің билігі дегенді қолдады. Сонымен бірге Ә.Х.Марғұлан “Қазақ совет энциклопедиясындағы” “Жеті жарғыға” арналған мақаласында оның мазмұнының жеті түрлі ережеден құралатындығы жайлы жазады. “Жеті жарғыға” кірген ережелер жетеу. Олар: 1).Мүлік заңы; 2).Қылмыс заңы; 3).Әскери заң; 4).Елшілік жоралары; 5).Жұртшылық заңы; 6).Жесір дауы; 7).Құн дауы” (56, б. 542.).

Әлекеңнің “Жеті жарғы” мағынасы туралы бір мақалада қарама-қайшы екі пікір айтуы кездейсоқ па? “Жарғыға” қатысушы билердің саны ережелердің санымен неге тең деген сұраққа дәл жауап қайтару оңай емес. Негізінен “Жеті жарғы” бұрын соңды қолданыста болған заң жобаларын жүйелеп, оның басын қосып жетеуге жеткізді деп қабылдау ешқандай дәлелге негізделмейді.

Ғылыми әдебиетте кейде “Жеті жарғы” мағынасына байланысты тіпті ұшқары пікірлер де айтылады. Оның негізгі себебі зерттеушілер “жарғы” сөзінің мағынасына бойлай бермегендіктен туындайды. Мәселен С.Е.Толыбековтың қазақ көшпелі қоғамына арналған кітабында “жарғы” сөзі “жорға” деп беріледі: “Первый свод народных обычаев под названием “Джеты–жарга”, составленный семью биями (точнее: “джеты–жорға–семью иноходцами) при хане Тауке...” (77, с. 343-344).

“Жарғы” және “жорға” сөздері бір-бірінен мағынасы бөлек атаулар. “Жарғы” – көне түрік тілінде жарлық, билік, шешім деген мағына береді (26, б.630; 88, б.18-20).

М.Қашғари сөздігінде “жар”- (йар) – жару, жарғыш ұғымдарымен тікелей байланысты қарастырылады (50, б. 46, 60).

Қазақ тіліндегі “жар” сөзінің түпкі мағынасы моңғолдың (қалмақтың) – “зар” сөзімен ортақ. Мәселен моңғол тілінде “зар”–жар, хабар деген мағынада. “Зар тараах–жар, хабар тарату болып адурылады. Сонымен қатар “Зардан” туындайтын “зарға”–дау айтыс, талас, тартыс, сонар дау, егес, жанжал” мағынасын береді (63, б. 247). Ал енді “зарға шүүх” сөзі дауды тексеру, дау кесу, шешім мағынасында айтылады (63, б. 248).

Моңғолдың “заргач” сөзі қазақтың “жарғышымен” төркіндес, дауға, билікке қатысы бар адам туралы айтылады (63, б.248).

Соңғы жылдары ғылыми әдебиетте “Жеті жарғыны” жеті билік, жеті ереже мағынасында қолдану көбрек кездеседі. Т.И.Султановтың осы тақырыпқа жазылған еңбегінде “В истории права ханского периода известен только один законодательный памятник - “Жети Жаргы” (Семь установлений) - деп аударылған (76, б. 64). Бұл біздің түсінігімізше шартты атау, біздің қолымыздағы ешқандай дерек Әз-Тәуке хан заманында қабылданған заңдардың жетеумен шектелгенін айтпайды. Екіншіден дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарында ережелерді белгілі бір принциптермен жүйелеу кездесе қоймайды.

“Жеті жарғы” жайлы” деп аталатын соңғы жылдардың жақсы бір еңбегінде академик С.З.Зиманов пен Н.У.Өсеров “Біздің пікірімізше “Жеті Жарғы”, “Жеті Жарлық”, “Жеті дау”, “Жеті шешім” деген ұғымды білдіреді. Оларға жер дауы, құн дауы, барымта, айып-жаза, алым-салық т.б. кірген” деп “жеті” мағынасын тек сандық тұрғыдан қабылдауды ұсынады (32, б.127). Авторлардың пікірінше “Жеті жарғы” билер кеңесіне түскен, талқыланған, шешілген жарлықтың, даудың т.б. жалпы санын береді.



“Жеті жарғының” мән-мағынасын толық түсіну үшін тарихи-этнографиялық мәліметтерді ғылыми айналысқа көбірек енгізу міндеті осы жоғарыдағы шолудан туындаса керек. “Жарғы” сөзін жалпы кеңес, өкілетті билік, заң тудырушы орын есебінде қабылдау өте дұрыс болғанымен, “Жетіге” қатысты пікірлерді әлі де тереңірек қарастыру керек сияқты. “Жарғы” кеңес, заң мағынасында тарихи деректерден ертеден жиі кездеседі, ал “жетінің” орнында басқа сандары кездестіріп қаламыз (алты, сегіз).

Мәселен атақты саяхатшы Ибн Баттута 1333 жылы Хорезм әмірі Құтлық - Темір (ол кезде Хорезм Алтын орданың әкімшілік бөлігі) қабылдауында болып ордадағы “Жарғы” қызметі туралы мәліметтер береді: “У этого эмира было принято, чтобы кади приходил каждый день в его приемную и садился на место, отведенное для него, в вместе с ним факихи и писцы. Напротив него садился один из главных эмиров и с ним восемь старших тюркских эмиров и шейхов, называемых йаргуджи (жарғышы-Ж.А.). Люди обращаются к ним с тяжбами. Если дело относится к шариатским, то по ним решение выносит кади, а по другим делам выносят решение эти эмиры. Их решения точны, справедливы, потому что их не заподозрят в пристрастии и они не берут взятку” (35, с.76).

Ибн Баттута суреттеп отырған Құтлық-Темір бектің Хорезмдегі билігі аздаған үзілістермен 1321 жылдан басталып 1368 жылға дейін жүрді. Алтын Орда мемлекетінің ірі басшыларының бірі, Өзбек ханға жақын болып келетін Құтлық-Темір Хорезм өлкесіндегі билігін жергілікті көшпелілер дәстүрінің үлгілеріне сүйеніп жүргізгені дау тудырмаса керек. Бұл кезең Хорезм өлкесінің аса гүлденіп тұрған кезі, ибн Баттутаның өзі де кітабының бірнеше жерінде бұрынғы жағдайына карағанда Хорезмнің көркейіп өскенін атап кетеді. Құтлық Темір бек сарайындағы “Жарғы” қызметі мемлекеттік жоғары сот деп атауға келеді. Сонымен бірге мемлекет ішіндегі ірі әмірлердің “Жарғы” қызметіне қатыстылығы мемлекетке аса қажет шаруалардың да осы отырыстарда талқыланатынын білдіреді.

“Жарғы” мәні мен мағынасын түсінуге тікелей қатысты деректерді біз қалмақ тарихынан да жиі кездестіреміз. Қазақ-қалмақ халықтарының этникалық субстраттағы жақындығы, тарихының ортақ кезеңдері, территориялық іргелестігі қалмақ деректерін қазақ тарихын зерттеуге көбірек қолдану қажеттілігін дәлелдей түседі.

Қалмақ тілінде “Жарғы”-“Зарго” деп аталады және оның құрамы деректерде 6-8 адам шамасында кездеседі. Осыған байланысты Қалмақ хандығы (Жоңғар заманы) жоғары билік (сот) кеңесіне байланысты “найман Зарго” деген атаулар кездеседі. “Найман” қалмақша “сегіз” деген санды білдіреді. Біздің түсінігімізше бұл сегіз бидің кеңесі деп аударылады. Енді қалмақ тарихының білгірі В.М.Бакунингке сөзберейік: “Зарго, на их языке-суд, бывает всегда при доме ханском, и присутствуют в особой кибитке ханские первые и вернейшие зайсанги (ру басылар-Ж.А.), между которыми бывают и из попов (ламалар-Ж.А) по человеку и по два, на которых верность хан надежду имеет.

А всех, по их древнему обыкновению, больше осьми человек не бывает. По столько ж человек бывало в Зарго и у зеньгорских ханов и главных владельцев, которых они называют еке нойон, то есть великий князь.

При том суде бывает по несколько человек нарочно определенных писцов, приставов, рассыльщиков и других служителей.

В той же кибитке Зарге присутствующие, на их языке называются тусурукчи и заргучи, то есть советник и судья, а все вообще-саит, то есть министры. Писцы называются бичачи (“бітікші - Ж.А.), а приставы-яргучи (ясауыл - Ж.А.). От той Зарги зависит правление всего калмыцкого народа, и в оной сочиняются отправляемые ко двору императорскому доношения и к ближайшим командирам российским письма, и указы ханские к калмыцким владельцам о публичных делах, и черныя-приносятся к хану для апробации и потом переписываются набело и припечатываются ханской печатью, которая хранится у первейшего и вернейшего его зайсанга” (12, с.146).

Жоғарыда келтірген құжаттар біздің “Жеті жарғы” жоғары мемлекеттік кеңес және сот деген пікірімізді нақтылай түседі. Әз Тәуке заманында “Жеті жарғының” құрылуы ұзақ жылдарға созылған дағдарыстан мемлекетті алып шығудың бір жолы есебінде қарастырылған болуы керек. Екіншіден XVII ғасырдың соңына Евразиядағы геополитикалық ахуал ірі өзгерістерге түсіп қазақ елінің төрт құбыласының бәрі қауіпті жауға айналып бара жатты. Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы арасалмақ соңғылардың пайдасына шешілгенін айтпағанның өзінде, шығыстан төнген қалмақ (қара қалмақ) қазақ мемлекет басшыларының, ірі билердің жүрегін сыздатқаны анық. Осының нәтижесінде өмірге “Жеті жарғы” аталатын қоғамның ең ауыр мәселелерін талқыға салатын, шешетін, ел тыныштығын сақтайтын, сыртқы елдермен қалыптасқан өзекті мәселелерді талқылайтын хан ордасы жанында Жоғары кеңес және билік орыны қалыптасты. Әуел баста хан Тәуке ұсынысымен бұл “жарғыға” қазақ елінің қазақ елінің ең таудаулы деген жеті биі қатысқаны себепті “Жеті жарғы” атанды. Тіпті мәселе жетіде де емес, мұндай ірі мемлекеттік кеңеске одан көп те адам қатысуы мүмкін, бірақ белгілі субэтникалық және әлеуметтік топтардың мүддесіне жауап беретін, қорғайтын адамның саны жетеу болғанға ұқсайды. Әз Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығының құрамына енген жеті ұлыс елдің басшылары “Жеті жарғының” құрамында болды десек біз тым қателеспейміз.

## § 2. “Жеті жарғының” зерттелу тарихы

“Жеті жарғының” зерттелу тарихы бірнеше ғасырды қамтиды, бірақ ескерте кететін мәселе бар. Алдымен “Жеті жарғының” ғылыми түрде зерттеу, яғни академиялық деңгейде зерттеу, әлі күнге дейін тәжірибе ала алған жоқ. Екіншіден, “Жеті жарғының” қазақтың әдет-ғұрып дәстүрлерімен, жолдарымен салыстыра отырып және жеке бөліп қарастырған зерттеулер жоқ. Тіпті “Жеті жарғының” қазақтың мындаған жылдар бойы қордаланып, қоғамдық өмірінің реттеуші тетігі есебінде өмір сүрген заң-ережелерінен бөле жарып қарау мүмкін де емес шығар.

“Жеті жарғы” туралы алғашқы салиқалы пікір айтқан А.И.Левшин қарама-қайшылыққа толы жазбалар қалдырды. Кіші жүз қазақтарының ішіндегі белгілі, салмақты ру басшылары мен сұлтандарының айтқанына сүйіне отырып А.И.Левшин: “было время, говорят благоразумнейшие из Киргизов Меньшой Орды, когда и наш народ жил в покое, было время когда и у нас существовал порядок, были законы и правосудье. Сей золотой век, о котором вспоминают они со вздохом, есть царствование знаменитого Хана их Тявки” (51. Ч. 3, б. 169.) – деп жазады.

Қазақ қоғамының XVIII ғ. соңы XIX ғ. басында елеулі өзгеріске түскені, хан билігінің, ежелгі тәртіптің сындарының кете бастағаны бір жағынан тарихи заңдылық, екінші жағынан Ресейге бодандықтың тікелей нәтижесі. А.И.Левшин отаршылдық саясаттық қазақ қоғамына тигізген кері әсерін жаза қоймайды, оның пікірінше Өз Тауке заманында аздаған тәртібі болған қазақ қоғамының негізгі сипаты анархия: “...совершенное безначалие не может быть продолжительно, но непрочность властей, у Киргизов существующих, неопределенность оных, слабость, свобода переходить из под одной к другой, отсутствие законов, ненаказанность преступлений, очень близки к тому понятию, которое обыкновенно разумеется под словом анархия” (51. ч.3, с. 157).

А.И.Левшин еңбегі XIX ғ. басындағы қазақ қоғамы туралы энциклопедиялық деңгейдегі түсініктер мен мәліметтерді бергенімен де, қазақ қоғамының ішкі өмір сүру тәртібі, заңдылықтары, мемлекет пен құқықтың ерекшіктері туралы пікірлері сын көтермейтін дәрежеде.

Кейіннен А.И.Левшиннің қазақ қоғамы туралы айтқан ат үсті пікірлері В.В.Радлов тарапынан қатал сынға ұшырады. “Да не только живущие по соседству с киргизами (казақтар - Ж.А.) народности, но и такие научные авторитеты, как А.И.Левшин, резко отрицательно отзываются о киргизах... (бұдан әрі А.И.Левшин кітабынан үзінділер – Ж.А.)... Читая такие тирады, легко прийти к мысли, что киргизы – отбросы тюркского населения Западной Азии, воры и бандиты, бежавшие в широкую степь, так как не желали привыкать к упорядоченной жизни оседлых народов, одним словом, -раса, заслуживающая быть уничтоженной. Но на самом деле это не совсем так... мы имеем здесь дело со степенью цивилизации, противоположной культуре эпохи оседлых народов, и нужно смотреть на их поступки и поведение с другой точки зрения. На правильность моего предположения яснее указывает то, что киргизы, не смотря на всю свою ненавистную окружающим анархию, живут состоятельно и у них отмечается весьма значительный прирост населения.

*Я сам долго жил среди киргизов и имел возможность убедиться в том, что у них господствует не анархия, а лишь своеобразные, отличающиеся от наших, но по своему вполне урегулированные культурные отношения”* (70, б. 249).

“Жеті жарғының” қазақ қоғамындағы қызметін, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатындағы орнын түсіну үшін көшпелі өмір салтына, оның шаруашылық және әлеуметтік тіршілігінің сырларына әбден қанығу керек. Тарихи деректерден орталық саяси биліктің пәрмәні мен құрығы қазақ қоғамына түгел жете бермейтінін көреміз, бірақ оның есесіне қоғамды біріктіріп ұстап тұратын реттегіш бар, ол рулар арасындағы, жеке адамдар арасындағы туыстық қарым-қатынас. Туыстық шаруашылықты, әлеуметтік өмірді, саясатты т.б. қоғам өмірінің салаларын бір жүйеге салады. “Жеті жарғы” осы жүйені дұрыс жұмыс істеткізетін құндылықтар жинағы. Оның ең басты мақсаты адамның әр басқан қадамын ережеге салу емес, ол мүмкін де емес, оның ең басты қызметі көшпеліліктің басты құндылықтарын айқындау. “Жеті жарғы” ережелерін қазақ қоғамының

көпшілік бөлігі жатқа біледі. Қазақ ортасындағы әр дауды билер осы құндылықтар деңгейінен келіп қарастыруы басты шарт. Әр адамның мінезі әр түрлі болатыны сияқты “Жеті жарғының” да әр билікке дайындалған жеке ережесі жоқ.

В.В.Радловтың өзіне дейінгі зерттеушілерден ең басты артықшылығы, ол қазақ қоғамының негізгі өмір сүру салтын, ерекшелігін жақсы түсінгендігінде. “В отношении же такого народа, как киргизы, содержащего столь много скота, не может быть и речи о неплановых переездах” - деп жазады ғалым (70, б. 253). Бұл қалыпты тіршілікті бұзатын тек сыртқы әсер, не халықтың, малдың санының шектен тыс өсіп кетуі, міне осы кезде мемлекеттің саяси билік институттары күшейе бастайды. Хан өз қолына билікті жинап алады, бұл жаугершілік заман басталды деген сөз. Бұл процесс не империя құруға, не отырықшы елдердің арасына еніп жоғалып кетуге алып баратын жол.

“Жеті жарғы” тәртібін В.В.Радловтан да терең түсінген ғалым Шоқан Уәлиханов. Оның жазбаларында “Жеті жарғыға” арналған жеке бөлім жоқ, дегенмен Шоқан қазақтың заң ережелерін, жолдарын Тәуке заманынан тым әріде қалыптасқан деген пікірден ешқашан айныған жоқ. Ол бірнеше жерде “Жеті жарғы” ережелері мыңдаған жылдар бойы өмір сүрді деп жазады. Оның алдымен жазатыны әдет-ғұрып заңдарына негіз болған “туысқандық, ауа-райы мен табиғат” туғызған заңдылықтар (17, б.79). Осы пікірді жалғастырып “Понятия родства распространялись у киргиз и в отношении отдаленнейших поколений” – деп жазады. Шоқанның айтуы бойынша егер қоңырат пен арғын руының арасында дау болса даугер бүкіл “Сібір қырғыздары облысының” билерінен бас тартуға құқылы.

Шоқан қазақтың әдет-ғұрып заңдарының шын жанашыры және ғалым ретінде тамаша салыстырмалы пікірлер айтты. Оның ойынша қазақ қоғамына арқау болған дәстүрлі заңдар Ресей реформаторлары табынып отырған Батыстың заңдарынан анағұрлым адамшылыққа жақын, ал Шығыстың тәртібінен оқ бойы озық: “Нет никакого сомнения, что тот закон хорош для народа, который более ему известен, закон родной, под которым человек вырос и воспитывался, как бы закон этот ни был несовершенен, должен казаться ему лучше, понятнее и яснее самых мудрых законодательств, взятых извне и навязанных сверху. *Между тем, обычное право киргиз, по той же аналогии высшего развития с низшим, на которое мы так любим ссылаться, имеет более гуманных сторон, чем законодательство, например, мусульманское, китайское и русское по Русской Правде.* В киргизских законах нет тех предупредительных и устрашающих мер, которыми наполнены новейшие европейские кодексы. У киргиз телесные наказания никогда не существовали. А законы родовые, по которым члены рода ответственуют за своего родича, при родовых отношениях приносят много пользы” (17, с. 94).

Ш.Уәлихановпен қатар қазақтың әдет-ғұрып заңдары жөнінде және ерекше “Жеті жарғы” туралы пікір білдірген М.Красовский. Ол “Жеті жарғы” заңдарының мемлекетті күшейту ниетімен жасалғанын және бұл заңдардың түп негізінде әдет-ғұрып ережелері жатқанын жазады: “Плодом стремления Тявки слить три казачьи орды были изданные им законы, сделавшие имя этого хана столь популярным в степи. Надобно однако думать, что эти законы имели силу, да и то условно-обязательную, для казачьих племен только при жизни всеми уважаемого аксакала. Предпринятый Тявкою труд – согласить между собою обычаи розно управлявшихся народностей-было не по силам для одного человека, и хотя, в ходячих между нынешними киргизами понятиях о праве, в сохранившихся у них древних законах...мы должны видеть, главным образом, следы установившегося Тявкою устройства. Но так как до сих пор есть много и противоречащих одно другому постановлений, то есть мы должны также предполагать, что и прежде, рядом с тявкинскими законами, действовали и законоположения других ханов или постановления, освященные обычаями разных вошедших в союз племен” (42, ч. 1. С.53).

М.Красовскийдің басты қателіктерінің бірі қазақтың хан билігін, жалпы саяси – құқықтық құрылысын терең түсіне білмегендігінде. Ол хандардың билігінің шектеулі болуын себеп қылып мемлекеттікті жоққа шығара салады. Шын мәнінде хан билігі халықтың билік құқықтық көзқарастарының сыртқы ғана көрінісі және ол көрініс бірде күшейіп, бірде азайғанымен ел өзінің

тәуелсіздігінен, мемлекеттігінен күдер үзді деп айту жөн емес. *Көшпелілер қоғамы азаматтық қоғамның үлгісі, ол қоғамның әр мүшесі мемлекеттің кірпіші. Мемлекет ұғымы алдымен адам санасында, оның қоғамдық шаруаға қатысында танылады. Билік институттары, атрибуттары қоғамдық құрылымның бір ғана қыры, көзге түсетін тұсы. Көшпелілердің саяси құндылықтары мұхитта жүрген айсберг сияқты, негізгі бөлігі көзге түспей су астында жүзіп келеді. Өкінішке орай қазақ заң ережелерімен айналысқан зерттеушілердің көпшілігі ол жағына мән бере қоймаған. Сол себептен М.Красовский: “Изданные, например, ханом Тявкою узаконения, имевшие целью установление в степи однообразного устройства, не могли войти в силу, а между тем Тявкою начиналась, ими же можно сказать и оканчивалась та популярность, до которой когда-нибудь достигла власть ханов” – деп жазады (42, ч.3, с.7).*

Жоғарыда аталған зерттеушілердің бәрі де “Жеті жарғы” тек заң ережелерінің жинағы ғана емес, мемлекеттік билік құрылымы, хан билігінің қабілетін күшейтетін Кеңес екенін жақсы аңғарған. Бұл көзқарас өкінішке орай “Жеті жарғыны” кейінгі уақытта зерттеушілердің арасында қолдау таппай, тек ереже күйінде қабылдау басым болды. XIX ғ. екінші жартысында қазақтың әдет-ғұрып заңдарымен айналысқан зерттеушілердің көпшілігі қазақ мемлекеттілігі мәселесін тіпті де ауызға алмай, заң ережелерін жеке бөліп алып қарастырады. Бұл бір жағынан түсінікті еді. Ресей бодандығына біржолата қараған қазақ елінің хандық дәуірі, мемлекеттілігі жөнінде сөз қозғау саясат тұрғысынан зерттеушілерге тиімсіз болды. Бірақ осы қалыпты сүрлеу Совет кезеңінде де өз қалыпынан шыққан жоқ, зерттеушілердің көпшілігі қазақтың әдет-ғұрып заңдары туралы жазғанымен, оның мемлекетпен қатынасы туралы мәселені айналып етуге дағдыланып алды.

Бұл қалыпты жолдан бөлек еңбектер көп емес. Азды-көпті зерттеу еңбектердің ішінде Н.Г.Аполлованың 1948 жылы жарияланған “Присоединение Казахстана к России” монографиясы ерекше көңіл аударуға тұрады. Бұл зерттеу 40-жылдардағы қоғамтанушылары (тарихшы, заңгер т.б.) жеткен биікті көрсетеді және белгілі дәрежеде тарихқа көзқарастардың квинтэссенциясы тәрізді. Өкінішке орай 50-ші жылдардың қоғамтанушылар арасында жүргізілген қудалау ғылыми көзқарастарды артқа шегеріп, жұтатып тастады.

Н.Г.Аполлова “Жеті жарғыны” қазақ қоғамының өмірінде ірі орын алатын саяси институт деп атайды: “Совет биев (диван), состоявший из нескольких знатных биев, представлял собой совещательный орган при хане и, ...совет состоял из семи биев. Предание приписывает им участие в составлении так называемых “законов Тауке”. Но законодательные функции совета биев были вообще ограничены, поскольку хозяйственная и политическая жизнь казахского общества регулировалась нормами написанного обычного права (адата). *Значительно шире его функции как органа, которому принадлежит феодальное право совета, которое выражалось, прежде всего, в том, что хан без совета старшин не мог вынести ни одного решения*” (5, с. 103).

Н.Г.Аполлова “Жеті жарғының” негізгі қызметін өте дұрыс түсінген. “Жеті жарғының” құрамының өзі (ең беделді орда билерінің қатысуы) оның ең алдымен Мемлекеттік Кеңес қызметін атқаратынын айғақтайды. Сонымен қатар “Жеті жарғының” заң шығару, не болмаса билер шешімдеріне кесім жасауы (прецедент), бүкіл ел көлеміндегі билік істеріне үлгі пішіп отыруы, “Жеті жарғының” жоғарғы сот, құқық қызметін атқарушы билік орыны екенін көрсетеді. Бұл жағынан “Жеті жарғы” белгілі дәрежеде конституциялық сот қызметін атқарып билік нұсқаларын, жүргізілуі ережелерін реттеп отырды дей аламыз. “Тәуке ханның заңдары” аталатын заң ережелерінің бәрі де түбі ертеден келе жатқан дәстүрлерге сайғанымен XVII ғасырдың соңында жаңа електен өтіп, ел қызметіне жаңғырған қалпында кірісті. Автор монографияның екінші бетінде жоғарыда айтылған өз сөзіне қарсы да шығады: “Так называемые “законы Тауке” (“жеты – жарга” – законы семи судей), представляющие собой кодификацию обычного права, дошли до нас лишь в переводах и отрывочных записях, сделанных в начале XIX века со слов казахских биев” (5, с.115). “Тәуке заңдары” қазақтың әдет-ғұрып ережелерінің жаңғырған, жүйеленген түрі деген автордың соңғы анықтамасына келісуге болады.

Н.Г.Аполлова, Т.М.Күлтелеев, С.Л.Фукс сияқты тамаша ғалымдардың 40-50-ші жылдардағы еңбектерімен “Жеті жарғыны” зерттеудің тұтас бір кезеңі байланысты. Одан кейінгі ұзақ

жылдарға созылған тоқырау татымды еңбек берген жоқ. Бұл тақырыпқа қызығушылық 80-ші жылдары қайта басталады. Алдымен С.Зиманов пен Н.Өсеров бірлесіп жазған екі мақала шықты да, кейіннен бұл тақырып шығыстанушылар тарапынан да белгілі қызығушылық туғызды (30; 31). Ең алдымен Т.И.Султановтың 1982 жылы “Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв.” кітабында “Жеті жарғыға” арнайы бөлім берілгенін айту керек. Бірақ автор тарихнамада өзіне дейін қалыптасқан дәстүрлерге толық бағынбай “Жеті жарғыны” тек құқықтық ескерткіш (законодательный памятник) тұрғысынан қарастырады. Шығыстанушы Т.И.Султанов құқықтанушы ғалымдардың мақалаларының тікелей әсерінде болды десек артық айтқандық болмас. Автор “Жеті жарғының” қайнар көздері есебінде әдет-ғұрып заңдарын ұсынады: “в качестве источников “Жети Жаргы” следует признавать скорее всего не древние письменные тексты, но старый, всем знакомый и всеми признаваемый обычай устного права, служивший основой и для Ясы, а также неписанные узаконения других казахских ханов, предшественников Тауке” (76, с. 67).

Сонымен бірге автор “Жеті жарғыға” XVII ғасырдағы қазақ қоғамына қажет әскери-саяси және әлеуметтік өмірдің дамуы туғызған ережелер енді деп есептейді. Т.И.Султановтың құнды пікірлерінің бірі “Жеті жарғының” қазақ өмірінің әр бағыттарын яғни әкімшілік, қылмыстық, азаматтық мәселелерін, сонымен қатар алым-салық, дін, т.б. салаларын қамтамасыз ете алатын қабілеті зор” деген пікірі (76, с. 69).

Расында да “Жеті жарғы” ережелері қазақ қоғамының әр саласын қамтиды, бұл А.И.Левшин жазбаларынан да анық көрінеді. Дегенмен А.И.Левшиннің “Жеті жарғыға” – қатысты ережелерді ғана билерден жазып алғанын дәлелдеу өте қиын мәселе, екіншіден “Жеті жарғының” қазақтың әдет-ғұрып заңдарынан айырмашылығы бар екенін, олардан іріктелінген заң ережелері екенін дәлелдеу де оңай емес. “Жеті жарғы” негізінен XVII-XVIII ғасырларда қолданыста болған әдет-ғұрып ережелерінен, билердің оңтайлы шешімдерінен құрастырылса керек. “Жеті жарғы”, егер қазақ әдет-ғұрып заңдарының аясындағы жинақ десек көшпелілер қоғамындағы сергектік, билердің тың шешімдерін канонға айналдыру, әлеуметтік-шаруашылық өмірдегі өзгерістерге икемделу т.б. эволюциялық салтынан шығып кетуі мүмкін емес. Көшпелілердің әдет-ғұрып заңдары мәңгі көне қазына және мәңгі жас даналық.

Т.И.Султановтың “При создании - “Жети Жаргы”, несомненно, важным и даже определившим сам его характер оказалось стремление приспособить существовавшие нормы обычного права к новым потребностям феодализирующегося казахского общества, узаконив при этом лишь те из них, которые соответствовали интересам феодальной знати, создать вместо устаревших и неудобных ей норм новые и выгодные ей нормы. Во всяком случае, такое заключение можно вывести из многих положений статей памятника” (76, с. 68) - деген пікіріне келісу қиын. Қазақ қоғамындағы саяси биліктің белгілі бір заңдылықтар бойынша (сыртқы және ішкі жағдайлардың тоғысуы) күшеюінің феодализация процесіне тіпті ешқандай да қатысы жоқ. Бұл жерде әңгіме саяси билік институттарының (жоғарғы кеңес-билер кеңесі, құрылтай-маслихат, алым-салық т.б.) жандануы турасында жүруі керек. “Жеті жарғыны” талдау барысында мемлекет туралы мәселелер Т.И.Султанов еңбегінде көтерілмейді.

Біздің зерттеу еңбегіміз үшін Т.И.Султановтың қорытынды бөліміндегі пікірі аса құнды. Ол “Жеті жарғыны” бұдан әрі зерттеу жаңа тарихи-этнографиялық деректерді ғылыми айналымға қосу барысында ғана жемісті болады деп есептейді: “определение периода действия-“Жети Жаргы”-... едва ли можно осуществить, опираясь лишь на имеющиеся фрагментарные записи “Уложения” хана Тауке и не привлекая дополнительных данных историко-этнографического характера” (76, с. 77).

Құқықтанушы ғалымдардың еңбектерінде “Жеті жарғыға” тек құқықтық ескерткіш тұрғысынан қарау басым болатыны заңды.

Қазақ заңгер ғалымдарының арасында “Жеті жарғы” тақырыбына соңғы уақытта қалам тартқандардың ішінен академик С.З.Зиманов мектебінің өкілдерін айту керек. Олар

З.Ж.Кенжалиев, Н.С.Ахметова, К.А.Абишев, Н.У.Өсеров т.б. зерттеушілер. Бул аталған ғалымдар “Жеті жарғыға” ең алдымен құқықтық ескерткіш есебінде қарайды. Олардың “Жеті жарғыға” қатысты пікірлерін “Қазақ әдет ғұрып заңдарының мәселелері” аталған жинаққа кірген мақалалары арқылы талдауға болады. Н.Өсеров мақаласы “Жеті жарғы” тарихи маңызы зор ірі ескерткіш болып табылады” (32, б. 122) – деп басталады.

Авторлардың пікірінше Өз Тәуке хан заманында қабылданған “ірі реформалардың бірі-тарихта “Жеті Жарғы” деп аталатын қазақ әдет-ғұрып заңдарының (нормаларының) жинағы...Оның көптеген жол-жобалары мен нормалары ХХ ғасырдың басына дейін ауыл, ру ішіндегі қарым-қатынастарға қатысты болып келді” (32, б.122). Мақала мазмұнынан заңгерлердің “Жеті жарғыны” жаңа ғана зерттей бастағанын, оның құрамдас бөлігінде көптеген түсініксіз жағдайлар бар екенін, жекелеген дәстүрлердің мағынасын әлі де анықтауды керек ететінін аңғаруға болады. Мәселен мына бір жолдарды қалай түсінуге болады: “Осы жәйтте айта кететін бір дәстүр бар. Егер ханның өлімі өз қоластындағы тумаластарының бірінен болатын болса, онда ханның өлімі “құнсыз” болған. Себебі, ханды өлтіруші де халықты басқару өкілеттігіне ие дегендіктен. Мұндайда, әдет-ғұрып заңы бойынша, өлген ханның меншігіндегі мал-мүліктерін қарауындағы халықтардың қолы жеткендері талап алушылық – жолды заң деп есептелген. Оны халық “хан талапай” деп атады. Бұл да ханға қастандық жасатпаудың айла-шарғысы” (32, б.132).

Біріншіден бұл айтылған пікірлерде жүйесіздік анық сезіледі, “хан талапайдың” ханға қастандық жасатпайтын кепіл шарт екеніне сену өте қиын. Екіншіден, хан талапай тек өлген ханның дүние-мүлкіне байланысты ғана қолданылатын әдет пе еді? Үшіншіден, ханның өлімі кімнің қолынан келсе де (мейлі жақын тумасы болсын) құнсыз, кексіз, аяқсыз қалуы мүмкін бе?! Бұл айтылған мәселелер бойынша заңгер ғалымдар бұдан да әрі зерттеулер жүргізіп, жоғарыда айтылған мәселелер туралы тың деректерді айналымға кіргізіп, өз пікірлерін дәлелдейді деп сенеміз.

“Жеті жарғыны” бұдан әрі зерттеудегі қиыншылық, мәселелер академик С.Зимановтың “Состояние и задачи разработки проблем обычного права казахов” мақаласында да көтеріледі. Бұл бағыттаға көптеген мәселелерді атай келіп С.Зиманов “Жеті жарғыны” бұдан әрі зерттеу кеңейту, тереңдету үшін тарихи зерттеулердің, ізденістердің қажет екенін ескертеді: “Если не удастся найти более полный рукописный вариант, то воссоздание ведущих норм и основного содержания “Жеты-Жаргы” по известным на сегодня отрывкам является важнейшей задачей исторической и историко-правоведческой науки” (33, с. 28).

“Жеті жарғы” мәселелері З.Кенжалиевтің “Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет” монографиясында да көтеріледі. Автордың пікірінше “Жеті жарғы” қазақ қоғамының ішкі мәселелеріне көбірек назар аударады және соған байланысты бірсыпыра жаңа нормаларды кіргізеді. З.Кенжалиев “Жарғы” мемлекеттік биліктің құқық түзу қызметінің өсіп-өніп, жаңа сатыға көтерілген тұсының туындысы және көрінісі” - деп есептейді (38, б. 83).

“Жеті жарғыға” қатысты тарихнамалық шолу, бұл тақырыпта әлі де салмақты зерттеу жұмыстарың жүргізілу қажеттігін көрсетеді. Оның бір бағыты тарихи-этнографиялық әдебиеттен “Жеті жарғыға” қатысты деректерді сүзіп алу, жүйелеу, тың пікірлер айту. Біздің кітапша осы мақсат биігінен көрінуге күш салады.

### § 3. “Жеті жарғы” туралы дерктер

Әз Тәуке ханның заманы, сол заманда түзілген “Жеті жарғы” туралы деректер қазақ ауыз әдебиетінің әр саласынан кездесіп қалады. Зерттеушілердің көпшілігі “Жеті жарғы” ел есінде айшықты афоризмдер, қанатты сөздер түрінде сақталды деген пікірде, олай болса кәзіргі ел аузында ескілікті, қария сөз аталып жүрген рухани дүниенің көпшілігі ғасырлар елегінен өткен “Жеті жарғының” сарқыншақтары, жұрнақтары деп есептеуге болады.

Қазақ шежіресінде “Жеті жарғы” көбнесе “Күлтөбенің басында күнде кеңес” деген атаумен белгілі. М.-Ж.Көпеев бұл туралы: “Күлтөбеде күнде кеңес” осы Әз Тәуке тұсында айтылған сөз. “Кері кеткен елдің кеңесі көп болады, Кедей елдің көш басшысы көп болады” деген сөз де сол заманда айтылған сөз болса керек” – деген қисынды жорамал айтады (45, б.8). Әз Тәукеден кейінгі “ақтабан шұбырынды”, жаппай кедейшілік пен жүдеушілік XVII ғ. соңы – XVIII ғ. басындағы мәліметтерге сынай қарауға мәжбүр еткен болуы керек.

Қ.Байболұлының “Төле бидің тарихы” шежіресінде “Жеті жарғыға” қатысты біраз әңгімелер бар: “Қазаққа қасқайтып жол көрсетіп, заң шығарып, өрнек салған себепті “Қасым ханның қасқа жолы” дейді. Сол Қасым ханның сызығымен елге жарлық жүргізген жағдайдан “Есім ханның ескі жолы” дейді. Оны жеңілдетіп Тәуке хан мен Төле бастаған үш бидің жобасы мынандай – ды...” (78, б.44).

Қазақ деректерінде “Жеті жарғы” қазақтың көне әдет-ғұрып заңдарынан бастау алатыны, “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы” атты заң ережелерімен тікелей сабақтас екені ылғи да ескертіліп отырылады. Қазақ шежіресінің кейбір құсқаларында мемлекеттің тірегі “сегіз санат” туралы айтылады. Осы “сегіз санаттың” да “Жеті жарғыға” қатысы тікелей болуы мүмкін. Қазақ деректерін бүгінгі күні ғылыми түрде жүйелеп, әсіресе ел аузында айтылып жүрген аңыз, билік шешімдері мен дауларды зерделі ғылыми талқыға салып, олардың маңындағы тарихи шындықты, түп нұсқаны, дәуір ерекшеліктерін анықтайтын уақыт келді. Қазақ шежіресінде, жалпы ауыз әдебиетінде мемлекет пен құқық туралы бірнеше мың жылдар қордаланған деректер мол. Олар әуел бастан біздің адами болмысымызды қалыптастырған өзге де рухани қазынаның арасында жүрген дүр моншақтай.

“Жеті жарғы” ережелерінің жазба түрде елге, ғылыми қауымға танылуы Ресей зерттеушілерінің ұлан-ғайыр еңбегіне байланысты. XVIII ғасырдың 30-шы жылдары басталған Қазақстанның Ресейге бағыну, бодандық процесімен қатар қазақ жерін, оның кен-қазына байлығын, оған қоса қазақ елінің мемлекеттік және қоғамдық құрылымын, оның ерекшеліктерін, мемлекеттік және құқықтық түсініктерін зерттеу де басталды. Кейде үстірт, кейде тиянақты пікірлер кездескенімен орыс зерттеушілері қазақ халқының әдет-ғұрып ережелерін біршама жақсы жинақтады. Бүгінгі күні “Жеті жарғыға” байланысты ғылыми зерттеулердің көпшілігі XVIII-XIX ғғ. орыс зерттеушілері жинақтаған әдет-ғұрып заңдарының ережелеріне сүйенеді.

Біздің пікірімізше “Жеті жарғыға” тікелей қатысты ережелерді алғаш хатқа түсіргендердің бірі 1731-1732 жылдары қазақтың Кіші жүзіне бодандық мәселесімен келген Ресей елшісі Мамет (Құтлымамед) Тевкелев. Оның күнделік жазбаларының ішінде қолданыста жүрген “Жеті жарғы” ережелері, хандықтың жағдайы, қоғамдық қарым-қатынас, жеке бастың, рудың т.б. әлеуметтік өмірдегі белсенді күштердің жағдайына қатысты мол деректер бар. Соның ішінен тек біреуіне ғана тоқталайық.

Алдымен қазақ еліндегі хан билігінің ерекшеліктері туралы. Әбілқайыр ханның Ресейге бодандық туралы өтінішпен елшілікті елмен ақылдаспай аттандырғаны белгілі, кейіннен Ресей елшілігін қарсы алған уақытта бұл мәселе ушығып ханның да, елшінің да өміріне тікелей қауіп туғызады: “...10 июня (1731 - Ж.А.) в собрание их, Абулхаир-хана и старшин кайсацких, Тевкелев был призван и от старшин спрашиван с великою яростью и гневом, зачем он, Тевкелев, к ним в Киргиз-Кайсацкую орду приехал. На что Тевкелев им отвечивал, что он прислан в Киргис-Кайсацкую орду по указу е.и.в. своей всемилостивейшей государыни империтрицы всероссийской з грамотою к Абулхаир-хану и ко всему киргиз-кайсацкому войску, против прошения Абулхаир-



хана и словесного предложения посланцев их...Что услыша, оная старшина начала говорить Абулхаир-хану, для какой притчины просил он, хан, подданства российского один без согласия их, киргизских старшин, и приводит их в неволю. Из древних-де лет имеетца обычай, что ханы без совету старшин ничего неповинны чинить, а он то учинил без совету, и прещаше ему смертью” (37, с. 53).

Екінші мысал құн төлеуге байланысты. Қазақтармен қақтығыста Тевкелевтің жанындағы күзет Баба бидің інісі Байқараны атып өлтіреді. Осыған байланысты ірі дау туындайды: “Март 9 дня (1732 - Ж.А.) противной стороны старшина Бабабей и Джантума в кочевье его, Абулхаир-хана, переехали многолюдно и стали от обозу Тевкелева неподалеку. Тогда к переводчику Тевкелеву, прислали двух человек кайсаков, которья просили, чтоб он, Тевкелев, отдал им башкирца, при нем обретающегося, который застрелил брата Баба-бея, называемого Байкару. А ежели не отдаст, то они, особливо из лутчих, обретающихся при нем, ково поймав, изрубят в куски. Или б Тевкелев за того убитого Байкара заплатил по обыкновенному их из древних лет праву обыкновенному цену, а имянно: 100 лошадей, 1 панцырь, 1 ясыр, 1 кречет, 1 ружье доброе, 1 верблюд, понеже права их так гласят. А ежели истец того платежа (құн – Ж.А.) взять не пожелает, то отдается на смерть убийца. И оной старшина, показуя свою склонность, дает ему, Тевкелеву, из двух сих, что способнее учинить...” (37, с. 69).

“Жеті жарғы” ережелері туралы деректерді 1768-1774 жж. Ресей Академиясы ұйымдастырған экспедицияның жазбаларынан да мол кездестіреміз. Өкінішке орай П.С.Паллас, Г.Георги, И.Фальк, Н.П.Рычков мәліметтері толықтай сарапталып ғылыми айналысқа енген жоқ. Қазақ әдет-ғұрып заңдарының алғашқы жинақтаушылары деп М.Тевкелевтен кейін жоғарыда аталған саяхатшылар мен ғалымдардың аттарын атаймыз. Мәселен Н.П.Рычков П.С.Палласпен бірге де, қызмет бабымен өзі жеке де қазақтар туралы аса құнды мәліметтерді көп жинады. Олардың ішінде ерекше атап өтуге лайығы 1772 жылы жарияланған: “Дневные записки путешествия в киргис-кайсацкой степи, 1771 году”. Енді осы жазбалардан “Жеті жарғыға” қатысты бір-екі дерек келтірейік: “Убица не жертвует у них головою своею за убиенного, но вместо того за то платит он 100 лошадей, одного пленника, двух верблюдов, наилучший суконный кафтан, черную лисицу, ястреба или беркута, панцырь и другие военные снаряжения, ближайшему родственнику убиенного. Есть ли ж собственного достатка убийцы не достаёт на сию заплату, то взыскивают недостаток с его родни...Сей устав Киргизцы называют Кун” (71, с. 24).

“Изувечить человека почитается у них за половину убийства; а по тому половину должен платить изувеченному противу совершенного убийства” (71, с. 24).

“Есть ли невеста по день сочетания своего сохранила себя безпорочну, то брачное пиршество отправляется с веселием, есть ли случится тому противное, то бывшие при оной церемонии сваты заколют убранную женихову лошадь, и в мелкие куски изрежут его одежду, означая тем самым неблагополучие сочетавшихся” (71, с.30).

1768-1774 жж. жүргізілген академиялық зерттеулердің қазақ әдет-ғұрып заңдарын, оның ішінде “Жеті жарғыны” қалпына келтіруге, терең түсінуге қосатын үлесі мол екені жоғарыдағы мысалдар көрсетеді.

Қазақ халқының мемлекет және құқық туралы түсініктерін толықтыра түсетін XVIII ғасыр дерегінің бірі И.Г.Андреевтің “Описание Средней орды киргиз-кайсаков” еңбегі. Көп жылдар шекаралық қызметте болып, қазақпен жақын араласқан капитан И.Г.Андреев әдет-ғұрып заңдары туралы тамаша мысалдар келтірілген. Олардың бәрін жинақтаса Г.И.Спасский, А.И.Левшин жазбаларынан бір де кем емес. Мәселен кітаптың “О нравах и поведения” бөлімінде: “... признанной же вор во всяком воровстве платит, у кого он украл в девятеро (тоғыз-Ж.А.), под строгим же весьма наблюдением. Ежели добрый человек знает вора, который украл, и на него докажет, то он должен жизнь свою оному отмщать, и ничем иным, как барантою, яко с виновного. Будь муж убьет жену до смерти, то не точею вступается отец, мать или родственники, но и вся та волость, поставя себя за бесчестье, и взыскивают потомуж великий кун, из которого главные-

вещи; баба или девка, панцири, колчуги-отдаются отцу или матери, а лошадей и прочий скот разделяют по себе по частям...” (4, с. 59).

И.Г.Андреев жазбаларының ішінде қазақ руларының өз ара барымтасы, кісі өлімі, құн даулау, шабу, өлім жазасы т.б. азаматтық және қылмыстық құқық ережелері қызықты. Өскемен мен Орта Ертіс бойы қазақтарын суреттей келе И.Г.Андреев бура-найман және сибан-керей рулары арасындағы кісі өліміне байланысты туындаған үлкен қақтығыс туралы жазып, аса құнды деректердің жиынтығын береді (4, с. 83-86).

Әдет-ғұрып заңдарына қатысты зерттеулерде көп аталатын дерек көзі Я.Гавердовскийдің жазбалары. Ол ХІХ ғ. басында Хиуға бара жатқан жерінде қазақтардың қолына тұтқын болып түсіп, қазақ дәстүрлерінің өз көзімен көріп баяндайды. Оның жинақтаған этнографиялық деректері қызықты болғанымен, бір жүйеге түспеген (19). Екінші бір дерек Г.И.Спасскийдің жаппас руының биі Көбек Шүкірәліұлынан 1804 жылы жазып алған ережелері. Г.И.Спасский бұл ережелерді (жалпы саны-11) 1820 жылы “Сибирский вестник” журналында жариялады (75).

Г.И.Спасский “Жеті жарғыны” өмірге ХVІІ ғасырдың 70-жылдарында келді деп есептейді. Оның басты себебі Қазақ хандығына сыртқы қауіптің күшеюі. Екінші себеп Жоңғария басшысы Галдан Бошогтудың да 1640 жылғы “Цааджин бічіг (Их цааз)” сияқты ойрат-моңғол заңдарына өзгеріс енгізу талпынысы. Қалмақтармен тікелей қарым-қатынас жасап отырған қазақ билеушілері де, оның ішінде Тәуке хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би т.б. мемлекет билігін нығайту шараларын қарастыруы заңды.

Г.И.Спасский жазып алған ережелер қазақ қоғамының әкімшілік, қылмыстық, азаматтық тәртібін аз да болса суреттеп бере алады. Соның ішінде ұрлыққа қолданылатын айып түрлері-“үйірімен үш тоғыз” т.б. бар. Тек Көбек бидің адам құны 200 жылқы дегені бізге белгілі деректермен дәлелдене қоймайды. Мүмкін бұл жерде құнға қосымша берілетін “алты жақсы” есептеліп отырған болар (75, с. 185-188).

Қазақ тарихын, әдет-ғұрпын, дәстүрлі мәдениетін зерттеуші ғалымдарға, жалпы халыққа танымал еңбек А.И.Левшиннің “Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей” кітабы. Осы еңбектің 2-3 бөлімдерінен қазақтың әдет-ғұрып заңдарына қатысты, оның ішінде “Жеті жарғыға” тікелей байланысты ережелерді кездестіреміз. Олардың бәрін ХІХ ғасырдың соңында жинақтап алғаш рет 34 ережеге бөлген Ф.И.Леонтович болатын (52, с.244-245). Кейін бұл жүйелеуді Я.И.Гурлянд қолдады да ғылыми әдебиетке Г.И.Спасскийдің ережелері 11, ал А.И.Левшиндікі 34 фрагмент деп еніп кетті. Шын мәнінде бұл зерттеушілер “Жеті жарғыны” жүйеленбеген қалпында жариялаған болатын.

А.И.Левшиннің жинақтаған “Жеті жарғы” ережелері бүгінгі күні ең толық нұсқасы деп есептеледі. Қазақ хандығының құрылымдық жүйесі, әр түрлі этно-әлеуметтік қатынас ережелері, қылмыс түрлері туралы түсініктері, жаза түрлері т.б. осы кітаптан табылып жатады. А.И.Левшин “Жеті жарғы” ережелерінің Өз Тәуке хан тұсында қабылданғанын айта келіп, Орта және Ұлы жүз қазақтарының дәстүрлі заңдары өте ертеден бастау алатынын ескертеді: “Киргизы Большой и Средней Орд утверждають, что народные законы их гораздо древнее хана Тявки” (51, ч. 3, с.170). Бұл өте қисынды пікір, себебі қазақ әдет-ғұрып заңдарының түп негізі өте көне замандарға бастайды, олар көшпелілікпен біте қайнасқан бірнеше мың жылдық тарихы бар қазына. Біз А.И.Левшин жинақтаған “Жеті жарғы” оқушы қауымға белгілі болғандықтан оның мазмұны жөнінде, құндылығы туралы айтуды артық көріп отырмыз.

Көлемі жағынан А.И.Левшин жинағынан бірнеше есе үлкен, жинақталған уақыты одан да әрі тағы бір деректік қабілеті күшті заң ережелері зерттеушілер назарынан тыс қалып келе жатыр. Ол 1830 жылы “Отечественные записки” журналында жарияланған С.Б.Броневскийдің жазбалары. Зерттеуші кіріспесінде “самосохранение начертало некоторые нужнейшие законы, по преданиям у них известные и в делах суда употребительные” деп атап көрсеткендей қазақ қоғамының тіршілігінің басты ерекшеліктерін көрсеткен 70 ережені тізген (16, с. 258-283). Өкінішке орай

А.И.Левшин кітабынан екі жыл бұрын жарияланған бұл ережелер әлі өз бағасын алған жоқ.

Деректерге қарағанда С.Б.Броневскийдің қазақ өмірін жақсы білгенін, әдет-ғұрып заңдарын жинақтауға тікелей қатысқанын аңғарамыз: “Собрание законов сих учинено из показаний искусных Биев и Муллово, они вообще у Киргизцев употребительны и редкой их незнает, но ни имени изобретателя, ни времени их принятия никто не помнит” (16, с. 284). С.Б.Броневскийдің бұл ескертпесі өте мағыналы, одан шығатын ең басты қорытынды қазақ қоғамындағы заң ережелері халықтың бәріне таныс, өмірге бейімделген, тілі жатық дүниелер. Том-том боп шығып жататын заңдар шынайы өмірге бөтен, халыққа түсініксіз болса қоғамды заңсыздық билейтіні анық. Сондықтан да аз болса сапалы болғанына не жетсін !

С.Б.Броневский жазбаларына үңіле келе, оның дені 1824-1825 жж. Батыс Сібір генерал-губернаторының тапсырмасымен жинақталған Орта жүз қазақтары заңдарының қысқаша көшірмесі екенін анықтаймыз. Талай уақыт архив қоймаларында жатып қалған бұл құнды құжаттың ішінде Орта жүздің Сібір атырабындағы белгілі билерінен жазылып алынған 208 ереже бар. Бұл құжаттың бір нұсқасы (Санкт-Петербург) 1948 жылы жарияланған “Материалы по казахскому обычному праву” жинағында жарияланды, бір нұсқасын біз Омбы мемлекеттік мұрағат қоймасынан тауып пайдаландық, дегенмен әлі де зерттейтін тың дүние болып отыр. Соңғысында аздаған айырмашылық бар екенін ескерте кеткенді дұрыс санаймыз.

Осы ережелердің бір көшірмесі Сенатор Губе арқылы Варшава университетінің кітапханасына түсіп, кейіннен (1876 ж.) профессор Д.Я.Самоковсовтың “Сборник обычного права сибирских инородцев” кітабында жарияланды (72). Оған сын пікірді Н.И.Гродеков, Н.Максимов еңбектерінен оқуға болады.

“Жеті жарғы” заңдарының бір қатары қазақ жерінің батыс аймағынан, бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығынан жиналды. Жоғарыда айтылған М.Тевкелев, А.И.Левшин деректері де көбінесе Кіші жүз қазақтарының дәстүрлеріне негізделген. Кіші жүз қазақтарының әдет-ғұрып заңдарын жаппай жинау жұмысы 1845 жылдан басталады. Оның көш басында Орынбор шекара комиссиясы тұрғанын айтқан жөн. Жергілікті жерлердегі хатшылар мен өзге де чиновниктер тапсырма бойынша 1846 жылы ондаған жазбалар тапсырды. Олардың ішінде тиянақты, терең еңбекпен жасалғандары да, асығыс, жүрді-барды жасалғандары да бар. Шекара комиссиясына түскен рапорттың ішінде ерекше атай кететін құжат поручик Аитовтың рапорты. Бұл көлемі шағын болғынымен деректік қабілеті жоғары құжат “Кіріспе” бөлімінің өзімен-ақ қызықтырады. Орынбор комиссиясының төрағасы атына жазылған бұл рапорттың алғашқы бетінде Аитов өзінің қазақ әдет-ғұрып заңдарын терең білетіндігін танытады. Қазақ арасында кең тараған “барымта” туралы айта келіп, оған қарсы Ресей үкіметінің қатал жаза беруін Аитов дұрыс санамайды. Ол төрағадан барымтаға қарсы жазаны жеңілдету керектігін өтінеді: “Обстоятельство это я долгим поставил объяснить Вашему Превосходительству для соображения, не признаете ли вы полезным исходатайствовать о смягчений меры наказания за баранту, которая строгостью наказания, обвиненным в оной, не прекращается, но усиливается взысканием Куна за осужденных и сосланных” (57, с. 98).

Жергілікті жерден келген рапорттарды жинақтап алған соң Орынбор шекара комиссиясы арнайы тапсырмамен д,Андре мен Григорьевті ел арасына шығарып Кіші жүздің негізгі аудандарынан әдет-ғұрып заңдарын жаппай жинауды бастады. Алты ай бойы жинақталған материалдардың негізінде д,Андре өзінің белгілі “Описание киргизских обычаев, имеющих в орде силу закона” атты еңбегін жазды. Бұл көлемді еңбек зерттеушілер арасында танымал болғандықтан бұдан әрі тоқталудың қажеті аз. Бірақ басқа белгілі деректер сияқты д,Андре жазбаларын терең ғылыми негізде игеру жұмысы, бұл шаруаға құқықтанудан басқа да мамандық иелері қатысуы кезек күттірмейтін іс.

XIX ғасырдың 70-80-ші жылдары “Жеті жарғыға” қатысты бірсыпыра еңбек жасалды. Олардың ішінде ерекше атап өтілуге тиістері Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф.Баллюзектің “Народные обычаи имевшие, а отчасти и ныне имеющие, в Малой киргизской орде силу

закона” (1871 ж.), И.А.Козловтың “Обычное право киргизов” (1882 ж.), П.Е.Маковецкийдің “Материалы для изучения юридических обычаев киргизов” (1886 ж.), Г.Загряжскийдің “Юридические обычаи киргизов и о народном суде у кочевого населения Туркестанского края” (1876 ж.) т.б..

Бұл аталған еңбектердің бәрі де бір жағынан авторлардың терең білімімен, екінші жағынан ел ішінен жинақталған нақты ереже деректерімен тәнті қылады. Зерттеушілер қазақ тұрмысын, қоғамдық өмірінің ерекшеліктерін, қазақ менталитетін терең түсінген, күнделікті тіршіліктің калтарысында қалып қоятын мемлекеттік және құқықтық түсініктерін анықтап көре білген адамдар. “Жеті жарғы” зерттеушілері үшін осы аталған еңбектердегі ережелер ғана емес, авторлардың терең пікірлері құнды, талғамы, ғылыми бағасы қымбат.

Қазақ әдет-ғұрып заңдарына арнап арнайы еңбек жазбағанымен өз кітаптарында және мақалаларында әдет-ғұрып заңдары мен түсініктеріне қатысты жарқын пікір білдірген адамдар, тың деректерді айналысқа қосқан зерттеушілер қатарына М.Красовский, А.К.Гейнс, Я.И.Гурлянд, И.Ибрагимов, И.И.Крафт, А.И.Крахалев, А.А.Леонтьев, Н.Максимов, Л.Мейер, В.И.Мякутин, М.Шорманов, Б.Ю.Юзефович т.б. Осы аты аталған зерттеушілердің әр қайсысы туралы жеке зерттеу еңбек жазуға болар еді, ол үшін олардың әдет-ғұрып заңдарын жинақтауға, талдауға қатысты жасаған жұмысына алдымен баға беру керек болады.

“Жеті жарғыға” қатысты көптеген деректер ХХ ғасырдың 30-шы жылдарына дейін өмір сүріп келді. Олардың кейбірі қоғамдық қолданыста белгілі функционалдық қызмет атқарса, кейбіреулері өткеннің сарқыншағы есепті елдің ауыз екі әңгімесінде, иә болмаса моральдық құндылықтарға қатысты мақал-мәтел есебінде қолданылды. Қайткен күнде де қазақтың әдет-ғұрып ережелері өзінің өміршеңдігін дәлелді. Ендігі осыған байланысты ғалымдардың алдындағы зор міндет - “Жеті жарғының”, қазақтың әдет-ғұрып заңдарының қайнар көздерін анықтау, терең зерттеу. Бұл жұмыс тек заңгерлердің ғана емес, тарихшылар мен этнологтардың, фольклор танушы т.б. ғылым салаларының басы қосылатын қиын да қызықты шаруа. Қазақтың әдет-ғұрып заңдарының білгір зерттеушісі, заңгер С.Зиманов “одно из условий плодотворного и активного изучения всего комплекса проблем-достоверное и глубокое знание источников обычного права” – деп деректердің зерттеушілер үшін құндылығын ерекше айтады (с. 27). Әлі де игерілмеген дерек көздерінің бар екендігі С.Зимановтың өз тәжірибесінен де белгілі. Ғалым 1961-1963 жылдары Орта жүздің атақты биі Саққұлақтың қолжазбасынан “Жеті жарғыға” тікелей қатысты деректерді тапты (33, с. 28).

Белгілі зерттеуші З.Кенжалиев біздің ойымызды бекіте түседі, оның пікірі бойынша “әдет-ғұрыптық қағидалар, нормалар биресми күйде өмір сүру арқылы халық тұрмысына, оның қажеттілігін өтеуге барынша жақын және бейім келеді” (38, с. 88).

Әдет-ғұрып заңдарының нысандарын, деректерін ел ауыз әдебиетінен іздеу фольклор танушы, немесе этнолог мамандардың қатысуымен іске асқаны жөн. Оған бір себеп соңғы кезде “бәленше ақынның, жыраудың сөзі – мыс” деп ойдан шығарып айтылып жүрген нақыл, өтірік жырлар көп. Олардың арасында өз сөзін Бұқар жырауға, Қожаберген батырға, Төлебиге теліп жүрген әдебиет пен тарихтың дилетанттары бар (11, 84). Әрине мұндай жалған деректер ғылымға пайда келтірмейді.

## II тарау. Қазақ жеріндегі мемлекет пен құқық тарихына шолу

### § 1. Алаша хан мен Уыз хан заманы

Қазақ әдет-ғұрып заңдарының жалпы мазмұнынан көне дәуірлердің елесі атой береді. Ережелердің көпшілігі Алаша хан, Уыз хан сияқты ертедегідей алыс заманның көш басшыларының соңынан ел боламыз, жұрт боламыз деп еріп келе жатқан батыр жауынгерлер сияқты. Кейде бір ережелерден салтанатты көшті, мұнарланған қаланы, салиқалы ақсақалды көргендей боласың, мүмкін Жошы хан мен Әз Жәнібек ханның, Орыс ханның замандары болар. Кейбір ережелер Қасым ханның дәуірінде әдет-ғұрып заңдарының қатарына енген болар, ал Есім хан қай ережелерде жүр екен?

“Жеті жарғы” – тек заң ережелері ғана емес, мемлекеттік құрылыс және билік нышаны. Қай жағынан келсек те “Жеті жарғы” күрделі ұғым. Оны дұрыс және терең түсіну үшін тарихи зерттеулер қажеттілігі анық. “Жеті жарғының” тамыры ғасырлардың қойнауына бастайды. Қазақтың әдет-ғұрып заңдарының тамаша зерттеушісінің бірі А.Леонтьев осы мәселені әдемі айта білді: “Обычное право киргиз (казахов – Ж.А.) живет в памяти народа, выраженное в многочисленных юридических пословицах, которые поражают исследователя своим обилием. Происхождение этих пословиц приписывается обыкновенно или хану Тявке, или какому либо другому хану или бию, выдающемуся по своей мудрости и справедливости. Но конечно – многие из них очень древнего происхождения и составлялись значительно ранее Тявки” (53, с. 115-116).

Евразия көшпелілерінің мемлекеттілігі көп мың жылдық тарихында талай рет өрлеу, талай рет құлдырау дәуірін бастан кешірді. Тарихи уақытты қабылдау циклдік жүйеге құрылғандықтан белгілі бір уақытты көшпелілер белгілі бір адаммен байланыстырады. Мәселен, көне заман – Алаша хан, сақ-ғұн кезеңіндегі тарихи оқиғалар – Уыз ханмен, Орта ғасырлар Жошы, Әз жәнібек, Асан қайғы, Едіге аттарымен, бертінгі уақыт Қасым хан, Есім хан, Тәуке ханмен тікелей байланысты жүйеленеді. Түп-тамыры көне дәуірге бастайтын қазақ мемлекеттік құрылысы да, заңдары да ХҮІІІ ғ. Тәуке хан атымен байланыстырылатыны сол себепті.

М.-Ж.Көпейұлының жазуы бойынша қазақтың ең алғашқы ұлыс құрған, заң түзеген уақыты Алаша хан заманы: “Алаш – деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда “Алаш-Алаш” деп шабындар, “Алаш” демегенді әкең де болса ұрып жыға беріндер” деп бата қылысыпты. “Кеше Алаш-Алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш болғанда, ұранымыз “Алаш” болғанда, үш жүздің баласы қазақ емес пе едік” деп айтылған сөз содан қалған” (45, б. 6).

Шежіре мәтініндегі “бата қылысу”, айтылған “сөз” т.б. ұғымдар Алаш құрамына енген тайпалардың өз ара келісімі, ортақ билігі, ережесі болғанына айғақ. Бұл заман қаншама көне болғанымен қазақ жадында қанатты сөздер, ауыз екі билік үлгілері арқылы жақсы сақталған. Алаш заманы біздің шамалауымызша неолит-энеолит дәуірлеріне сәкес келеді. Хронологиялық межеге салсақ бұл б.э.д. V-III мыңжылдықтар, ұлы Евразиялық далалық кеңістікте жылқыны қолға үйретіп, бақташы тайпалардың тарих сахнасына шыға бастаған уақыты. Шежіреде “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы бидің”, Қотан, Қоғам, Қобан сияқты аңыздарда кездесетін мифтік тұлғалардың аталуы осы уақыт межесін көрсетеді. Шежіредегі “ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел болуды, жұрт болуды ойлаңдар”, “күндердің күнінде осы бала хан болады, сендер қараша боласыңдар. Хан әділ болса, қарашасы табанды болса, қара жерден кеме жүргізеді”, “үйқыны бұзып жылқы алды, күймені бұзып қыз алды” т.б. нақыл сөздер биліктің жаңа қалыптаса бастағанын, алғашқы дәуірдегі хаостың орнына мемлекет билігі, құқық туралы түсініктердің беки бастағанын түспалдайды.

Қазақ ұғымында елдік дәстүрлердің, әдет-ғұрыптың, адам сүйгіштік пен қайырымдылықтың үлгісі Алашамен байланысты қалыптасқан. Соның ішінде қазақи салттың өзегі “қонақасы” дәстүрі де бар. Қазақ түсінігі бойынша әрбір жолаушы адам “құдайы қонақ”. Оның ас-суын беріп, қондырып, мұқтажын ашу міндет. Ертерек уақытта жолаушы қонақасы жемесе сол елдің биіне барып, арыз айтып, кінәлілердан “ат-тон” айып алатын дәстүр болған. Осы қонақасы “Алаштан қалған

бөлінбеген енші” деген ұғымға негізделеді. Л.Ф.Баллюзек (1871 ж.) (Сейдалин деректерінің негізінде) қазақ дәстүрінің қайнар көзін былай баяндайды:

“Первый казахский родоначальник Алаш, по старости своих лет, отложив часть имевшегося у него скота себе, остальное разделил между тремя сыновьями, от которых происходят ныне существующие три орды: большая, средняя и малая, назвал доставшуюся каждому из них долю инчою (енші – Ж.А.) т.е. неотъемлемою и неприкосновенною собственностью каждого из них...

- Но прибавил он потом, - так как по условиям вашей кочевой жизни, по роду занятия вашего скотоводством и по отчужденности вашей от оседлой жизни с ее торговлею и базаром ...то вам вечный завет: не берите при взаимном посещении вашем друг друга платы за съестные припасы, будьте друг к другу постоянно как бы приглашенными в гости, пользуйтесь таким образом друг к другу правом конак-асы ...- на что примите от меня еще оставшуюся у меня четвертую долю имущества и считайте ее уже не исключительно которого-либо из вас собственностью, а общим достоянием и как бы неразделенною между вами на веки веков инчою (Алаштан қалған бөлінбеген енші – Ж.А.)...

Другое, не менее конак-асы завещанное постомству мудрым Алашем добро – это – жылу, т.е. вспомоществование погоревшим, или разоренным от неприятельского набега, или пострадавшим от суровой зимы родовичам” (13, с.156-157).

Біздің пікірімізше бұл баяндалған әдет-ғұрып ережелері қазақ қоғамындағы ең түпкілікті қасиеттер болып табылады. Қазақ қоғамының өзегі рулық қатынастар, туысқанға көмек-міндетті парыз. Жоғарыда көрсетілген “конакасы”, “ортақ енші”, “жылу” сияқты қайырымдылық нормаларынан бас тартқан адам өзіне бүкіл руды, қоғамды қарсы қойып алады. Мұның бәрі келіп не айып төлеуге, немесе одан да ауыр жаза саналатын өз руластары мен бөгде елдің алдында жексұрын атанмаға, тіпті қоғамдық жиын-тойлардан шеттетуге алып келеді.

Осы субстраттық дәстүрлер мен құндылықтар беки бастаған уақыт - Алаша хан заманы, қазақ шежіресінде мығым орын алатыны осы себептен. “Қазақтың басын құрап, біріктіріп, орын тептірген-Алаша хан. Сонан бері “Алаш” ұранды қазақбайдың баласы жанжал, ұрыс-төбелес болса, “Алаш-Алаш” деп айғай салса естіген қазақта ес қалмайды” (45, б.7).

Қазақ шежіресі сак, ғұн, ашина-түркілері өз ара жалғасқан көне заманның қараңғы бір кезеңін Уыз ханмен байланыстырады. Рашид ад-Диннің “Жамиғ ат-тауарих” Әбілғазы бахадүр ханның “Түрік шежіресіне”, “Оғыз наме” дастанына қарасақ бұл заман Евразияның ұлы даласында көшпелілердің империя құрған, төрт құбылаға тұтас билігі жүрген, әлем халықтарын тізе бүкітірген өктем шағына ұқсайды. Империялық биліктің қайнар көзі қазақ сахарасын мекендеген көшпелілер дүниетанымы. Әбілғазының айтуы бойынша Уыз ханның әкесі Қара хан, оның атасы Моңғол хан, арғы атасы-Түрік, арғы бабасы-Алаша хан. Шежіреге қарағанда ықылым заманнан бері бұл патшалық әулет жазда қазақ сахарасын мекендейді: “Моңғол хан көп жылдар патшалық құрды, төрт ұлы бар еді. Үлкені – Қара хан, екіншісі - Өз хан, үшіншісі – Көз хан, төртіншісі – Көр хан. Моңғол хан бұл дүниеден өтерінде орнына балаларының үлкені Қара ханды қойып кетті – дейді ұлы шежіреші. Қара хан әкесінен кейін бүкіл елге патшалық құрды. Жазды күні ол Ер тақ және Кер тақ деген тауларды жайлар еді, кәзіргі күні бұл таулар Ұлы тау және Кіші тау аталады. Ал қыс түскенде Қарақұмды және Сыр өзенінің жағасын қыстар еді” (7).

Осы Қара ханнан әлемге атағы жайылған Уыз хан өмірге келеді, оның шежіресін қазақ тарихының терең білгірі, ғұлама М.-Ж.Көпейұлы тамылжыта баяндайды. Уыз ханның тарихы-көшпелілердің империялық дәуірге аяқ басқан уақыты: “Әуел баста Нұқ пайғамбардан тарап бөлінгенде Жаппас (Яфет-Ж.А.) деген баласынан Түрік, одан Түтік, одан Қой, одан Еділше, одан Алаша, одан Моңғол мен Татар. Моңғолдан Қара хан, одан Уыз хан. Осы Уыз ханнан өрбіп, өнген нәсілден тарадық. Киіз үй сол Уыз ханның жасатқан үйі. Киіз туырлықты қазақ, уыз үйлі атанғаны содан” – деп жазады М.-Ж.Көпейұлы (45, б.12).

Қазақ шежіресі “Уыз өскен соң ұлығ патша болып, дүние жүзіне әмірі жүріп, көп уәләяттарды алып, қанша жұртты мұсылман қылды” – деп көшпелі тайпалардың империялық билік сатысына өткенін, адам баласын алға жетелейтін негізгі саяси фактор есебінде күрделі билік институттарын құрғанын мәлімдейді. Шежіредегі “мұсылмандық” - шартты ұғым, тарихи мәліметтер бойынша бұл кезең көшпелілердің адамзат баласының алды болып мәжусилік қараңғылықтан “Бір Тәңірі” деп жаратушыны мойындай бастаған кезеңі.

Уыз ханға байланысты тарихи аңыздардың ішінде ерекше назар аударатыны қазақтың “тоғыз” аталатын салтына қатысты деректер: “Киіз үйді осы Уыз жасатып, ызуынан шығарып, соның хақында үлкен той жасап, тоғыз жүз жылқы, тоқсан мың қой сойғызды. Былғарыдан тоқсан тоғыз саба тіктіріп, тоқсанына қымыз, тоғызына шарап толтырып, барлық нөкерлерін шақырып сол киіз үйді тігіп қойған. Сол үшін атамыз Уыз екені анық аталады. Уыз арғы бабам Түріктен өзіме шейін *тоғыз атаға шейін хандық үзілмей келді деп, әр нәрсенің дара жасы тоғыз тоғыздан болсын деп ырым қылған екен. Сол үшін қазақ жұртында түйе бастатқан тоғыз мал байлайды. Торқалы тойға тоғыз, топырақты өлімге тоғыз бастатып сый-сияпат қылысады*”.

“Тоғыз” қазақтың әдет-ғұрып ережелерінің ішінде берік орын алған түсінік. Қазақ шежіресі оның шығу тарихын бір жағынан генеалогиялық жүйемен байланыстырса (тоғыз ата бойынша туыстық жалғастық), екіншіден саяси орнықтылықпен тікелей байланыстырады (тоғыз ата бойы биліктің үзілмеуі). Бұл салт бертінге дейін әдет-ғұрып заңдары аясында қарым-қатынас құралы болып қызмет атқарды. Сонымен бірге негізгі мағынасын сақтап қалуы да кездеседі. Мәселен, ерте уақытта, жерге жеке меншікті мойындай қоймайтын кезде, бір жерде (қыстау) адамның қанша жыл мекен еткеніне қарайды. Егер ол бір жерде үзбей тоғыз жыл отырса, онда сол жер сол кісінің меншігі есепті (42, ч.3, с. 213).

Уыз хан заманындағы Евразия көшпелілерінің мемлекеттік – саяси құрылысы, этникалық құрылымының ерекшеліктері “Оғыз-намә” жырынан көрініс береді. Олардың ішінде көзге түсетіні билік дәстүрлері, әкімшілік құрылым, мұрагерлік мәселелері. Мәселен, Уыз хан қалың әскерімен Шам елінде жүргенде болған екен – мыс деп шежіре мынадай бір әңгімені айтады: “Ол жорықта Уыздың қасында бір ақылғөй қария бар еді. Оның аты Ұлық Түрік еді. Сол қария бір күні түс көреді, түсінде бір алтын жақ, үш күміс оқ көреді. Ұйқыдан тұрып түсінде көргенін Уыз ханға білдіреді...Ақылмен жүрді. Уыз қаған Ұлық Түріктің сөзін жақсы көрді, ақылын сұрады.

Уыз ханның алты ұлы бар еді. Ұлық Түріктің ұсынысы бойынша үш үлкен ұлын шығыс жаққа жұмсады, үш кіші ұлын күн батысқа жұмсады. “Күн, Ай, Жұлдыз (Уыздың балаларының аттары – Ж.А.)көп аң, көп құс аулаған соң, жолда бір алтын жақ тауып алды, атасына әкеп берді...Тағы онан соң Көк, Тау, Теңіз көп аң, көп құс аулаған соң, жолда үш күміс оқ тауып алды, атасына әкеп берді.

-Сіз үш үлкен ұлым, - деді уыз хан, алтын жақ тауып әкелдіңдер және оны бұзып алдыңыздар. Сіздер бүгіннен бастап қиямет қайым болғанша “Бұзоқ” атанасындар.

-Сіз үш кіші ұлым, үш оқ тауып әкелдіңіздер, сіздер “үшоқ” атанасыздар.

-Жақты және оқты тапқандарың адамның ісі емес, тәңірінің бұйрығы. Бізден бұрын өмір сүрген халық жақты патшаға теңеп, өздерін оқпыз деп білген. Мен өлгеннен кейін Күн хан менің тағыма отырсын, - деп өсиет қылды Уыз хан. Ақыр заман болғанша Бұзоқтың бір жақсысы патша болып, өзгелері дүние таусылғанша нөкерлікке риза болсын!” (66, б.40-41).

## §. 2. Ғұн және түрік заманы

Орталық Азия халықтарының әдет-ғұрып заңдары туралы алғашқы жазба деректер ғұн дәуірінен басталады. Қытай жылнамаларын қарап отырып б.э.д. III-II жүз жылдар бұрын Арқа мен Алтай арасында атой салып жүрген көшпелі тайпалардың тұрмыс-тіршілігі мемлекет пен құқық туралы түсініктері туралы хабар аламыз.

Мөде шаньюйдің баласы Лаушан-гию Қытай патшасына жазған хатында "Ғұндардың қолдануға жеңіл және ыңғайлы заңдары бар. Ғұн елін шаньюй бір атаның баласындай басқарады, қарамағындағы қызметкерлермен қарым-қатынасы қарапайым" деп хабар береді. Бұл дерек б. э. д. ғұн өркениеті тек мемлекет емес құқықты да туғызғанын дәлелдейді: "Көшпелілердің заңын орындаудан бас тартқандары, өлім жазасына кесіледі, ал енді ұрлық, адам өлтіру сияқты қылмыстарды билердің өздері не құн төлеу, не кек қайтару арқылы шаньюйге жеткізбей шешеді". " Құн орнына жылқы мен қойдан төледі. Ал енді қашқындар мен сатқындарды ешкім де өз көшінде сақтауға болмайды. Оларды құмға қарай қуады, ол жерден тірі қайту мүмкін емес"-дейді Ғұн орасының биі (15, б.47-48).

Ғұн заңдарының көпшілігі қылмысқа қарсы өлім жазасын ұсынғанымен, ұрлықтың өзін кісі өлтірумен қатар қойып, өлім жазасын талап етсе де, бұл жазаның бәрінен де құн төлеу арқылы құтылу мүмкіндігін қарастырды. Қылмыс жазасы қашанда малға шағылады-бұл да көшпелілер өміріндегі шаруашылық қауымының орнын күшейтеді.

Ғұн заңдарының екінші бір ерекшелігі, барымтаға рұқсат берілуі. Өз ішінде қалыптасқан тәртіпке байланысты есесі кетіп бара жатқан ғұн өзінің билерімен келісіп, қарсы жақты (руды) шауып есесін қайтаруға хақылы.

Ғұн заңдарынан аңғарылатын бір басты ерекшелік-мемлекеттік тәртіптің күші. Әкімшілік жүйенің басты ерекшелігі әскери-қосын заңы, әр адам, әр ру, әр халық өзіне арналған орынды, алатын үлесін, олжасын алдын-ала біледі. Соғыс жағдайында, бейбіт уақытта қанша әскер шығару керек екенін, оның азығы, көлігі бәрі де алдын ала есептелген (23, с. 58).

Көне түріктің салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары көшпелілердің әлеуметтік өмірін реттейтін басты құрал есебінде қызмет жасады. Осы әдет-ғұрыптың құқықтық қызметін атқаратын өкілдерін түріктер "бек", "би" атайтын. Оларда тасқа басылған, қағазға жазылған заң болмаған сияқты. Бәрі де тұтас руханияттың құрамдас бөлігі есебінде өмір сүрді. Қарапайым өмір салты, күнделікті тіршілік заңдылығы әдет-ғұрып заңдарының өміршендігін қамтамасыз етті:

"Түріктің әдет-ғұрыптары: шашын жібереді, сол жақ етектері (шапанның) белбеуге қыстырулы (немесе сол жақ қапталы шапанның). Кигіз үйлерде, шатырларда өмір сүрді, шөптің шығымына, суға қарай көшіп қонып жүрді, мал шаруашылығымен, аң аулау мен айналысады, жейтіні ет, ішетіні қымыз, теріден, жүннен жасалған киімді киді. Көне хундар сияқты не сыпайылықты, не әділдікті білмейді, ар-ұяттары аз. Билеушісін таққа отырғызарда ең жақын бектері киізге отырғызып, күннің бағытымен тоғыз рет айналады. Сәлем ету аяқталған соң ерттеулі атқа мінгізіп, тамағын жібек орамалмен буындырып, содан кейін босатып тез сұрайды "қанша жыл хан бола аласың" деп.

Қару-жарақтары: мүйізден жасалған жақ пен ысқырғыш жебе қолданады, сауыт-сайман, найза-сүнгі, қылыш- қанжар бар.

Туларының сабына алтын басты қасқыр орнатылған. Жауынгерлерін бөрі (фуле) деп атайды (түріктің қасқырға қатысты генеалогиялық аңызы бар -Ж.А.). Ат үстінде садақпен дөп атады, табиғаты қатал, аяусыз, жазу-сызуы жоқ. Керек болған жағдайда адам, жылқы санын, алым-салық пен малға байланысты ағашқа керткі жасап санайды. Қағаздың орнындаған бұйрық райын алтын басты садақ жебесі, балауыз белгімен қоса атқарады. Олардың қылмыс заңдары бойынша: адам өлімі, ханға қарсылық, қарсы жауға өту, бөтеннің әйелінің қойнына бару, тұсаулы тұрған атты



ұрлау өлім жазасына кесіледі. Төбелесте болған кемтарлық үшін (жазым), ауырлығына қарамай мал - дүниемен құн төлейді. Көзін шығарса кінәлі жақ қызын береді, қызы жоқ болса, әйелінің жасауын береді, дененің бір жеріне зақым келтірсе, айыпқа ат төлейді, ат немесе басқа бір дүниені ұрлаған адам, ұрланған дүниенің құнын он есе қылып айып төлейді. Өлген адамның мәйітін шатырға сақтайды. Ұлдары, немерелері, екі жақтың туысқандары жылқы мен қой сойып, оны шатырдың алдына жайып тастайды құрбандық деп, өздері атқа мініп шатырды жеті рет айналады, осыдан кейін шатырға кірерде беттерін пышақпен жаралап, дауыс салады, қан мен жас сөйтіп қатар ағады. Осылай жеті рет жасайды да аяқтайды. Кейін белгіленген күні марқұмның мінген атын, тіршілікте қолданған заттарын мәйітпен бірге жағып жібереді, күлін жинап жылдың келісілген мезгілінде бейітке көмеді” (15, с.221-222).

"Тхань әулетінің тарихы" деп аталатын жылнама түркілердің құқықтық көзқарастарын толықтыра түседі. "Көтеріліс, сатқындық, адам өлімі, өзгенің әйелімен болған ойнас, шідерлеулі тұрған атты ұрлау - өлім жазасы. Төбелесте болған жазым үшін құн төлейді - ауыр-жеңіліне қарай. Көзін шығарса - қызын береді, қызы жоқ болса әйелінің жасауын береді, денесінің бір жеріне зақым келсе жылқымен төлейді, жылқы немесе басқа бірдеңе ұрлаған үшін оның өз құнынан 20 есе қылып қайтарады".

Міне, қазақ билігі немесе "Жеті жарғы" аталатын жолдың түп-тамыры.

### §. 3. Шыңғыс хан және Алтын Орда заманы

Мемлекет және құқық туралы Евразия көшпелілерінің түсініктеріне іргелі өзгерістерді Шыңғыс хан заманы енгізді. Бірақ зерттеушілер Шыңғыс ханның көшпелілерге енгізген тәртібі өзіне дейінгі дәстүрге сүйеніп жасалғанын ескертеді: “Таким образом очевидно, что Чингис-хан собрал все имеющиеся да него изустные законы, и этот то законодательный акт и составил “Великую Ясу” (23, с. 60).

Шыңғыс ханның “Яса”, немесе “Жасақ” заңдарының мәтіні толықтай жиналған жоқ, дегенмен Джувейни, Макризи, Хондемир сияқты араб-парсы тарихшыларынан бірсыпыра деректерді кездестіреміз. Ата-Мелик Джувейни “мұңғыл-татарда өзінде жазу-сызу болмағандықтан, балалар сауаттылыққа үйренсін деп Шыңғыс ұйғырдың ұстаздарын келтірді” дейді. Сонымен бірге “Жасақ” бойынша: “Мемлекет басының әр түрлі жарлықтары хатқа түсірілсін және әр түрлі құрылтай кезінде басшылыққа алынсын (әсіресе бір жорық жасарда, көрші елдерді бағындырады)” делінеді. “Жасақ” барлық діндерді қатар ұстауды талап етеді. Себебі Джувейнидің жазуына қарағанда “өздері ешқандай да бір дінге сенім білдірмейді” (67, б.63-64).

Мемлекеттік құрылысты нығайту үшін Шыңғыс хан түрік дәуірінен қалған әскери-әкімшілік жүйе “ондықты” пайдаланды. Ол үшін әр он адамның ішінен басшы сайлатып, оны жүздің ішіне, жүзді мыңның ішіне мықтап енгізді. Он мыңдықты түркі дәстүрімен “түмен” атады. Әр адам өз ондығына жауап беретін қылды, олардың ішінен бір адам қашса, қылмыс істесе қалған тоғызы жауап беретін қылды. Ұлы империяның бір шеті мен екінші шетін байланыстыратын сауда және керуен жолдарын, хат-хабар қызметін реттеді. Ұзын жолдардың бойына жәмші ашып, ол жерде жолаушы дем алып, ат ауыстыратын, ас-уақыт ішіп алатын мүмкіндік жасады. Осындай шаралардың арқасында мемлекеттік билік күшейіп, жергілікті келте билеушілердің мен-мендігі тиылды. Кең байтақ империя ішінде бейбіт тәртіп қалыптасты. “Жасақ” өзіне дейінгі рулық-көсемдік билік жүйесіне аса күшті соққы берді.

“Шыңғыс өзінің жарлықтарымен Жасақ деп аталатын кітап қалдырды, - деп жазады араб саяхатшысы Ибн Баттута 1350-шы жалдары. –Кімде-кім “Жасақтың” ережесін қолдамаса, орындамаса орнынан алынады. Жасақтың талабы бойынша, олар жылына бір рет жиналады, оны той немесе мереке деп атайды. Жер шарының әр қиырынан Шыңғыстың тұқымдары, әмірлері, қатындары мен әскер басылары бас қосады. Егер сұлтан Шыңғыстың ережелерін бұзса, басқалары орнынан тұрып: “Сен осы тәртіпті бұздың, мынаны былай істедің, сол себептен сені орныңнан аламыз, тайдырамыз биліктен” деп оны қолынан ұстап тақтан түсіреді де, Шыңғыстың тұқымынан өзге адамды отырғызады.

Ал белгілі әмірлердің бірі ережені бұзса қылмысына қарай сол елдің өз ішінде жазасын береді. Сұлтан Тармашырын бұл Жасақты өз елінде жойған еді. Ел бір жағынан соған, бір жағынан Тармашырынның шығыс аймаққа (Жетісу) келмегеніне өкпелі еді. Сол себептен төртінші жыл дегенде Алмалық қаласында Бұзан оғланды ақ кигізге салып хан көтеріп, Тармашырынды биліктен аластады. Бұзан оғлан қалың әскермен Самарқанд пен Бұқараға келіп өз иеліктерін түгендеп, Тармашырынды өлтірді” ( 35, с.86-90).

Шыңғыс заманында елдің тәртібін қатаң ұстайтын жаугершілік заңдар күшейіп, жау әскерінен қорқу, қашу үлкен қылмыс саналатын, сүйекке таңба деп есептелінетін еді. Оның бір жарқын мысалын Жошының өмірбаянынан кездестіреміз. 1216 жылы меркіт пен найман елдерін қуа келген Жошы Ырғыз-Торғай даласында Хорезм шах әскерлерімен жолықты. “Құпия шежіре” баяндайды: “Жошы хан Сұлтан Мұхаммедтің қуып жететінін көріп, бектерімен ақылдасты. Олар: “Шыңғыс хан бізді Сұлтан Мұхаммедпен соғысуға жіберген жоқ, шап деген елін шаптық. Жау көп, біз азбыз, сондықтан біз жүре берейік, егер бізді қуып, азғана әскер жетсе, онымен соғысайық” деді. Сонда Жошы тұрып “Ертең елге барғанда әкеме, ағаларыма не айтамын? Алыстан жауды көріп қаштық деймін бе?” деді де, бектерінің сөзін тыңдамай, жаумен соғысуға дайындалды.

Жошы хан алдыңғы әскермен Сұлтан Мұхаммед әскеріне қарсы шабуыл жасап, тушыға дейін жетіп, Сұлтан Мұхаммедтің қалқанын үш рет шапты. Шах әскері шегінуге жақын еді...” (62).

Хорезм шахтың жүрегіне мәңгі жазылмас үрей Салып кеткен соғыс осылай көзсіз ерліктің арқасында болған еді. Тәуелсіздікті аңсаған елге мемлекет құру үшін де ел намысы деп басын өлімге қиятын ерлер қажет болады. Евразия тарихына “Жошы ұлысы”, немесе Алтын Орда деген атақпен енген ұлыс та ерлік жолын тұтынған азаматтардың қажыр-қайратымен құрылды. Қазақ сахарасында өмірге келген бұл ірі мемлекеттік құрылым осы кезеңде дейін қордаланған әдет-ғұрып заңдарына, одан қалды соның құнарлы бөлігі жинақталған “Жасаққа” сүйенді.

Алтын Орда хандарының жанынан қара сүйек ішінен шыққан ірі жыраулар мен билерді көреміз. Олардың ішінде Әз Жәнібек ханның ақылшысы Асан қайғы, Тоқтамыспен ренжісетін Едіге би т.б. бар. Шығыс тұқымының билігі әлсіреген тұста қара сүйектен шыққан ел билеушілерінің күшейгенін Қият Мамай, Теңіз Бұқа, Исатай, Жыр Құтлы т.б. мысалынан көреміз. Осылардың ішінде қазақ әдет-ғұрып заңдарының одан әрі даму процесіне тікелей ықпал еткен Едіге би (Ел камын жеген Едіге) бар.

Едіге тек Ноғай Ордасының негізін салған ел басшысы емес, ол көшпелілердің құқықтық көзқарасын әрі қарай дамытқан заңгері. Қазақ аңыздары Едіге жас күнінде-ақ билік айта бастапты – мыс дейді. Сол биліктердің бір мысалы: “Күндердің күнінде екі кісі келе жатыр еді. Қой бағып жүрген балаларды көрді. Едіге балаларға айтты: “Өздеріңіз сәлем бермеңіз, егер сәлем берсе алыңыз. Сәлем бермейсіндер деп сөксе жауабын мен берейін” – дейді. Екі кісі келді. Балалар сәлем бермеді. Балалар неге сәлем бермедіндер” деді.

Едіге “бастан өздерің неге сәлем бермейсіндер?” деді. Екі кісі айтты: “Біз үлкен бе, жоқ сендер үлкен бе?”. Едіге айтты: “Біз үлкен”. Екі кісі: “Сендер қалай үлкен боласыңдар ?” -деді. “Егер мен тоқсан баланың жасын санап салсам сонда біз үлкен болмаймыз ба ?” - деді Едіге. Екі кісі сөзден жығылды да “бағанағы дауымызды осыған салайық” деді.

-“Ей бала, даулы болып Тоқтамыс ханға бара жатыр едік, енді дауымызды саған салғалы тұрмыз. Бітіресің бе ?”-деді. “Егер құдай аузыма салса бітіремін” деді.

-Олай болса мынау – Алшын атасы Көкжалды мерген. Мен Кеңестің ұлы Кенжанбаймын. Еділ мен Жайық менікі еді. Онан қашқан қоян да менікі еді. Жайықтың жағасында, Ақкөлдің сағасында жатқан ақ қоянды көрдім де, атайын деп мылтығымға кеттім. Мен мылтығымды алып келгенше Көкжалды атып алыпты. Осының төресін беріңіз” деді. “Сен қай жерден аттың?” деп Көкжалдыдан сұрады. Ол қанша жерден атқан мөлшерін көрсетті. “Егер бір төре берсем, екеуіңіз де көнесіздер бе?” деді. Екеуі де “көнеміз” деді. Баланың төресі қоянды алып бір балаға құшақтатты да Кеңестің Кенжанбайына айтты:

- Балаға тигізбестен атқан жерден ат, егер балаға тигізсең – құнын бер, оқ далаға кетсе – қояннан бейдамақ бол, тигізсең – қоян сенікі болады” деді. “Бұл төреге көнбеймін. Тоқтамыс ханға барамын” деп Кенжанбай ашуланды. Қайтып келді. “Ұстат балаңа, атамын” деді. Балаға дарытпастан қоянның қалаған жерінен тигізді. Едіге: “Ендеше бұрын көрген қоян сенікі” деді. Көкжалды: “бұл төреге көнбеймін” – деп ашуланады. Екеуі Тоқтамыс ханға барысты. Хан алдында Кенжанбай: “бір төре болып еді” деді. Тоқтамыс хан “қандай төре” деп сұрады. Кенжанбай баланың берген төресін айтты. Сонда Тоқтамыс хан: “Сол баланың төресі – төре, біз ондай төре алмаспыз да” – деді (24, б.751-753). Едіге бидің мемлекет қайраткері ретінде қызметі осы билігінен кейін басталады. Қазақ заманында Едіге айтқан билік шешімдер үлгі (прецедент) ретінде қолданылғаны қазақтың ауыз әдебиетінен белгілі.

#### §. 4. “Қасым ханның қасқа жолы”

Бірнеше мың жыл бойы Евразия көшпелілерінің жуан ортасында алаш туының астында болған қазақ руларының өз бетімен мемлекет құрған уақыты XV ғасырдың ортасы. Керей және Жәнібек хандардың кезінде мемлекеттік идеяның өміршендігі үшін күрескен қазақ рулары Жәнібек баласы Қасым хан кезінде мемлекетті нығайту, заң ережелерін бір қалыпқа келтіру, ішкі және сыртқы саяси ахуалға зандарды ыңғайлау мәселесіне кіріскенге ұқсайды.

Қазақ шежіресінде бұл кезең “Өз Жәнібектің тоғыз ұлы болыпты. Оның бірі - Қасым хан. Бұл тақты Сарайшықтан көшіріп Ұлытауға орнатыпты. Қазақты қатарға қосып кеткен осы Қасым хан. Қазақ ортасында “Қасым ханның қасқа жолы” делінетін сөз үлгі, қасиет болып қалды” (45, б.7) – деп суреттеледі.

“Қасым ханның қасқа жолы” туралы қазақтың ауыз екі әңгімелерінде аздаған мәліметтер кездесіп қалады. Академик Ә.Марғұлан “Қасым ханның қасқа жолы” заңдарын орта ғасырларда Қыпшақ, Шағатай ұлыстарында қолданылған “Ярғу” заңынан алынған, қазақша “Жарғы” деген ұғым береді деп есептеді. Бұл ұғымның түпкі мәні жару, нәрсенің салмаған бір жағына аудармай, дәл, әділ айтудан шыққан: “Дауды әділ, тура шешкен билерді халық бұқарасы ардақтап “қара қылды қақ жарған” деп мақтаған. Өзінің мазмұны бойынша, бұл заңның түбегейлі идеясы ежелгі әскери-демократия арнасына барып тіреледі. ХҮ ғ. соңында – ХҮІ ғ. басында Бұқардың ишан-қазылары қазақ өлкесіне діни үгіт таратып, “ежелгі Жарғы заңын қалдырыңдар. Ол көкке табынған дінсіздіктің ісі, оның орнына шариғат қағидасына ауысыңдар. Ант бергенде “көк соқсын” деп айтпандар, “құран соқсын” деп, құранды бастарыңа көтеріңдер” – деп үгіттейді. Бірақ, халық бұқарасы оған селқос қарап, көп заман шариғат қағидасына ойыса қоймады. Уақыттың көбін мал бағумен өткізген халық бұқарасы шариғат қағидаларын өте қиын деп ойлады” (56, б.541-542).

Ә. Марғұланның айтуы бойынша саяси жағдайдың шиеленіскен кезінде қалың қазақтың, оның басшылары от ауызды, орақ тілді, елге сыйлы билердің, ықпалымен Қасым хан ерте заманнан бері көшпелілер мойындап келген “Жарғы” заңын күшейтті. Осындай себепке байланысты “халық Қасымның шариғатты алмай, ежелден қалыптасқан билер заңы – “Жарғыны” жанадан көтергенін қатты ұнатып оны “Қасым ханның қасқа жолы” деп атап кетті”.

Қасым хан заманында қазақ елі хан ордасын Евразия көшпелілерінің ежелгі саяси-этникалық орталығы Ұлытауға көшіріп, Алаша хан атын қайта жаңғыртты. Қазақ елінің ұлттық идеясының мықты ірге тасы, қазақ қауымына біріккен сан алуан тайпалардың басын құрап отырған ортақ тамыр Алаша ханға арнап Ұлытауда Қасым хан биік күмбез орнатты. Олай болса “Қасым ханның қасқа жолы” тек құқықтық көзқарастардың жинағы ғана емес, ол ең алдымен қазақтың ел болу үшін, жұрт болу үшін күрес жолы.

Қазақтың басын құрап, өз бетімен ел қылып, найзамен шекарасын сызып кеткен Қасым ханнан қазасынан кейін хан билігі ұзақ уақытқа созылған дағдарысқа түсті. Осындай қысылтаяң кезде мемлекет билігін түзеу міндеті Шығай ханның ұлы, Тәуекел ханның інісі Есім хан иығына түсті.

## §. 5. “Есім ханның ескі жолы”

XVII ғасырдың басында алғашқы ширегіндегі мемлекет және құқық туралы түсініктерінің дені “Есім ханның ескі жолы” атты ережелермен байланысты. Қазақ шежіресі Есім ханның (1598-1630-шы жж.) қызметіне жоғары баға береді. XVIII ғасырда өмір сүрген әйгілі Бұқар жырау Абылай ханға “Сенен бұрын жеті ханды жебеледім, кешегі Еңсегей бойлы Ер Есімді де білемін. Сен оның бір түстігіне жарамайсың” деп айтуында да Есім ханға деген үлкен хошөмет сезіледі. Ер Есім туралы, оның заманында жаңа жүйеге түскен заң ережелері туралы Қазанғап Байболұлы, М.-Ж.Көпейұлы, Қ.Халид сияқты қазақ шежірешілері баяндайды (45; 78; 81). Құрбанғали Халид өз шежіресінде “Есім хан ұзын бойлы, денелі кісі болған соң “Еңсегей бойлы Ер Есім” деп дәріптеледі екен. Орыс ханның қызыл туы осының қолында қалған” деп жазады (81, б. 103). Қазақ хандарының бабасы Орыс хан Дәшті Қыпшақ, оның ішінде Ақ Орда дәулетіне билігі тұтас жүрген ірі хан болған. Алтын Орданың астан-кестені шығып жатқан уақытта өмір сүрген Орыс хан Ақсақ Темірді сахараға жолатпай, шекараны мығым ұстап отырғаны да, Алтын орданың туын құлатпаймын деп Сарай шаруасына да араласқаны белгілі.

Орыс ханның қызыл туына Есім ағасы Тәуекел хан Бұқара қаласы түбінде өзбекпен соғыста жараланып, Ташкентте қайтыс болғаннан кейін ие болды. Самарқанд ол кезде Есім билігінде еді. Есім ханның ерліктері жөнінде М.-Ж.Көпейұлы былай жазады: “Тәуекелден соң Еңсегей бойлы Ер Есім хан болды. Өзі Түркістанда тұрып, Тәшкентке Тұрсын ханды ие қылып қояды. Сол күнде Иманқұл деген өзбекке хан болып, Бұқараны билеп, Еңсегей бойлы Ер Есіммен үш рет соғысып, Түркістан, Тәшкентті ала алмай, жеңіліп қала берген” (45, б.9).

Қазақ шежіресінде Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы бақталастық, Тұрсын ханның Есім хан жорыққа кеткен кезде Түркістанды алуы Есім ханның Тәшкентті шауып, Тұрсынды өлтіруі т.б. әңгімелер жақсы баяндалады. Оның негізгі себебі Қазақ хандығының этносоциалдық құрылымындағы тарихи жарықшақ деп есептеуге болады. Қадырғали Жалаиридің шежіресіне қарағанда Орыс хан заманында “алаш мыңы” атанған өзбек қауымы үш ұлыс алаш, екі ұлыс қатаған болып екіге бөлінген. Тоқсан екі рулы (баулы) өзбек қауымы ыдыраған уақытта үш ұлыс алаш елі қазақ халқының негізін салды, олармен сыртқы одақтас қатаған ұлыстары Тәшкент маңында келте хандық (бағынышты) құрды. Біздің пікірімізше Есім мен Тұрсын арасындағы жанжалдың басты себептерінің бірі осы.

Мемлекеттің ішкі мәселелері асқындап кетуі Есім ханды белгілі дәрежеде саяси өзгерістер жасауға жетеледі. “Тұрсынмен соғысып, Қатағанды қырып, хан Тұрсынды өлтіріп” деген сияқты билікті орнықтыру үшін қатаң шараларға баруы да түсінікті. Билікті күшейтудің екінші жолы мемлекеттің құқықтық негізін бекіту екенін жақсы түсінген Есім хан әдет-ғұрып (Жарғы) заңдарына қатал ережелер енгізіп, бейтарап ережелерді азайтуға кіріскен болса керек. Осылай “Есім ханның ескі жолы” аталатын жаңа заңдар өмірге келді. Шәкәрім Құдайбердіұлы шежіресінде айтылатын: “Жоғарғы Тәуекел ханның орнына баласы (інісі – Ж.А.) Есім хан болды. Қазақтың “Еңсегей бойлы Ер Есім” дейтұғын ханы осы және жоғарыдағы Қасым ханнан қалған қазақтың жолын түзеп “Есім ханның ескі жолы” атандырған осы еді...” (44, б.31).

Біздің пікірімізше бір жағы сыртқы жаугершіліктің күшейуі (қалмақ тарапынан, өзбек жағынан, Сібір өлкесіне қол созған орыстан) оның үстіне ішкі талас-тартыс, сепаратизм Қасым заманындағы билік институттарын жаугершілікке бейімдеу арқылы мемлекет унитарлық нышандар ала бастады. Бұл саясат ру басылары тарапынан қарсылыққа ұшырағанын, хан саясатына көңілі толмаған кейбір басы асау ел басыларының жүген-қурықты ала қашқанын аңғарамыз. Мәселен Жиёмбет Бортоғашұлының Есімге арналған наз толғауы осыны көрсетеді:

Еңсегей бойлы Ер Есім,

Есім, сені есірткен

Есіл менің кеңесім.

Ес білгеннен Есім хан

Қолына болдым сүйесін

Қолтығыңа болдым демесін !

.....

Қайратым қанша қайтса да,

Мұныңа, ханым, шыдаман.

Арқаға қарай көшермін,

Алашыма ұран десермін

Ат құйрығын кесермін,

Ат сауырысын беремін.

Алыста дәурен сүрермін,

Қарамасаң, ханым, қарама,

Сенсіз де күнімді көрермін (65, б. 93).

Академик Ә.Марғұлан да өзінің “Еңсегей бойлы Ер Есімге” арналған мақаласында ол заманда жаугершіліктің көп болғанын, “Есім хан өз хандығының шығыс және солтүстік-шығыс шептерінде ойрат-қалмақ шапқыншылығына қарсы тойтарыс беру үшін, көбіне жорықтарда жүргенін” ескертеді.

Жошы әулетінен шыққан хандар ішінде 40 жыл тұтас хандық құрған деп дәріптелетін Есім хан өз заманында көптеген жол-жоба, кәде-қауымет заңдарын шығарған, бірақ олар “Қасым ханның қасқа жолы” сияқты қалыптасқан билік-құқық жүйесін өзгерту емес, қайта жаңғыртуға бағытталған істер болды. Мемлекет негізін нығайту, қоғамда төрелердің орны мен белсенділігін күшейту, ішкі сепаратизмді болғызбау, жалпы Шыңғыс хаңға баратын “Жасақ” пен “Жазаны” күшейту Есім мақсаты болды. Сол себептен оның заманында елге танымал тәртіп “Есім ханның ескі жолы” атанды.

Қазақ ғалымдарының арасында XVI-XVII ғғ. “жолдардың” мемлекеттік тәртіпті күшейтуге негізделгені басым айтылады. З.Ж.Кенжалиевтің пікірінше “жолдар-көшпелі қоғамдағы орталық мемлекеттік биліктің жеке-дара дербестенуінің бір көрінісі, оның қалыптасқан құқықтық мәдениетті жаугершілік, әскери заманға сай бейімдеп пайдалануға талпыныс жасауының нышаны” (38, б. 76). Біз жоғарыда осы мәселеге байланысты бірсыпыра түсінік бердік деп есептейміз.

## §. 6. Әз-Тәукенің “Жеті жарғысы”

Есім ханнан кейін Қазақ хандығы тағы да ұзақ дағдарысқа түскені тарихи деректерден белгілі. 1630-шы жылдардан бастап қазақ жерінің солтүстік-шығыс алқабы тұтас ойрат тайпаларының қолына көшті. Дүрбен-ойрат аталатын қалмақтың төрт руы (торғауыт, хошоуыт, дурбет, чорос) 1640 жылы Тарбағатайдың Улан Бұрға деген жерінде бүкіл моңғолдық және ойраттық ұлы кеңес ашып “Их цааз” (Цааджин бічік) заң ережелерін қабылдады. Осыған байланысты қалмақ ішіндегі ішкі мәселелер, жаугершілік бірсыпыра уақытқа байыз тауып, сыртқы мәселелерге түйген жұмырдықтай болып кірісті. Осы кезеңде ойрат одағына нығайтуға арқау болған тетік будда діні еді. Зая-пандита сияқты ойраттың кемеңгер ұлдары әліпби жасап, бұтханаларды қаптатып салып, ойрат шонжарлары арасындағы қым-қиғаш қарым-қатынастарда билік айтып, мәмлеге келтіріп, мемлекеттік туын биік желбіретуге өз үлестерін қосты.

Қазақ рулары ойрат соққыларының астында XVII ғасырдың ортасында оңтүстікке ығысып, Арқадағы жайлы өлкеге жаз жайлап барудың өзіне қауіптенді. Қазақ ақындарының “Ата қоныс Арқадан, басында қазақ ауғанда” дейтін “бастапқы ақтабан шұбырынды” XVII ғасырдың ортасында басталады. 1652 жылы қалың қалмақпен соғыста хошоуыт тайпасының жас тайшысы, он жеті жасар Галдаманың қолынан Есім хан баласы Салқам Жәңгір хан қайтыс болды. Қазақ халқы ондаған жылдарға созылған жүдеушілікке ұшырады.

1680-ші жылдары ойраттар Галдан Бошогту хан бастап Түркістан өңірін шауып Сайрам қаласын қиратты. Қазақ елінің бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығармайынша өзге елдің жемі болып кететіні анық болған уақытта қазақ билігіне әділдігімен, ақылдылығымен “Әз” атанған Тәуке хан келді.

Қазақ шежіресінде “Салқам Жәңгірден кейін Әз Тәуке хан болды. Мұның өзі ақылды, табанды кісі болды. “Байсалды айғырдың үйірін ат жақтайды” дегендей халықты жақсы басқарды. “Күлтөбеде күнде кеңес” осы Әз Тәуке тұсында айтылған сөз” – деп Әз Тәуке билігіне жақсы бағасы беріледі. Қалмақ дәуірлеп күшейген уақытта жаңа саясат жүргізу керек еді. Оның нақты амалы Әз Тәуке ойынша әр жүздің орда биін сайлау, оларға ішкі саясаттың тізгінін беру. Евразия көшпелілерінің үштік жүйесінің тамыры өте ерте замандарға бастайды, үштік қашанда нығыз, мығым, орнықты жүйе. Ал үш жүзді ұлыс есебінде әкімшілік жүйеге келтіру және оның ішкі мәселелерін орда билеріне тапсыру ру басыларының жауаптылығын күшейткені хақ. Осы кезеңнің тарихын сипаттай келе Н.И.Гродеков “все три орды ежегодно собирались для совещания (маслагат) на холме Мартубе (в горах около Сайрама)” - деп жазады. Бұл жиындарда қазақ елінің басты мәселелері-қай жерде қыстау, қай жерді жайлау, елдің тыныштығын қалай ұстау, қалай соғысу т.б. бүкіл ел болып ақылдасатын мәселелер талқыға түсті.

Әз Тәуке заманында билік құрылымы бірнеше сатыға жүйеленгенге ұқсайды. Көшпелілердің әуел бастан бар демократиялық тәртіптері де қайта жанданып, жалпы халықтық мәслихат, жиындар жыл сайын өткізіліп отырылатын болды. Бұл жиындарға тек қарулы ер азаматтар ғана қатысуға құқықты еді. Оның тәртібі “Жеті жарғыда” нақты бекітілді. Оның ең биік сатысы орда билерінен, Түркістан мен Ташкент маңындағы отырықшы халықтың өкілдерінен, қазаққа одақтас қырғыз, қарақалпақ сияқты халықтың басшыларынан құралған “Жеті жарғы”. Зерттеушілердің көпшілігі “Жеті жарғы” құрамындағы қазақтың үш биін ерекше атайды. Н.И.Гродековтың жазбасы бойынша “В числе их было три знатных бия, по каждому из каждой орды: из Великой – Туле, из Средней – каз дауысты Казыбек, т.е. Казыбек с голосом гуся, (звучным), из Малой – Айтеке” (22, б.25).

М.Тынышпаев жоғарыда келтірілген деректерді толықтыра түседі. Оның пікірі бойынша Тәуке ханның басты еңбегі қазақ елінің қоғамдық өмірін белгілі бір тәртіпке келтіргендігі: *“Тәуке... более замечателен своею административною и законодательною деятельностью. Слабые угнетенные роды Тәуке соединил в союзы, чтобы последние могли противостоять против сильных родов. Для фактического управления подвластными родами назначили 6 биев: 1) в Старшей Орде - Толе Алибекова (дулат, отделение жаныс); 2) в Средней Орде - Казбека (Каз*

дауысты Казбек-арғын, каракесек); 3) в Младшей - Айтике (алим, торт-кара, внук знаменитого Джалантос-батыра Самаркандского); 4) у кыргызов-Кокым – бия Карашорина; 5) у каракалпаков – Саск-бия; 6) у катаган, джайма и других мелких родов - имя бия неизвестно. Далее отдельные роды, отделения, полколения управлялись своими биями. Ежегодно, осенью биш на 1-2 месяца собирались у ставки Тауке, “Ханабад” на холму “Куль-тобе” на левом берегу реки Ангрен в 40 верстах на юг от Ташкента. В памяти народной собрания эти сохранились в выражении: “Куль-тобенің басында күнде кеңес”, т.е. “на Куль-тобе собрания происходят ежедневно”. Эти собрания носили характер и законодательный и судебный. Законодательные изречения, названные “Джеты-Джарга” были основаны на принципах правосознания, вытекающего из условий общежития кочевых родов...Большая часть дел решались биями единолично, но в важнейших случаях, не желая брать на себя ответственность за правильность решения, биш представляли свои предложения на одобрение собрания на Куль-Тобе” (80, б. 162).

М.Тынышпаевтың келтірген мәліметтері мен пайымдаулары әлі де толықтыра түсуді, зерттеуді қажет етеді. “Жеті жарғыға” кірген жарғыш билердің аты-жөні, ата-тегі, олардың ішіндегі жол тәртібі, жалпы “Жеті жарғы” жұмысын ұйымдастыру ісі, жоғары кеңеске ханның қатысы, оның әсері т.б. мәселелер аса қызықты да, керекті деп есептейміз.

XVII ғасырдың 80-ші жылдары “Жеті жарғыны” қауырыт шаруа, қалың жаугершіліктің арсынан көреміз. Алдымен Қазақ хандығы қалмақтың үстемелеген соққысының астында қалды. Галдан Бошогту әскері 1681 жылы Сайрамды алғашқы рет қоршады. Бір жыл айналмай жатып 1683, доңыз жылы, Бошогту Сайрамды қайта шауып, қазақтың екі сұлтанын тұтқынға алып, үлкен олжамен қайтты. Сол жылы күзде Орта Азияны (Әндіжан) тағы да шауып көп елді тоздырып жіберді. “Зая-пандита өмірбаянында” бұл оқиғалардың жалғасы былай суреттелген: “В году мыши (1684) он (Галдан Бошогту) разграбил (улус) Чукура, а также ходил походом на Андижиан. Когда он возвращался, то в (местности) Кокурин Шили разразилась буря. ...Летом (Цеван) Рабдан (Галданның немере інісі – Ж.А.) выступив (в поход) разрушил Сайрам. Осенью года коровы (1685) (Бошогту) хан, отправившись в поход против Андижиана, возвратился, захватив в плен многих беков” (64, б. 116).

Бұл жаугершілік 1684 жылғы Бертис хан, Тайкелтір би, Қазыбек би елшілігімен тиянақталған уақытта Тәшкент маңындағы қытай-қыпшақтармен соғыс басталды. Өз Тәуке ханды осы кезде қалың әскердің басында қытай-қыпшақтармен, жалпы өзбекпен жаугершілік ішінен көреміз. Осыған байланысты 1687-1688 жылдары Бұқар ханы Субханқули ханмен келіссөз жүргізіліп, Бұқар ханының сенімді адамы Хошеке –аталық Түркістанға келді. Бұл оқиғалардың бәрі де мемлекет билігін күшейту қажеттілігін аса өзекті тақырыпқа айналдырды. Бейбіт уақытта өз бетімен кететін көшпелі елдің басшыларының “Күл төбеде күнде кеңес жасап”, Өз Тәуке ханның “Жеті жарғысында” билік айтып, ханның дәрегейіне бағынып тұруын осылай түсіндіреміз.

Осы кезеңдегі ірі мәслихаттардың бірі 1710 жылғы Қарақұм (Арал Қарақұмы) кеңесі. Қарақұм Ұлытаудан батысқа қарай орналасқан қысқы қонысқа өте жайлы жер. Ол кезде Қарақұмның солтүстік бұйраттары Ақсақал Барбы көліне ұштасады, Су аяғы құрдым да осы жерде. Ырғыз, Торғай, Өлкейек т.б. даланың сан жетпейтін ұсақ өзендері құятын осы аса үлкен көл ХҮІІІ ғасырдың басында дариядай шалқып жататын еді.

Қазақ аңыздарында үш жүздің игі жақсылары қатысқан бұл ұлы кеңесте таңдамалы тоқсан би сөз сөйледі делінеді. Олардың сөзінің арқауы мемлекеттің тағдыры, болашаққа тон пішу, зандарын реттеу, әскерін дайындау, сыртқы елдермен бәтуға келу, не жаугершілікті диттеу, жазғы жайлымы мен қысқы қонысын ақылға салу, елдің ымырасын бекіту. Евразия көшпелілері тарих сахнасындағы үстем орынын отырықшыларға берген уақыт еді. Батыстан қағарын төккен Ресей, Шығыстан амалдап, айлалап жылжыған Қытай, олардың артында мұз темірге құрсанған, қару-жарағын оқтаған басқа да елдер. Бұрынғы заманда “қыл құйрық” деп ұрандап Европаның төсіне атпен шауып баратын, Қытайды төменшіктетіп, тізе бүктіріп қоятын қайрат көшпелілерде қалмаған. Сахарада көшпелілерден қалған екі ел қазақ пен қалмақтың қасқардай алысқан заманы туды. Не өлім, не өмір, басқа сұрақ жоқ еді.



*Қарақұм кеңесі елшілік жолын ұсынды. Батыста Ресей, Шығыста Қытай, оңтүстікте Бұқар хандығы бәріне де елші жіберіп бейбіт бәтуаға келу керек. Біз осы кезден бері қарай қазақ елшіліктері туралы мәліметтерді әр елдің мұрағаттарынан кездестіретінімізде осыдан.*

*Екінші мәселе қазақтың өз ішіндегі ымырасын, тәртібін бекіту, ол үшін алдымен ұсақ руларды үлкен рулардың жем қылуына жол бермеу. Қазақ халқының жаңа генеалогиялық құрлымы осы кеңесте шешілді деп айтуға болады. Туыстық жүйе одан әрі беки түсті.*

*Үшінші мәселе қазақтың орда тіккен қаласы Түркістан, өзінің саяси, рухани қызметін одан әрі жалғастыратын қасиетті орын. Қазақ кеңесі бұдан әрі қазақтың өз жолымен қатар шарият ережелерін қатар қолданатын келісімге келді. Түркістан бір жағы Орта Азиялық ісләм орталығы, екінші жағынан қазақтың ата-бабасы жерленген қасиетті қорым-пантеон, үшіншіден қазақтың хандары қоныс, тұрақ қылатын саяси ордасы.*

*Қарақұм кеңесінің төртінші нәтижесі “Жеті Жарғы” қызметін мақұлдады. Хан кеңесіне одақтас елдер, көрші қырғыз, қарақалпақ, ішкі сарт, қожса, қатағаннан өкіл қосу, олардың да пікірін Жоғары кеңесте ескеру құпталды. “Жеті жарғы” кеңесіне сыртқы және ішкі елдермен тығыз қарым-қатынасқа түсуді, тек қана билікпен шектелмей мәмлегерлікке көңіл бөліну талап етілді.*

*Бесінші нәтиже мемлекеттің дұрыс өмір сүруіне қажетті әсіресе елші салуға, елші қабылдауға жетерлік алым-салық жинау, бұл патша сарайының мұқтажын көтеруге де, мәмлегерлік шығынды жабуға де жетерлік болуы керек. Ол үшін тек отырықшы ел ғана емес, мал баққан көшпелі ел де 1/20 табысын мемлекет қазынасына өткізіп отыруы керек.*

*Алтыншы мәселе жаугершілік заманға сай жабдығы дайын, қайратты әскер ұстау. Қазақ қиындыққа төзімді, жаугершілікке бейім, ер мінезді, мәрт болғанымен нар тәуекелге келгенде басын қосып, бір ұран, бір тудың астына жинала қоймайтын халық. Осы себептерге бола Әз Тәуке ұсынысымен кеңес Әбілқайыр сұлтанды “әскер басы”, Бөгенбай батырды “бас сардар” деген лауазыммен тұрақты түрде әскер ісіне жауапты қылды.*

*“Қарқұм кеңесінде” талқыға түскен мәселелердің ауқымы өте кең болғандығын жоғарыдағы шешімдер өзі де көрсетеді. Сонымен бірге кеңестің елдің билігіне, заңына “Жеті жарғыны” жауапты қылуы да ақылға сиымды. Ел жақсылары түгел қатысқан кеңесті күнде жинай беру оңай емес.*

*Бірнеше жыл өмір сүрген бұл мемлекеттік және құқықтық жүйе Әз Тәуке хан өлген соң-ақ (1715 ж.) босанси бастап, ақыры ХҮІІІ ғасырдың 20-шы жылдары жаугершілік күшейген кезде өмір сүруін тоқтатты. “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” аталатын ауыр заман басталды, балапан басына, тұрымтай тұсына кетті. Шежіре бойынша Ұлы жүз Жиделі Байсынға, Орта жүз – Самарқанд пен Бұқараға, Кіші жүз – Хиуаға ауған заман туды. Арқада қазақтың ең жауынгер тайпалары ғана қалып, жан-жағынан қоршаған қызыл өрттің арасында жүрді.*

*М.Тевкелев “и те оне, киргизцы (қазақтар – Ж.А.) получали от вышешпоказанных себе (от зюнгорских калмык, от волских калмык, от башкирцов, от сибирской стороны, от яицких казаков) крайняя разорения не по их хотению, но их беспокойством киргизцы сами всегда их задирали и неволю и с принуждени себя заставляли разорять” (37, б. 385) – деп осы 30-шы жылдардың ауыр оқиғаларын айтады. Қазақ шежіресіне қарасақ “жаудан, жұттан басын алып қашқан елдің жаяу шұбырған шұбырындысы аппақ сүрлеу болып, табандары таздың басындай жалтырап қалады екен. Жатқанда алқа қотан айнала жатады екен. Семіздерін ортасына алып қорғап жатады екен, басқа бөтен рулар ұрлап сойып жеп қоя ма деп. Тобықты Әнет бабаңның төбе басында қалғандығы, Он жеті ұлды Тілеумбеттің қырылып, жойылғандығы сол еді. Сол күндерді қалай ұмытарсың” (45, б.9). М.-Ж.Көпейұлының жазуына қарағанда Арқаға “ақтабанға ұшыраған елдің” тамтығы ғана жетсе керек.*

Осындай аласапыран заманда қазақтың төре әулетінен Абылай сияқты кемеңгер сұлтан шығып елдің басын қайта құрау үшін, қазақ жұртына ие болу үшін атқа мінді. Бұқар жыраудың Абылайға арналған толғауларының ішінде:

Ей, Абылай, Абылай!  
Сені мен көргенде  
Тұрымтайдай ұл едің,  
Түркістанда жүр едің,  
Әбілмәмбет патшаға  
Қызметші болып тұр едің,  
Сен қай жерде жүріп жетіктің?  
Үйсін Төле билердің,  
Түйесін баққан құл едің.  
Сен жиырма жасқа жеткен соң,  
Алтын тұғыр үстінде,  
Ақ сұңқар құстай түледің  
Дәулет құсы қонды басыңа,  
Қыдыр келді қасыңа,  
Бақ үйіне түнедің,  
Қылышыңды тасқа біледің,  
Алмаған жауды қоймадың, -

деп бір жағынан алтын таққа Абылайды тәрбиелеген Әбілмәмбет пен Төле билер екенін, жок жерде хандық биліктің тумайтынын, түйе аунаған жерде түк қалатынын сездіреді. Екінші жағынан жыл есебімен қарасақ Абылайдың билікке келген, қазақтың есін жинай бастаған уақыты 1731 жылдар, осы меже толғаудан аңғарылады.

Ең басты мәселе қазақ деректерінен қазақ елінің аласапыран дүниеде құйын айдап кетпей аман қалуына басты себеп “Жеті жарғы”, “Қарқұм кеңесі” сияқты жиындарда ел тізгініне ие болған ұлы билерінің арқасы екенін көреміз. Елді 30-50-ші жылдардың қым-қуыт қатерлі өткелдерінен бастап жүрген Төле, Қазыбек, Әйтеке, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай сияқты ерлерді көреміз. Олай болса “Қаракұм кеңесі” қабылдап, “Жеті жарғы” заңдастырған қазақ елінің жаңа заңдары халықты аман алып қалудың басты кепілі болғаны анықталады. Бір қарағанда Әз Тәуке төрелердің билігін әлсіреткенімен де, алапат ауыр заманнан алып шығар басқа жол болмағанын, Әз Тәукенің көрегендікпен соны алдын ала аңғара білгенін көреміз.

## §. 7. Абылай хан дәуірі

Қазақтың әдет-ғұрып заңдарының иесі қасиетті, әулие билері болса, ұлыс елінің билігі, мемлекет тәртібіне жауаптылық ел иесі хандарында болған. Осы мәселені терең түсінген Абылай хан аласапыран заман артта қалғанда хан билігін нығайтуға, заң жолын қадағалауға күш салды. Ол күш-жігерді біз сол заманның жырауларының толғауларынан, аңыздарынан көреміз. Абылай ханның өз басы да сөздің пірі қонған адам болғаны белгілі, ХҮІІІ ғасырдың әйгілі жырауы Үмбетей Абылайға –

Токсан жақсы үш жүзден,  
Сені сұрай барғанда,  
Өлтірем деп Қалдан хан  
Орайына Шарыштың,  
Сөзіне қарсы сөз айтып,  
Жауаптастың, қарыстың,  
Үш ауыз сөзбен құтылдың,  
Ұмыттыңба соны, Абылай! –

деуінде осындай себеп бар (65, б.108).

Қазақ шежіресінде Абылай хан заманы ерекше шабытты суреттелетінін Шоқан Уәлиханов айтып кеткен болатын. Сонымен бірге шежіре деректері де Абылайдың мемлекет пен құқық туралы көзқарастарынан бірқатар дерек береді:

“Қазақта батырда Қаракерей Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Үйсін Төле биден асқан би жоқ. Бұл екеуі де Абылай заманында қарттық басып, тұғырдан түскен кісілер. Абылай ханның хан болып дәуірі жүріп тұрғанда құнға кесім қылдырған, тамам талас сөздің үстінен қаратып, бітім айтқызып билік қылдыратұғын биі Күлік Шобалай баласы Жәңке батыр би екен. Бұл кісінің құнға қылған кесімі қара құн - жүз жылқы, он екі жақсы; сүйек құны – елу жылқы, алты жақсы; өнер құны тоқал құн болады - тоғыз жақсы. Бұл үш құн еркекте Көтеш ақынға алынған, ұрғашыда Ұлбикеке алынған. Әлгі айтылған батырлардың бірде-бірі жауда өлсе, “жеті ердің құны алынсын” деп кесім қылған. Жауғаш, Биғаштың Жауғашы қалмақта өліп, жеті ердің құнын алған. Жақсы дегеннің басы жетім, қалы кілем, қара нар, мылтық, сондаймен тоғыз болады. Ұрғашының құны еркектің бір көзінің құны – елу жылқы, алты жақсы. Аттың құйрығын кескен ұрыға бір жылға шейін билік айтпайды екен, босаға күзеттіреді екен. Босаға күзеттіргеннің мәнісі – сол атының құйрығы кесілген үйден бір жылға дейін кісі өлсе, ат құйрығын кескен ұрыға кісі құнын тарттырады екен. Шідер ұрлағанға шідері қайыс болса, үш атқа үш балағын салып, үш атты үш жаққа айдайды екен. Үш ат үзіп кете алмаса, ұрыға үш ат айып салады екен. Аттың құйрығының құны – кісі құны болды. Шідер құны –үш ат болды.

Біреудің малын ұры ұрлап сойып жеп қойған болса, ол ұрының мойнына арқан салып, мал иесінің қолына береді екен. Мал иелері атқа мініп алып, тақымына салып сүйрей жөнеледі екен. Өлшеулі мерзімді жері болады екен, соған дейін тартады екен. Өлсе өліп кетті, өлмей қалғанда “Салауат” деп қоя береді екен. Солай тартқанда адамның мойны жарты кез ұзарып кетеді екен” (1, б.315-316).

Қазақтың әдет-ғұрып заңдарының Абылай заманында тым өзгере қоймағаны жоғарыда келтірілген шежіре деректерінен анық көрінеді. Сонымен қатар мемлекет билігі де, оның ішінде ұлыс билігі

мен ру билігі арасындағы күрес те өз табиғатынан алшақ емес. Тіпті Ресейдің хан билігін әлсіретуді көздеген арандату саясатының арқасында қара сүйек ішінен шыққан беделді билердің тарапынан хан билігін мойындамау мысалдары көп. Хан мен билер арасындағы тірес, күресті біз ерте көшпелілерден де көреміз. Бұл күрес орта ғасырларда да өз жалғасын тапты. Алтын Орда заманында Шыңғыс әулетінің әлсіреуі, Бату тұқымының саяси сахнадан кетуі Тоқтамыс пен Едіге арасындағы бақталастықты күшейтіп жібергенін де білеміз. Абылайға да алдымен қарсы тұрған өз қарамағындағы Орта жүздің бірсыпыра билері, оның ішінде Орта жүздің орда биі болған Қаз дауысты Қазыбектің бел баласы Бекболат би еді.

Жаугершілік уақытта хан билігінің үстемдігін амал жоқ мойындайтын көшпелілер бейбітшілікте саяси биліктің күшейгенін қолдай бермейді. Абылайдың ұлыс билігін күшейтпек мақсаты Бекболат, Едіге сияқты билер тарапынан қарсылық туғызғаны да осы тұрғыдан заңды. Бұл қарама-қарсылық тарихқа “Абылай аспас Арқаның Сарыбелі” деген атпен енді. Орта жүздің Мейрам баласы (қуандық, сүйіндік, қаракесек) елдерінен жиналған үлкен қол Абылайды шаппақ болып айбат шеккені де осы оқиға аясында түсінікті болады.

Екі жақ Көкшетау маңында Жолдыөзек деген жерде кездескен екен дейді. “Ертең таң ата қараса желкілдеген ту да жоқ, жер қайысқан қол да жоқ, бір-екі атты келеді екен дейді. Бұл неғылған жан деп таңырқап тұрса Абылай хан мен Балта-керей Тұрсынбай батыр екен. Бұл жақтан Бекболат пен Едіге атқа мініп екеуі алдынан шығысыпты” деп баяндайды шежіре. Сол жерде сөз қорыды, бітім-тыным жарасты.

Абылай сұрапты екен дейді “Мылтық құрған кім еді?” деп. “Қозған Бекше мерген еді” депті. “Талай жерде жорықта бірге жүріп, бір торсықтан малта жеп, бір табақтан ет жеген жолдас едік, кісіні кісі жоқ жерде өлімге қия береді екен-ау” деп мылтығының аузын қырсық бассын деп, мылтығының аузына бір түйе байлады дейді. Жүгіріп келіп ұстай алған кім еді дегенде Күлік Жәңке дегеннің батыр баласы Жанақ десті. “Олар құдай жаратқан шын би ғой, баласын арашашы бол деп қосқан ғой. Қазақ арасында ат шаптырған ұлы жиын ас болса, Жәңке батыр бидің босағасына түйе бастатқан тоғыз байлансын. Жәңке батыр осы ас ас-ақ десе, ат шауап, ас тарқасын, әйтпесе ат шабылмайтұғын болсын да, ас тарқамасын” депті Абылай. Ол заманда кісі өлген қаралы үйдің босағасында бір найза шаншулы тұрады екен. Кісісі өлген қаралы үй екенін жұрт айтпай танып, сұрамай біліп бата қылсын деп, жылы біткенде сол найзаны Жанақ сындырып, ат-шапан оның жолы болсын деп, Абылай хан осы бітімді билерге кестіріп, жол-жора қылыпты” (1, б. 322)

Хан мен ру басылар осылай бітімге келіпті. Бірақ бұдан әрі Абылай билігі шектеліп, ірі-ірі ру басыларына, ру көсемдері билер мен батырларға тәуелденді. Қазақ хандығының тәуелсіздік дәуірі Абылай ханмен бірге тарих сахнасынан шығып әфсана қараңғылығына еніп бара жатқан заман болатын. Мемлекетте саяси биліктің дәуірлеп тұрып сусып бара жатқанын бақылау Абылайға ауыр болды. Ханның соңға өсиет сездерінен осы қапа болған көңілдің ауанын сезінеміз:

“Абылай хан ажал жастығына бас қойғанда Бұхар екең (Бұқар жырау) айтқан екен:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,

Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,

Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,

Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,

Сонда да қалар ма екен қайран жаның-ай – дегенде, Абылай хан:

-Тоқта, тоқта бұлай десең, мен діннен шығамын, сен жалғаншы боласың! Жиырма жасымда таққа міндім. Қырық сегіз жыл қазаққа хан болып тұрдым. *Қаниша жыл өмір сүріп, жас жасағанымнан*

*не пайда, қазақтың арқасын тамға, аузын нанға сүйегенім жоқ, бұл бір. Ақ боз аттың құнын ер құнына теңегенім жоқ, екі. Мылтығының оғын құралайдың кезінен өтікізетін мергеннің құнын екі ердің құны дегізгенім жоқ, мұнымен үш. Осы үш арман бойымда кетті деген екен” (1, б. 327)*

Қазақ әдет-ғұрып заңдарын соңғы рет жаңғырту мүмкіндігі осы Абылайдың жол – жорасымен аяқталады. Бұдан әрі заманның бағыты қазақтың, жалпы көшпелілердің даму ерекшеліктерінен тыс жүрді. Евразияның кіндік өлкесі болып бірнеше мың жыл өмір сүрген ұлы дала енді Евразияның перифериясына айналды. XIX ғасырда қазақ халқының мемлекет пен құқық туралы түсініктері екі бағытта дамыды.

Біріншіден, қайткен күнде де тәуелсіздіктен айрылмау идеясын ту қылып көтерген азаматтар хандықты, хандық институттарды, оның ішінде “Жеті жарғы” сияқты хан кеңесін, әдет-ғұрып заңдарын сақтауды мақсат тұтты. Бұл жарқын мақсаттарды біз Арынғазы хан мен Кенесары хан құрған мемлекеттерден, тіпті 1916 жылғы дүрбелең кезінде пайда болған рулық хандықтар мен 1930-шы жылдардағы совет үкіметінің саясатына қарсы шыққан қазақ қауымдарының құрған кішкене ұлыстарынан да көреміз. Бұл мемлекеттерде дәстүрлі құрылым принциптері жұмыс істегенімен құқықтық негіз есебіне кейде әдет-ғұрып заңдары, кейде шарифат қабылданып отырды. Қалай дегенмен бұл қазақи дәстүрлерге негізделген қадамдар болатын.

Екіншіден, тәуелсіздікке бұғау түскенін мойындап, қазақтың әдет-ғұрып ережелерін бодандыққа бейімдеу. Ресейдің қазақ елін отарлау саясаты үш кезеңнен тұрады. Алдымен 1730-шы жылдары басталған протекторат кезеңі, яғни Ресей үстемдігін мойындау, сыртқы саясатты Ресей мүддесіне қарай жүргізу, бірақ ішкі билік қазақтың өз қолында. Екінші 1820-шы жылдары басталған, вассалитет кезеңі хандық билікті жою, қазақ жерінде бекіністерді салу, қазақ өлкесін дуандарға бөлу, оларды генерал-губернаторлықтар арқылы басқару. Бұл кезеңде дуан билігі қазақтың өз қолында, бірақ аға сұлтандар “майырлардың” (орыс хатшы) бақылауында. Үшінші сатысы 1867-1868 жж. “Уақытша ережелерден” басталатын нағыз отаршылдық кезең. Қазақтың елі де, жері де орыстың қол астында, қазақ ішкі отар есебінде Ресейдің әкімшілік жүйесіне толық бағынуы. Қазақ жері Ресей империясының толық меншігіне айналды. XIX ғасырда қазақ қоғамы әлі де дәстүрлі әлеуметтік-шаруашылық ерекшеліктерін сақтап қалғандықтан әдет-ғұрып заңдарының өмірде алатын орыны өте күшті болды, оны Ш.Уәлихановта әдемі сипаттаған еді: “Суд биев, несмотря на 40-летнее русское влияние, остался таким, каким был он за сотни, может быть, за тысячу лет до нас”. (17, б.89)

Ұлттық тәуелсіздік жоқ кезде тәуелсіз құқық ережелерін сақтап қалу оңай емес. Ол өзінің мықты негізі арқылы біраз жыл бодандық жағдайында қызмет жасады, бірақ тағдыры шешіліп қойған болатын. Мемлекет пен заң бір-біріне тікелей байланысты құбылыс. 1867-1868 жылғы “Уақытша ережелердің” енуі қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын түбегейлі өзгерістерге ұшыратып, қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуші заң жүйесінің де өзгерісін талап етті. Осы уақыт талабына сай 70-ші жылдардан бастап “Ережелер” келді. Олардың жасалуына қазақтың өз ішіндегі билері де, Ресей әкімшілік қызметкерлері де мүдделі еді. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінде саңырауқұлақтай қаптап кеткен “Ережелердің” өмірге келуі осы себептерге байланысты болды.

Қазақ әдет-ғұрып заңдарының бірнеше мың жылдық тіршілігі, дамуы осы “Ережелермен” аяқталады. Евразия көшпелілерінің мемлекеттік және құқық түсініктерінің негізі болған әдет-ғұрып заңдарының тағдыр жазған шектеулі уақыты аяқталды. Біз жоғарыда қарастырған “Жарғы”, “Жол”, “Жеті жарғы” т.б. мемлекеттік және құқықтық институттары көшпелілердің талай мың жылдар бұрын түзілген, адамның адам есебінде өмір сүруіне кепілдік беретін ережелерге негізделген еді. Бұл ережелер мындаған жылдар көшпелілердің мемлекет пен құқықтық кодекстеріне, билеріне үлгі болып келді, көшпелілермен қарым-қатынасы бар көптеген отырықшы елдердің заң ережелерінің қалыптасуына ықпал етті. Егер шынтуайтына келетін болсақ қазақ әдет-ғұрып заңдары кәзіргі евразиялық цивилизация өкілдері туғызған заңдардан ана ғұрлым адами, ол азаматтық қоғам қарым-қатынастарын реттеуге көбірек ыңғайланған жол. Болашақта зерттеушілер кәзір “Жеті жарғы” атымен танылған қазақ әдет-ғұрып ережелерінің тарихын, мәні мен мағынасын

осы тұрғыдан қарастырады деп сенеміз.

# Жеті жарғы (толық мәтіні)

## ЖАРҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӨЗЕГІ

1. "Жарғы" қазақ арасында кең тараған, ғасырлар елегінен өткен "Жол", ("Жаза", "Жарғы", "Қасым ханның қасқа жолы", "Есім ханның ескі жолы") негізін қуаттайды және жетекшілікке алады.

2. "Жарғы" арғы түбін Алаштан алатын қазақ елінің, бірлігін, туыстығын сақтап қалуды көздейді. Қандай да болмасын билік, бітім сөз қазақтың арасын ашпай "жарасуға", "қарындасқа" бастауы тиіс.

3. "Жарғы" ел басшылығына ұсынылатын хан, ұлыс сұлтаны, билердің жеке бастарының қасиеттері жоғары болуын талап етеді. Қазақ ішінде таза мұрагерлік, таза сайланбалы тәртіп жоқ.

4. "Жарғы" қазақ арасындағы билік, бітім сөзінің халықтың қатысуымен, жария етілуін талап етеді. Бидің айтқан шешімін кейінге қалдырмай, ел болып, бірден іске асыруы тиіс.

5. "Жарғы" бойынша екі жақ алдына келіп бірдей жүгінгеннен кейін айтылған бітім сөзі заң болып табылады. Би (кеңес, жүгініс) шешімін орындамаған адам ел ортасынан аласталады, не барымтаға түседі.

6. "Жарғы" қазақ арасындағы қылмысқа қатысты шешімдердің алдымен "қанға қан", "көзге көз" ережесімен шешілуін талап етеді. Кешірім болған уақытта гана "құн" мен "айыпты" қолданады.

7. "Жарғы" қазақ атанған елдің азаматтары, қару-жарағы мен жорық аты, сайлы болса, дәрежесі тең екенін және қарым-қатынас тек туыстық жолмен реттелетінін жариялайды.

8. "Жарғы"- қазақ ішінде неке мен отбасы құндылықтарын мүлтіксіз сақтауды талап етеді. Зорлық, ойнас, біреудің некелі әйелін алып қашу т.б. қылмыстарға өлім жазасын лайықты деп санайды.

9. "Жарғы" меншікке, әркімнің еңбекпен тапқан мал-мүлкіне қарсы жасалған қылмыстың қай түрі болсын-ұрлық, тонаушылық, өте қатал жазалануын талап етеді.

10. "Жарғы" діннен безген, құдайға тіл тигізген адамдарды, өзге дінге кірушіні қатын-баласынан, мал-мүлкінен айыруды, өлім жазасын беруді қуаттайды. Өзіне өзі қол көтерген адамның жаназасын шығармауды, ру қорымынан бөлек жерлеуді талап етеді.

# БІРІНШІ ТАҒАН

## Мемлекет және билік

### **§ 1. Билік деңгейлері.**

1. Ақсақал билігі -ата баласының ішінде жүреді. Неке мен отбасы, жақын туыс ағайын арасы, мұрагерлік пен енші т.б. мәселелерді шешуге хақылы. Ақсақалдар бір ата баласы ішіндегі дауда кінәлі жақты жазалауға да хақылы.

2. Рулы елдің билігі-сол елдің ішінен шыққан көсемге тапсырылады . Ол не өз қасиетімен, не аталарынан жеткен мұрагерлікпен билік жүргізеді. Ру биі рулы елге иелік жасайды, дау шарына төрелік айтады, ағайынды бір-бірімен табыстырады. Сол рулы елді өзге жерде қорғайды, намысын жыртады. Жақсы би өз руын өрге сүйрейді, өз бас бұзарын өзі жазалайды.

3. Ұлыс биі-бірнеше руға иелік етеді, ұлыстың/жаугершілік жағдайында кемі 10 мың жігіт шығара алатын одақ, бас билігі, сыртқы саясаты ұлыс сұлтанының қолында/шаруашылық және әлеуметтік өміріне басшылық жасайды. Сол ұлысқа ие болып отырған ханның, не сұлтанның ақылшысы, сүйеушісі болады. Ірі -ірі кеңестерде, "Жарғының" жиналыстарында ұлыс елдің намысын қорғап, немесе елдің ішкі және сыртқы жағдайына қатысты қабырғалы кеңес айтады.

4. Орда биі-тұтас жүздің басшысы, кемеңгер ел басының қызметі, би атағының ең биік деңгейі. Орда биі жалпы халықтық мәселелерді шешуге, өзге елдермен қарым-қатынас ісіне тікелей қатысады. Орда биі мемлекеттік "Жарғының" құрамына енеді, яғни сыртқы және ішкі саясатқа ықпалы мол, ханды тежеуге немесе қамшылауға, не жауапқа тартуға хақылы. Орда билері хандық биліктің осал кезінде ел татулығын, бірлігін ұстап тұруға жауапты.

5. Хандық билік-хан немесе ұлыс сұлтаны тарапынан жүргізіледі. Биліктің бұл деңгейі жаугершілік тұсында аса көтеріледі және "Жарғының" шешімімен хан немесе ұлыс сұлтаны өз бетімен сыртқы саясатты жүргізуге мүмкіндік алады. Ішкі саясат мәселесінде ел ішіндегі билердің алдынан бітпеген даулар немесе ұлыс сұлтандары арасындағы даулар хан алдына барады. Әр даудан, хан қатыссын мейлі, қатыспасын, жауапкердің есебінен кесілген мал мен мүліктің 10 пайызы ханға олжа /"хандық"/. Сыртқы елдермен арадағы елшілік, сүйек жақындық /қыз беру, қыз алу/, жаугершілік пен бітім тікелей ханның, не ұлыс сұлтанның басшылығымен жасалады. Төре тұқымының ішкі әулеттік даулары хан алдында тарайды, қара қазақ баласы "хан баласы көпір болса басып өтпе" деп қабыл алса, кез-келген дауды төре алдына алып барып шешуге мүмкіндігі бар.

6. Қаз (мәслихат, жиын) - бүкіл қазақ елінің бас қосқан кеңесі. Ел басына түскен өте ауыр, даулы, жауапты мәселелерді талқылауға үш жүздің бас көтерер азаматы (бес қаруымен ат-сайманы бойында) түгел қатысады. Көріні елдермен соғысу, не одақтасу, не мойынұсыну т.б. бойынша шешімде бекітуге тек "Қаздың" (мәслихат, жиын) ғана деңгейі келеді. "Қаз" (мәслихат, жиын) бекітпесе хан мен сұлтан болса да, елдің беделді билері болса да биліктері заңсыз деп табылады.

### **§ 2. Би**

1. Би-сайланбалы қызмет емес; ел ақсақалдарының ұйғарымы, өзара келісімі мен шешімі бойынша елдің салт-дәстүрін білетін, шежіреден хабары бар, ауызы дуалы, шаруасы түзу, ата-тегі белгілі және елге беделді, сыйлы адам би болады.

2. Би-жас ерекшелігіне бағынбайтын қызмет. Айтқанын ел қабылдаса жас бала да елге билік айтып, даудың шешімін шығарады.

3. Би-атадан балаға қалатын мұра емес , әркім өз жігерімен , білімімен, зердесімен жететін



*абыройлы атақ. (Алты атасын арқалап жүрген бар ма екен, жеті атасын жетектеп жүрген бар ма екен?).*

*4. Қазақ билігі ауызша айтылатын, ауызша шешілетін билік, жұрт алдында, қалың тобыр елдің үстінде айтылады, кім қатысам, кім сөйлеймін десе де, ел келіссе, рұқсат.*

*5. Би-табиғи қабілет пен терең білімді ұштастырған адам болуы шарт.*

*6. Би-шешен, тілді, тоқсан ауыз сөздің тобықтай мәнін табатын, айтқан сөзінің салмағы қорғасындай болуы шарт.*

*7. Би-ердің құны, нардың пұлы болса да екі ауыз сөзбен шешетін адам.*

*8. Би-қазақ шежіресін, ру құрылымын, олардың арасындағы жолды,*

*туысқандықты терең айыратын жан.*

*9. Би-терең білімділігімен қатар, өзіне тартпайтын адам. Ол-турашыл "қара қылды қақ жарған", "тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ".*

*10. Би-өз өмірінде өз басына дау келтірмеуі шарт, елге күмән, күмәнді сөзге себеп бермеуі шарт:*

*Би басына дау келсе,*

*Билігі кетер басынан.*

### **§ 3. Хандық билік:**

- 1. Қазақ билік жүйесінде мұрагерлік және сайланбалы қызмет қатар қолданылады.*
- 2. Хан сайлаудың шарты елдің ең белгілі көсемдерінің ақ кигізге хан тағына үміткерді көтеріп, елді аралатып бір биікке шығаруы.*
- 3. Екінші шарты ханға үміткерді боз биенің сүтіне шомылдыру.*
- 4. Хан сайлауға қатысушылар ақ кигізді қылдай қылып бөліп алады.*
- 5. Ханға жақын адамдар оның киімін алады.*
- 6. Хан сайлаудан қайтқан ел ханның мал дүниесін бөліп, айдап алып кетеді оның орнын толтырып еселеп мал береді /хан талау/.*
- 7. Ханның ақылышы адамдарын "нақ" дейді, баласының /мұрагер/ тәрбиешісін "аталық" деп атайды.*
- 8. Ханға қарсылық жасаған рулар "тоғыз" айып төлейді /ханға қарсылық құдайға қарсылық/.*
- 9. Ханның жеке өз басына қарсылық көрсеткен, тыңдамаған адам тоғыздан айыбын төлейді. Кінәліні мойнына құрым іліп ауыл айналдырады.*
- 10. Ханның өзі бастап, ұлыс сұлтандары, ел басы билер мен ақсақалдар жыл сайын күз уақытында қазақ даласының орталығына қарай белгілі бір жерде ел мәселелерін талқыға салуы шарт /қазға салу/.*
- 11. Елдің бас қосқан жиынына /қаз (мәслихат, жиын)/ әрбір қазақ бес қаруымен келуі шарт. Қарусыз адам дауысқа түспейді, жасы кішілер оған орын бермейді.*
- 12. Әрбір қару-жарағы сайлы адам /сұлтандардан басқа/ ел қазынасына деп сұлтандар мен хан /елбасы/, жауаптылығына өз меншігіндегі дүниенің, малдың өсімінен 1/20 бөлігін жыл сайын беруі шарт.*

#### Хан сайлау:

*Қазақ халқы ерте заманнан ханға бағынған ел. Хан қоғамдағы ең жоғарғы биліктің өкілі. Қазақ*

халқының үлкен хандарын "ақ кигізге" көтеру дәстүрі ел болып хан билігін мойындаудың белгісі. Барлық қазаққа ортақ билік иесін "үлкен орданың ханы" деп атайды, сонымен бірге әр жүз немесе ұлыс билеушісі сұлтандарды "хан" деп марапаттау бар, бірақ ақ кигізге ел болып түгел көтермегеннен кейін олардың деңгейі төмен. Сол себептен ұсақ ұлыс билігін "келте хандық" деп атайды. Хан атағы әкеден балаға қалатын мұра емес, негізгі шарт азадан ініге қалады. Бірақ, халықтың көңілі кетіп, өзіне жағымды деп тапса, сол адамына береді. Шарты, үлкен хандардың тұқымынан болуы керек, негізгі өзектен. Хан болатын үміткер Жарғының алдында сыннан өтеді. Халықтың негізгі бөлігі қатынасқан-жиын, /қаз, мәслихат/ ханды сайлауға рұқсат береді. Хан болатын үміткер өзін жан-жақты көрсетуі шарт: ел арасындағы келіспеушілік болса төрелік жасап, жаугершілік болса қолбасшылық жасап, келіссөздер болса елдің намысын сақтап. Хан атағына үміткерді ел басшылары толық жиналған соң боз биенің сүтіне шомылдырып ақ киізге салып көтереді. Ханды қолдайтын билер ақ киіздің шетін ұстап ел жиынын аралайды. Ханды үш рет көтереді. Елдің бәрі ханды көтерген сайын "Хан", "Хан" деп айғайлап дауыстайды. Бұдан кейін сол жерде адамның бәрі жапа-тармағай жабылып ханды "тәбарік" деп бөліп алады. Ақ киізге көтерген соң боз биенің сүтіне шомылдырады, хан киімін кигізеді/алтынмен оқаланған хан шапаны мен айыр қалпақ/. Ең жақын- жанашыр деген адамдар ханның ескі киімін өзара бөліп алады. Боз биенің сүтіне шомылдырылғаннан кейін ханды ел алдына алып шығып таныстырады. Осы жиында ханның жанына кеңесші болатын "нақтарды" сайлайды, ханның балаларын тәрбиелейтін, ханның елшілік тапсырмасын атқаратын "аталық" сайлайды. Қазға (жиын, мәслихат) қатысқан ірі рулардың билері ханға арналған тарту-таралғыларын тапсырады. Ханның туын көтереді, ту көтеріп жүретін, соған жауапты батырды белгілейді. Қаздан (жиын, мәслихат) шыққан ел рәсім аяқталған соң ханның меншігіндегі малдың бәрін "хан талапай" деп қолына түскенін айдап кетеді. Бірақ, оның ертеңінде әрқайсысы ханға еселеп сыбаға жібереді. Қаз жиынына қазақ елінің атқамінер, қаруы сайлы азаматы түгел қатысады. Түркістан мен Ташкенттің, сол жердегі қалалардың тұрғындары түгел қатыстырылады, ғұлама моллалар, қожалар "бәтуа" береді. Қаз жиынның соңы қашанда қызық-думан той болып аяқталады. Ел басшылары өзара келісімге келгенінің белгісі ретінде "аққасқа-көкқасқа" сойып/құрбандық шалу/ соның бауыздау қанына бармақтарын батырып, көкке көтереді /уағданы бұзсақ көк соқсын делінеді/.

Осылай өзара серттескеннен кейін хан билігі ел ішінде мойындалған болады.

Хан сайлауға қатысқан ел бұдан былай (ханға қарсылық-құдайға қарсылық ( деп өзара хан атағын сыйлауға бәтуаласады. Ханға қарсылық жасаған руларды Жарғы жазаға тартады. Ханның ірі рулардан сайланған нақтары өз руларының күшімен кез-келген қарсылықты басып отырады, кінәлі рулардың билері тоғыздан айыптарын тартады. Хан алдында кінәлі болған жеке адамдарды жасауылдар мойнына құрым іліп, қара сиырға мінгізіп хан ордасын айналдырады.

Хан қазақ елінің бас төрешісі қызметін атқарады. Жүз, ру арасындағы ірі даулы мәселелер ханның қатысуымен шешіледі, қатыспаған күннің өзінде "хандығын" алады. Хан өз қалауымен Жарғының келісімін алса, кез-келген адамды /кінәсіна қарай/ өлім жазасына кесе алады.

#### **§ 4. Билікке жататын істер**

Билердің алдына немесе "кеңес", "жүгініс" сияқты билердің басы қосылған ортаға түсетін мәселелердің қатарына:

а) Адамның жеке басына қарсы; ә) рулы елге қарсы; б) қалыптасқан қоғамдық тәртіпке қарсы; в) қабылданған дінге қарсы, құдайға қарсы жасалған қылмыстың түрлерін енгізеді.

Қылмыс ұғымының орнына-қаскүнемдік, жаманат, жаман іс, күнә т.б. түсініктер жүреді. Қылмыстың түрлерін осыған байланысты "Жарғы": неке мен отбасы тәртібіне қарсы қылмыс (жесір дауы, қалың мал мен жасау т.б.), меншікке қарсы жасалған қылмыс (мал-мүлікті, дүниені

ұрлау , тонау т.б.), қалыптасқан қоғамдық тәртіпке қарсы жасалған қылмыс /ру құндылықтары, тәртібі, қонақасы т.б./ және құдай тағала алдында күнәһар болу деп екшеп береді. ”Жарғы” қазақ тіршілігіне қатысты даулардың бәріне қалыпты қоғамдық жағдайды, өмір салтты бұлжытпай ұстап отыру тұрғысынан қарастырады. ”Жарғы” билік дәстүрін іске асыратын адамдарға, осы қоғамның ең жауапты, адал қызметкерлері ретінде, шексіз билік береді.

*Осы көрсетілген қылмыс түрлерінен туындайтын ең ауыр оқиға-кісі өлімі, ел тонау, ұрлық, зорлау, ойнас деп есептеп, осындай салдарға алып келген даулардың бәрінде де қатал өлім жазасының қолданылуына рұқсат етеді. Қоғамдағы қылмысты тоқтатудың, туыстықты сақтаудың негізгі жолы туысқандық деп білетін “Жарғы” сонымен қатар қандай да оқиғаны ушықтырмаудың көзі кінәліні қатаң жазалау екенін ескертеді. ”Жарғы” адам өлімінің үш түрін қарастырады: а/ жол тәртібін ұстап, кек құып өлтіру; ә/ әдейі қастандықпен өлтіру; б/ абайсызда кездейсоқ өлтіру.*

*1. Жол тәртібіне жататыны-қожайыны құлын өлтіру, мал иесінің ұрыны, қарақшыны өлтіру, үстінен түсіп, күйеуі әйелі мен ойнасын өлтіру т.б. қылмыс үстіндегі өлімдер.*

*2. Әдейі қастандықпен өлтіруге ұзыннан өші, қысқадан кегі жоқ адам төбелес үстінде өлтіру, жолаушылап келе жатқан адамды өлтіру, ел тонап жүріп адам өлтіру т.б. өлім түрлері.*

*3. Абайсызда қателікпен өлтіру- аңшылық кезінде жазым болып өліп кетсе, ойын-той, бәйге кезінде өлсе немесе күресіп жүріп өліп кетсе, абайсызда ат теуіп өлтіру т.б.*

*Осылардың ішінде “қасақана кісі өлтіру” ауыр жазаланады, егер өлген адам денесі табылмаса, кісі өлтіруші жақ екі есе құн төлейді және елден аласталады. Зәбір қрген жақ өлім жазасын талап етуге хақылы. Денесіне зақым келген адам кінәлінің дәл сол мүшесін зақымдауға ерікті.*

*Абайсызда болған күннің өзінде, мысалы, атты адам аяғы ауыр әйелді қағып кетсе, ол өлсе, оның ішіндігі баласына да құн төлеуге міндетті. 5 айға дейінгі шарананың әр айына I жылқы, одан әрі айына I түйе.*

*Адам өлген жағдайда оның туыстары құннан бөлек “қанжуар” деп қарсы жақтан /қылмыскерлердің өзінен, не руынан/ мал алуы айыпталмайды. Егер “қанжуар” алынбай қалса, билер құнның үстіне “қанжуар” қосуға ерікті.*

*Меншікке қол сұғудың қандай түрі болса да, /ұрлық, тонау, шабу/ ел “жау шапты” деп ұран көтеруге, қарсылық көрсетуге хақылы; ұрлық жасағандар “үйірімен үш тоғыз” қайтарады, оған қосымша “мойнына қосақ, көтіне тіркеу” байлайды, оны көтере алмаса босағаға байланады, бұғалық салып жазалайды. Екі қылмысқа екі жаза, бір қылмысқа бір ғана жаза/ бір қойдан екі тері алмайды/ болады.*

*Ер қаруы болып табылатын, ердің басын сақтайтын заттар /қылыш, найза, шідер, үзеңгі, жүген т.б./ ұрлығы өте ауыр жазаланады.*

*“Жеті Жарғы” қазақ қоғамының қалыптасқан саяси, этникалық, шаруашылық, әлеуметтік дәстүрлерін сақтау мақсатында қылмыстың ұсақ-түйегі болмайды деп есептеп бәріне жаза қолданады. Осы себептен қылмыс туралы даугердің өтініші келіп түспей-ақ кез-келген елге абыройлы бидің өз бетімен істі бастауына рұқсат беріледі.*

## **§ 5. Кеңес және жүгініс**

*1. Даулы істің ауыр-жеңіліне қарай билік айту бінеше жағдайда іске асады:*

*а/ Егер іс өлімге, ел тонау, зорлық т.б. ру аралық ауыр қылмысқа байланысты болса, оны Кеңес шешеді, 8-ден 24-ке дейін би қатысады. Төбе биді даугер мен жауапкер жақ өзара келісіп таңдайды.*

*Төбе би өз таңдауы бойынша алдын-ала Кеңеске билерді, ақсақалдарды шақырады. Даугер мен жауапкердің Кеңес мүшелеріне қатысты пікірі ескеріледі*

*ә/ Егер іс үлкен ұрлық, тонау, жесір дауы, денеге зақым келтіру сияқты ру ішіндегі немесе көрші рулармен арадағы қылмыспен байланысты болса, оны Жүгініс шешеді. Оған 6-8 би, ақсақал қатысады. Төбе биді екі жақ келісіп таңдайды. Жүгініс мүшелерін төбе би шақырады.*

*б/ Егер ата баласының, ру ішінің арасындағы дау болса (төбелес, боқтау, ұсақ ұрлық т.б.) бір бидің немесе ақсақалдың өзі де шешеді. Бидің ынтасына қарай көрші-қолаң ақсақалдар бұл шешімге қатыса береді.*

*2. Есесін қуып жүрген жақты-даугер /даушы/, ал оның қарсы жағын жауапкер дейді.*

*3. Биліктің тәртібі бойынша билер мен ақсақалдар төбе басында қатарласа отырады /жарты шеңбер болып/.*

*4. Ең алдымен төбе би жиналған елге істің барысын баяндайды, билікке қатысып отырғандарды таныстырады.*

*5. Кеңес пен жүгіністің шарты бойынша екі жақта би алдында шарт жүгініп отырады, екі қолын салалап, тізесінің үстіне қояды.*

*6. Алғашқы сөзді даугер бастайды, ол сөзін аяқтағаннан кейін оны жауапкер жалғастырады.*

*7. Жүгініске отырмай тұрып би екі жақтың жақсыларына, не даугер мен жауапкердің өзіне өзара келісімге келу (қарындас, салауат) жөнінде ұсыныс айтуға хақылы /төреге барып, төбеге шықпайық/.*

*8. Егер екі жақ та биге салса, ол даудың шешімін не өз ақылымен, не жанындағы билермен ақылдаса отырып айтуға тиісті.*

*9. Билік айтылатын жерге даугер мен жауапкердің туыстары, ағайындары, жақтастары келуге хақылы. Олардың әр қайсысы талқылау барысында сөйлеймін десе ерікті.*

*10. Билікті бидің жалғыз айтуына мүдделі болса, даугер мен жауапкер оны алдын-ала ескертуі тиіс.*

*11. Егер дау бірнеше бидің талқысына түссе, онда орталарынан төбе би сайланады. (Даугер мен жауапкерден ұсыныс түспесе билердің өздері келіседі)*

*12. Би шешіміне разы болмаған жақ, екінші жақтың келісімін алып, өзге биге баруға ұсыныс жасауға хақылы ("Үлкен қазанда, немесе басқа қазанда қайналық").*

*13. Егер жолы кіші рудың биінен дау бітім таппаса, не даушылардың шешімге көңілі толмаса, жолы үлкен рудың биіне баруға хақылы /мәселен-Бай ұлының биіне көңілі толмаса, оның үстінен Әлім ұлы биіне барып шешімді бұза алады/.*

*14. Екі жақ бірдей биді мойындаса, соның белгісі деп бидің алдына қамшыларын тастайды.*

*15. Жауапкер, не даугер келісімді уақытта би алдына келмесе, онда би сол елдің жақсыларына сын айтуға мүмкіндігі бар. Егер би мен оның өтініш берушілері бір рудан болса, би өз бетімен*

жасауыл жіберіп, күшпен алғызуға хақылы.

16. Жасауыл ақы немесе "ат майы" жауапкердің есебінен өтеледі.

17. Егер дауласушы жақтың бірі /кінәлі/ билікке келмесе, билер барымта алуға рұқсат береді.

18. Даугер мен жауапкердің сөздерінде /мәселен мал, не жесір туралы/ бірдей қиынсыздық болса, би екі жағына тең жарады. Мұны "Жарасу" немесе "Қарындас болу" дейді.

19. "Қарындас болып" бітуге ешқандай шек болмайды.

20. Би алдына келген қандай болмасын істі "жан бергізбей", яғни екі жақты антқа түсірмей бітістіруге мүдделі болуы керек /"жаман би жанға салады"/.

21. Жауапкер де, даугер де іс барысында куәлерді қатыстыруға хақылы. Би алдында өзінің айғағын ұсынатын адамды "бет айғақ" деп атайды, ал егер жасырын қалғысы келсе, оны "сырт айғақ" дейді. Ел алдында екеуінің де сөзі сенімді болуы шарт.

22. "Бет айғақ" өзінің куәлігі үшін "сүйінші" /табылған дүние- малдың 1/5 бөлігіне дейін/ талап етуіне бөгет жоқ, егер айтқаны жалған болса, оны қайтаруы тиіс.

23. Егер "бет айғақ" би алдына келмесе, би оны жасауыл жіберіп алғызуға хақылы /ақысы кінәлінің үстінен/.

24. Айғақ берушілердің дауласушыларға туысқандық немесе жолдастық қатысы болмауын би өзі қадағалайды /"жан айғақтың тайғағы"/.

25. Егер айғақ екі жақтың біріне бүйрегі бұратын болса, ол куәлік етуге жіберілмейді /"Жан-айғақтың тазасынан"/.

26. Егер айғақ елге өте танымал және беделді /Сұлтандардан, не атақты би-батыр тұқымынан/ болса, одан "жан беру" талап етілмейді.

27. "Жан берушіні" таңдау міндеті даугерге жүктеледі, не бидің өзі жауапкер жақтың бір беделді адамын жанға салады.

28. Егер қылмыскердің бала-шағасы қылмысты біліп тұрып жасырса, олар кінәлі болып табылмайды және айыпталмайды.

29. Жауапкер өз кезегінде кінә тағып отырған жақты ішінен даугердің сөзін бекітетін "жан беретін" адамды таңдауға мүмкіндігі бар.

#### Жан беру:

"Жан беру"-қазақтың ежелгі дәстүрі немесе оны "Ант беру" деп атаған. Ант беру, жан беру көбінесе үш жағдайға байланысты қолданылады:

1. Алдымен болған оқиғаға, яғни қылмысқа байланысты күмәнді сейілту үшін, күмәнді адамның ең беделді туыстарынан, не руларынан бір кісі "жан беру" керек. Өздерінің билерге жасаған шағымдарына байланысты жан беретін адамды қарсы рудың ішінен таңдап, нұсқау міндетін даугер жақ алады.

2. Екіншіден, жауапкер жақ кінәсін мойнына алмаған жағдайда және ешқандай қосымша дәлел табылмаған кезде даугер өзінің шағымының шын екенін дәлелдеу үшін жан береді.

3. Үшіншіден, билердің алдында болатын жүгіністе куә есебінде /айғақ/ сөйлейтін адамдар жан береді. “Жан беру”, арқылы бет айғақ болған қылмысты куәландырып, қылмыскердің мойнына салып береді. Сондықтан, ондай куә адамның орны да, сүйіншісі де қомақты, ал дәлелі негізсіз болса, сүйіншіні де, шыққан шығынды да қайтаруға тиісті.

Даугер жақтың келісімі бойынша, жұрт алдына туысқаны үшін жан беруші сол елдің беделді, абыройлы адамдары болған іске қанығу үшін бір жұмадан бір айға дейін билерден мұрсат алады, сөйтіп, ол әбден анықтап алғаннан кейін ғана туысының кінәсіздығына көзі жетсе оны тазалап жан береді. Ал енді туысының өтірігін, ұрлығын т.б. сезген “жан беруші”, немесе “жанға ұстанған”, адам билерге хабар жөнелтіп, кінәлі туысына араша түсуден бас тартады.

Күмәнді туысын тексеру үшін жан беретін адам оны шақыртып алады, қара қойды сойғызып, соны айналдырып жүргізеді, мұны “құрмалдық”, деп атайды.

Егер “жан беруші”, азамат билердің белгілеген жеріне, ел алдына келмесе өзінен - өзі жауапкер жақ кінәлі болып саналады.

Ал, ауыр жағдай кезігіп, жан беруші адам не ауырып, не қайтыс болып кетсе “жан беру”, кейінге шегіндіріледі, бір жылға дейін күшін жоғалтпайды. Мұндайда қазақ: “Жан бергенге- жай бер” деп тосып жатады. Жан берушіні таңдау: егер бір бас қой немесе бір жылқы ұрланса, күмәнді адамның үш атадан қосылатын ет-жақын туысы жан беру керек. Оңа дейінгі мал ұрланса жеті атаға дейін туысатын бір ағайын ара түсе алады. Ал, егер ұрланған мал 50 басқа дейін жетіп қалса, сол елдің ортан қолдай бір басшы азаматы жан беруі керек, ал 100 бастан асса, мұндай жағдайда күмәнді сейілтуді үшін рудың ең тәуір, әділ деген екі азаматы жан береді.

Бір адам екі қылмыс бойынша күмәнді болса, онда екі туысы оны ақтап жан беруі керек.

„Жан беру“ гұрпы бір биік, еңселі жерде, қырда, болмаса бейіт басында, не су жанында өтеді. Жиналған қалың елдің алдында жан беруші өз туысының ақтығын жақтай сөйлеп, ант етумен аяқтайды. Көбінесе ант сөздері былайша келеді:

“Егер өтірік айтсам, құдай атсын, о дүниеде иман бұйырмасын, бұл дүниеде мал - басымның игілігін көрмейін”. Ауыр қылмыс үшін күмәнді жауапкердің жан беруші ақтығын дәлелдеу үшін ауыр сыннан өтуге мәжбүр болады. Мысалы, оқтаулы мылтық ұңғысын сүю немесе ата-бабаның бірінің көрін үш қайта айналу. Міне, бұл айтылғандардың бәрі тек туысының ақтығына сенімді қазақтың ғана жүрегі дауалайтын сынақтар. Ең сирек кездесетін жан берудің түрі мынадай: жан беруші адам үйдің оң жағына, өлік шығатын тәртіппен жатады, сүйекке түсетін тәртіппен жуылып, кебінге оранады. Сонда ғана даугер жақ күмән туғызған елдің, адамның тазалығына көзі жетеді. Әрине, мұндай ауыр дәстүр сирек кездеседі. Көбінесе жауапкер жақтың бір асыл адамы билер отырған биікке көтерілгеннің өзін қазақтар ұсақ-түйек күмәнді сейілтуде жеткілікті деп саналады. Жан беру дәстүрін халқымыз өте ауыр деп қасиеттеген. Тәңірінің жазасынан құтылу үшін, осындай дауға түсетін адаидар бүкіл руластарын шақырып, ақсарыбас сойып, дәм береді. Кейде жас баланың ит көйлегін жүрек тұсына байлап та барады, ақтығын дәлелдеу үшін.

Сонда да жан беретін адамды жазасыз қалмайды деп есептеп, ел қауіптенеді. Оған мысал:

“Ант ішкеннің үйіне барма, айрандай жұғады”;

“Ант ішкеннің мыңы өледі, у ішкеннің бірі өледі”.

30. Әйелдің куәлік беруіне рұқсат, бірақ олардың сөзінің шындығына күйеуі “жан беруі” қажет.

31. Ірі қылмысты істерге немесе көп мөлшердегі мал дауына әйел адам айғақ бере алмайды.

32. Құл, күң , жас бала, есі шала адамдар айғақ бере алмайды.
33. Егер даугердің істі қарау кезінде айғаққа ұсынатын адамдары болмаса да би істі қарап теңдігін алып беруі керек.
34. Жауапкер сырттан келген келімсек болса, немесе азаттығын жаңа алған құл болса, оның тазалығына кепілдік ететін ешкім табылмаған жағдайда, оның кінәсін мойындатып, даугер жақтан бір адам “жан беруі,, керек.
35. Егер жауапты адамның белгілі руға бір қатысы, араластығы болса, сол рудың беделді адамынан жауап талап етіледі.
36. Егер адамдар арасындағы дау мал мен мүлікке байланысты болса, кепіл талап етіледі.
37. Егер алушының /мәселен-жүйрік атты/ иесіне қайтаратынына бәсін тіккен болса, ол кепілді- “зер кепіл” деп атайды. Зер кепіл, бидің талап етуі бойынша, алушы қайтара алмаса өз қолынан, өз малынан қайтарады.
38. Өз малын кепілдікке тікпейтін, бірақ жауапкердің уақытылы қайтаратынына уағда қылған болса, оны „жәй кепіл“ дейді.
39. Би даудың шешімін ел алдында айтқанынан кейін екі жақ ала арқанды тартып ара ағайынның бірі оны қақ ортасынан кеседі /”ала жіпті кесу”/.
40. ”Ала жіпті кесу” даудың тиянақ тапқанын білдіреді. Би алдына қылмыскер, мәселен ұры, қылмыс үстінде қолға түсіп әкелінетін болса, ол жағдайда аяғы алажіппен шандылады. Сол қалпында би шешім айтқанға дейін жатады.
41. Билердің алатын „билігі“, ел билеуші ханға, не ұлыс сұлтанына берілетін “хандық“; жасаулардың ақысы Кеңес, не Жүгініс аяқтала салысымен беріледі.
42. Даугердің тарапынан билерге, ел ағаларына арналған “тарту,, болуы мүмкін /билік соңында беріледі/ үлкен дау болса „тоғыз“, кіші дауларда „ат шапан“.
43. “Биліктің” көлемін мөлшерін хан, не ұлыс сұлтағы белгілейді (егер билікке қатысып отырса).
44. “Хандықтың” көлемін, мөлшерін билікке қатысып отырған билер белгілейді.

## Екінші таған

### Жарғының алтын қазығы

#### **§ 1. Отбасы және неке**

1. Туыстық есеп өзегі атадан бастау алып, қарым - қатынастың барлық саласын баурайды. Қоғамдық және қауымдық тіршіліктің әр саласында түрлі туыстық ұғымдар қолданылады: ұру (ру), сүйек, ұрым-бұтақ (ұрқы), жұрағат, ағайын ел-жамағайын, жеті ата, ата баласы, аталас, топ, тармақ, арыс, төбе, тайпа т.б.

Осылардың ішінде қандас туыстық жеті атаға дейін ерекше сақталады: “жеті атасын білген ер-жеті жұртының қамын жер”, “жеті атасын білмеген – жетесіз” т.б.

Қандас туыстықтың деңгейлерін көрсету үшін төмендегі ұғымдар қолданылады:

1. ата
2. әже
3. бала жеті ата
4. немере
5. шөбере
6. шөпшек
7. немене
8. туажат
9. жекжат
10. жүрежат
11. жұрағат
12. ұрпақ

Қазақ ішінде „үш жұрт“ ұғымы қолданылады. Біріншісі- ер адамның әкесі жағынан туысатын өз жұрты, әйелдің - төркін жұрты деп аталады. Екінші- шешесі жағынан туысатын нағашы жұрты. Үшіншісі - әйелі немесе күйеуі жағынан туысатын қайын жұрты. Қазақ ата намысына қаниа тартса да “ердің жақсы болмағы нағашыдан” деп нағашы жұртына аса үлкен маңыз береді.

#### Нағашы- жиен арасы:

1. Нағашы жиеніне „40 серкеш “ беруі керек. Жиені нағашысына „қырық серкешімді алуға келдім“, - деп арнайы нағашылап барғанда, оны құр қайтармай, өзінің қалағанын алып қайтады.
2. Жиені көңілі түскен нәрсесін, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық болсын қалаған бұйымтайын нағашысы қолынан бермесе, жиені жолынан алуына хақы бар.
3. Жиен нағашысынан үш ретке дейін қалағанын ала алады және мұндай жиендік ету үш ретке дейін айыпталмайды.
4. Төркіндеген шешесіне еріп келген кішкентай жиендеріне нағашылары бәсіре мал атап, жас төлдерге ен салдыртып, кейін жиені ер жеткенде енші қылып береді.
5. Нағашыларының алдында бөлелердің хақы бірдей. Екі қыздан туған жиендердің нағашыларына бірдей барып, жиендік етулеріне тиым жоқ.
6. Бөлелер арасында неке қарым- қатынастарына рұқсат етіледі.

#### Ата-ана мен бала:

1. Әке отбасына тиесілі мал мен мүліктің, жер мен судың, құл мен күннің негізгі иесі болып табылады.



2. Әйел өз жасауына өзі иелік етеді.
3. Ері қайтыс болған күнде, бүкіл дүниеге әйелі ұлы кәмелетке жеткенше ғана иелік етеді.
4. Әкелері қайтыс болған от басының тіршілігіне кәмелетке толған үлкен ұлы жауап береді. Іні-қарындастарынына қамқордық жасау үлкеннің міндеті.
5. Егер ері әйелін кінәсіз өлтірсе, әйелінің туыстарына құн төлеп және жасауын қайтарады.
6. Егер ері әйелін ашынасымен ойнас үстінде ұстап алса, әйелін өлтіруге хақы бар. Мәселе билердің алдына түссе төрт кісі не ақтап, не қарамал жан беруі керек.
7. Егер әйелі күйеуін өлтірсе, онда ол өлім жазасына кесіледі; Егер күйеуінің туысқандары кешірсе, әйел бұл жазадан құтыла алады.
8. Егер ерлер арасындағы жанжал, төбелес болып жатқан жерге әйел кірісіп кетіп қайтыс болса, онда оған ешқандай құн төленбейді.
9. Балаларының әкесіне қарсы шығуға хақылары жоқ. Әке еңші алмаған балаларына, дүние - мүлкіне ие болып, шектеусіз билік жүргізеді.
10. Әкесі баласын өлтірсе, жазаға тартылмайды.
11. Егер өзінің әкесін немесе шешесін балалары балағаттаса, онда сиырға теріс қаратып отырғызып, мойнына ескі құрым іліп, ауыл аралатады, немесе қамшымен дүрелейді. Ал қызды байлап, шешесінің жазалауына береді.
12. Әкесі балаларынан сұрамай олардың еңшісіндегі малын пайдалануға (атын мініп кету) хақылы.
13. Баласы әкесәнәң, не жақын туысының мал-дүниесін үш ретке дейін сұрамай пайданала береді.

#### Еңші беру

1. Отбасындағы балалар ер жетіп, ұйленгенде онын еңшісін беріп, бөлек шығарады.
2. Кей кездері үйленген ұл ата қонысынан бір-екі жыл шықпай отырып, өзіне тиісті еңшісін кеш алса ерікті.
3. Ұлын бөлек шығарарда әкесі бүкіл ағайын-туыстарын жинап, мал сойып, той жасайды.
4. Туысқандары өз әлінше бөлек шығаруға көмектесіп, мал мүлік қосуға, беруге ерікті. Нағашылары тарапынан да немеурін көрсетіледі.
5. Бөлек шығып жатқан келін өзінің жасауынан бір жақсы затын, киімін атасына беріп, оның орнына атасы қойды қосақтап байлайтын арқанды береді (қосақ басы), бата жасатады. Бөлек шыққан отаудың белгісі ұсақ малға ен салу.
6. Еңші алып бөлек шыққан ұл өз шаруашылығын өзі жүргізуге хақы бар.
7. Алғашқы кездерде, мысалы қыстау алып, әбден орныққанға дейін әкесінің ұлына көмектесуі шарт. Ал кейіннен ұлы әкесіне көмектесуге тиісті.

8. Егер от басында бірнеше ұл болса, онда бөлек шыққысы келген балаларына еншісін бөліп беріп, бөлек отауларға шығарады. Әкесімен тек кенже ұлы қалып, өлі-тірісіне, ата орынына ие болатын шаңырақ иесі болып есептеледі.

9. Енші алған ұл, әкесі өлген соң қалған малынан ештеңе талап етпейді және оның мал-жанын сақтауға қайрат қылып “үлкен үйден қор кетпесе бәрімізге жетер” деген қағиданы ұстайды.

10. Қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша ұлға енші берумен қатар ата мүлкінен үлес сыбаға алуға ұзатылған қыздың да хақы бар.

“Төркіндеу” өзінің жол-жоралғысымен жүреді. Мәселен бір адамның екі ұлы, екі қызы болса, үлкен қызы ұзатылған, одан кейінгі ұлы үйленген де, қалған бір ұлы, бір қызы қолында. Бар малын есептеп, бөлек шығаратын үлкен ұлына енші бермес бұрын ұзатылған қызы әлі төркіндеп келмесе, оған берілетін сыбағасы бөлінеді, ал бұдан бұрын төркіндеп келіп, өз сыбағасын алып кетсе, оған ешбір үлес тимейді. Кіші қызының жасауына, кіші баласының қалың малына деп белгілі мөлшерде мал қалдырады да, қалған малды төртке бөледі. Бір бөлегін үлкен ұлына еншіге береді, ал қалған үш бөлек ата-анаға және кенже баланың үлесі болып қара шаңырақта қалады.

### Мұрагерлік

1. Әр адам меншігіндегі мал-мүлікті өз туысынан басқа адамға қалдыруға хақы жоқ.

2. Кейбір жағдайда қимас досына мұра есебінде бергісі келген малын, затын өз мұрагерлеріне тапсырып кетуге ерікті.

3. Өлген адамның артында мұра есебінде мал, жер-су, үй-жәй, мүлік, ақша қалады, оған жесірімен бірге құлдары мен күңдері кіреді.

4. Өлген адамның соңында жас балалары қалса, әрі олардың туған шешесі болса онда өлген әкесінен қалған мал - мүлікті мирасқа бөлішектеуге ешкімнің хақы жоқ.

5. Егер өлген кісінің енші алып кеткен ұлдары мен ұзатылып кеткен қыздарынан басқа қолында бала болмаса, немесе бірге тұрған кіші әйелінен бала тумаған болса, онда өлген кісінің жылы толғаннан кейін асын береді де, ағайын-туғандары жиналып, қалған мал-мүлікті енші алып кеткен ұлдары мен қыздарына, оң жақта қалған олардың өгей шешесіне бөледі. Ол мынандай мөлшерде: туған ұлдарына -екі еседен, есігіндегі еншілес болып жүрген құлы мен күңі болса оларға ширек еседен сый тиісті.

6. Егер тіршілігінде көп әйел алып, олардың еншісін әуелден бөлек ұстаған болса, әр әйелдің бөлінбеген кенже баласы иемденеді.

7. Әке жастай өліп, артында жас балалары мен жас әйелі қалса, әменгерлік бойынша өлген адамның бірге туған ағасы не інісі, ондай туысы болмаса немере, шөбере туысқандары, қала берді аталас жақындарының бірі жесірге үйленіп, балаларын өз қамқорлығына алып, мал-мүлікке заңды түрде иелік етеді.

### Асырап алу

Асырап алу қазақ ғұрпында өте жиі кездеседі. Оған негізгі себеп елдің басындағы жаугершілік, қоғамды толық игеріп отырған туысқандық байланыстар жүйесі, ру ішіндегі ер адамдар көп болсын деген мүдде.

Қазақ шежіресінің ұзын ырғасы осындай асырап алу оқиғаларын жиі баяндайды. Соған қарап қазіргі қазақ руларының көпшілігі белгілі бір тарихи кезеңде бір-бірімен саяси және шаруашылық

мүденің ортақтығы жақындастырған қауым деп есептеуге болады. Бала асырап алған кезде қазақ ешкімді де бөтенсінбейді-ағайын туыстың баласы, алыс жамағайын, қолға түскен тұтқын, ат арқасына мінгесіп келген олжа-бәрі де қазақ ішінде егер пысық, еті тірі болса өз орнын, яғни әкесі мен шешесін тауып кетеді.

Бала асырап алатын адам алдымен ел ақсақалдарына, ру басы көсем-биге осы шешімін хабарлайды. Елді жиып, қазан көтереді, ақсақалдардың батасын алады. Баланың қолына қойдың, не жылқының ортан жілігін ұстатып үйге кереге астынан кіргізеді. Ол үшін бірнеше қарулы жігіт кигіз үйді аздап көтереді, сол саңылаудан бала үйге еңбектеп кіреді. “Ортан жілік ұстады ма екен ?” деген сөз осыған байланысты қалған, ол жілікті ұстаған бала әкеден қалған жан мен малға мұрагер есепті.

Кигіз үйдің ішіне енген соң екінші бір гұрып бар. Сол ауылдың кәрі әйелдерінің отыз-қырығы тізіліп тұра қалып, асырап алынатын бала аяқтарының арасынан жорғалап өтеді. Ол да болса осы елдің баласы, ешкім бөтенсімейді деген ишара.

Үшінші бір гұрып бала асырап алушының әйелі, осы шаңырақтың бәйбішесі, бір үлкен көйлегін кигіз үйдің оң жағына төсейді. Бала сол көйлектің жағасынан кіріп етегінен шығады. Бұл ишара бала сол бәйбішенің ішінен шықты дегенмен бірдей (киімді бала).

1. Егер жесір әйел әменгерлікке мойынұсынбай, басқа біреуге өз еркімен тұрмысқа шықысы келсе, немесе төркініне кетпек болса, оған өзінің киім -кешек, төсек-орыны мен мінер атынан басқа ештеңе берілмейді.

2. Жесірдің тиетін күйеуінен айып ретінде үш тоғыз немесе бір қызға берілетін қалың мал алынады. Шешесі басқа күйеуге шыққанда жас балалар әкесінің туыстарында қалып, әкеден қалған мал -мүлікке мұрагер болады.

3. Бір некеден туған балалардың мал-мүлкіне екінші, не үшінші некеден туған балалардың қол сұғуына хақылары жоқ.

4. Егер бір некеден ешбір мұрагер қалмаған болса ғана әке мұрасын басқа некеден туған балалар бөліседі.

5. Асырап алынған бала өгей әкесі өлген соң, оның заңды мұрагері болуға хақы бар. Мұра болған мал-мүлікке марқұмның туыстары қол сұғуға еріктері жоқ.

6. Егер әке асырап алған баланы өзінің мұрагері еткісі келсе, көзінің тірісінде оның мұрагерлік хақын жариялап кетеді.

7. Егер әке көзі тірісінде арнайы мұрагер етпесе немесе кенеттен өліп кетсе, өсиет айтылмаса әкенің жақын туыстары әке мұрасын асырап алған ұлға билетпеуге ерікті .Оған ұлға берілетін енші мөлшерін толығымен беріп , үйленбеген болса қалың мал беріп, қалған мал-мүлікті туыстары өзара бөліседі.

8. Егер қайтыс болған ұлының баласы болмаса, оның дүние - мүлкіне иелік әкесіне қалдырылады.

### Қыз алып қашу

1.Өзінің айттырылған қалыңдығын алып қашқаны үшін, жігіттің туыстары ат-шапан айып төлейді және бұл ауыр қылмыс болып есептелмейді.

2.Айттырылып қойған қыз, өз сүйгенімен қашып кетсе, бұрынғы айттырған күйеуіне қыздың туыстары қалыңмалын қайтарумен бірге, бір қызды айып ретінде береді немесе қыз орнына қалың мөлшерін төлейді.

*Қыз әкесі айыпты болмаған жағдайда, қызды алып қашушы төлейді*

*3.Егер қыз әкесі алып қашушымен үндес, жымдас болса, бұрынғы құдасына қалыңын қайтарып, өз тарапынан айыбын төлейді немесе басқа қызын береді.*

*4.Қызды айттырып қойған жақ, қызды алып қашушының тарапынан кешірім сұрау, немесе қалыңмалын айыбымен қоса қайтару кешіктірілсе өлім жазасын талап етуге, не барымтаға шығуына рұхсат.*

*5.Егер айттырылмаған басы бос қызды алып қашса, онда алып қашқан адам қыздың ата-анасына қалыңмал, түйе бастатқан тоғыз немесе қалың ретінде бір қыз беріп, алып қашқан қызға үйленеді.*

*6.Біреудің әйелі келісімінсіз алып қашу өлім жазасына кесіледі, не құн төлейді. Егер келісімімен алып қашса қалың малын қайтарып, үстіне қыз қосады.*

*7.Қызды, не әйелді зорлау өлім жазасына кесіледі, не құн төлейді, егер туыстары соған келіссе. Егер зорлықшы қызға үйленетін болса құн орнына қалың мал төлейді.*

### Құда тарту

*Ұлына жар таңдаған әке жақсы ниетті білдіру үшін қалыс адамды “жаушы” етіп жібереді. Жаушы сөзін: “Сізде лашын бар, бізде сұңқар бар”, - деп бастап, құда болғылары келетінін айтады. Егер қыздың ата-анасы бұл ұсынысты қабыл алса, жіберілген адамдар сол арада қалыңмал туралы сөйлесіп, оның мөлшерін келіседі. Жаушы “қарғыбау” кәдесін тартады, құдалықты бекітер кәдесін-ат пен шапан береді. Қыз әкесі жаушы арқылы күйеу әкесінің туыстарының “құда түсер” мезгілін айтады. Қалыңдық аулына келе жатқан құдалар, өздерінің келе жатқандығы туралы хабар берді. Қалыңдық әкесі өз туыстары мен достарына құдаларының келетінін айтып, киіз үй тігіп, ақсарбас қой сойылып, бата оқылады. Алғашқы “құда тарту” жігіт жағзы қыз ауылына жақындағанда басталады. Құдалардың санына қарай қыз жағзынан жігіттер қарсы шығып, ат үстінде “құда тарту” болады. Ең бағалы сый күйеудің әкесіне немесе оның орнындағы адамға тартылады. Уәденің белгісі ретінде қонақтардың алдына жіңішке етіліп кесілген құйрық пен бауыр қойылады. “Құйрық-бауыр” ең алдымен жігіт туыстарына, сонан соң қыз туыстарына беріледі. Құда түсу тойында құтты болсын айтып келген әйелдер құдаларға арнап шашу шашады. Құдалық үстінде басы жарылып, көзі шықса да ешкім режімеуі керек. Әйелдер одан соң қонақтарға жеке-жеке талап қойып, ән салдырып, күй тарытқызып, жұмбақ шештіріп, жаңылтпаш айтқызады. Талапты орындай алмағандар тиісті жазаларын алады: басына құрым қалпақ кигізіп, бетіне күйе, ұн, балшық жағады. Немесе үстіне суық су құйып, өгізге теріс қаратып мінгізеді, немесе шығырға байлайды, шаңырақтан арқан салып, аяғынан байлап жоғары көтереді. Бұл кеште әр түрлі қиын, қисынсыз талаптар қою арқылы қарсы жақты сынау, олармен өте жақындасуды мақсат еткен. Осының бәрін бір сөзбен “құда тарту” - дейді.*

*6. Құда түсіп, құйрық-бауыр жескеннен кейін ғана құдалық уағда бекиді.*

*7. Егер “қарғыбауы” беріліп, сөз салып қойған жігіт жағзы келісімді бұзып, басқа біреудің қызына құда түспек болса, онда келісімді бұзған кінәлі жақ ат-тон айып төлейді және бүкіл киітті қайтарады.*

*8. Егер алдында құдаласып, кейін басқа біреуге үйленбекші болып, келісімді бұзса, онда келісімді бұзған жақ бір түйе бастатқан тоғыз айыпты төлейді. Бірінші, құда түскен қалыңдықты алып, бәйбіше атандырып барып қана екіншісіне үйленуге хақы бар.*

*9. Қалыңмалдың негізгі бөлігі немесе барлығы өтелген соң ғана күйеу жігіт қалыңдық ойнауға барады (“ұрын бару”). Күйеу жігіттің бұл келуі бірінші келу болғандықтан, қалыңдық жағзы той*

жасайды.

10. Егер күйеу қалыңмалын өтемей, ұрын бармай, қалындық аулына келе қалса, онда оның атын тартып алып, ісін әдепсіздікке жатқызып, өзін жаяу жібереді.

11. Егер ұрын барғанда қалындық аулында болғысы келсе, күйеу бір апта, тіпті бір ай жатуға еркі бар. Ұрын тойдан кейін күйеудің қалындық ойнап барып тұруына хақы бар.

12. Күйеу жігіт қалындықтың ұзатылу тойына дейін жақындыққа баруға хақы жоқ.

13. Егер күйеу ұрын тойда қалыңдығын пәктігінен айырған болса, неке жаулық төсеген жеңгелерге кәдесін береді.

14. Ұрын тойға келіп кеткен күйеу қайтыс болса, онда туыстары қалыңдықты марқұмның аулына қайғылы күйде аза кәдесімен бірге әкеледі. Осындай қалындық /жесір/ күйеуін жыл бойы жоқтап, сонан соң оның інісіне немесе ағасына, тіпті болмаса жақын туысына тұрмысқа шығады.

15. Неке қиюды қалыңдық ауылында молда өткізеді. Ол жігіт пен қыз жағынан кәде алып /алтын жүзік, сақина, садақ жебесі/ оны су құйылған сырлы тостағанға салады. Жігіт пен қалындық, олардың туыстары неке қияр суды ішуі жұбайлық өмірдің басы болып саналады.

Неке қиярдың орнына жігіттің үлкен шаңырағында отқа май құю салтанаты жүреді.

16. Қайын енесі тірі тұрғанда келін төрге шықпайды. Қайын енесі қайтыс болғанда келін отқа тағы да май құяды, одан әрі төрге шығуға рұқсат етіледі.

#### Әменгерлік:

1. Жесір әйелге әменгер таңдау қайтыс болған күйеуінің жылы толғанда шешіледі.

2. Күйеуі өлген әйел билер /ақсақалдар/ шешімімен күйеуінің жақын бір туысына шығуы керек. ("Ерден кетсе де елден кетпейді").

3. Егер жесір қалған әйелдің өлген күйеуінің ағасы да, інісі де болса, онда жесір әйел күйеуінің ағасына шығу керек.

4. Егер жесір әйел қайнысын таңдаса, оған рұқсат, бірақ жеңге алған інісі ағасына жолы ретінде "тоғыз" тартады.

5. Егер жесір басқа біреуге тұрмысқа шыққысы келсе, оған рұқсат, бірақ мал-мүліктен ештеңе берілмейді. Ал тиетін күйеуінен толық қалыңмал алынады. Жесірдің есейіп қалған балалары әкесінің туыстарында қалады.

6. Егер күйеуі жас өлсе, екі жақ құдалықты үзбей, қалыңдықты марқұмның інісіне атастырып, бұрынғы келісілген қалыңмалдың үстіне бір ат үстеме төлеп, әменгерлікке алуға рұқсат.

7. Егер өлген күйеудің басы бос інісі болмай, басқа жерде айттырылған қалындығы бар інісіне немесе үйленген ағаларының біріне қосқысы келсе, бұрынғы келісілген қалыңмал үстіне түйе бастатқан тоғыз төлеп, некеге отырғызуға рұқсат.

8. Егер қалындық ер жетіп қалған жағдайда басы бос, тым жас әменгері бола тұра, күйеу әкесінің еркі бойынша үйленген балаларының біріне қосатын болса, онда күйеу әкесі түйе бастатқан тоғызды екі немесе үш еселеп береді.

9. Егер өлген күйеудің өзімен бірге туған ешбір еркек кіндік болмаса, немере туыстарының бірі қалыңдықты әменгері ретінде алуға хақы бар.

10. Егер қыз әкесі бұндай жағдайда бас тартса қалыңмалды қайтарады.

11. Егер күйеу ұрын келіп үлгермесе және қалыңдықтың әкесі қызын әлі үйленбеген, қыз айттырмаған әменгеріне бермей қойса, қыз әкесі қалыңмал үстіне бір тоғыз айып төлейді.

#### Балдыз алу

1. Егер қыз әкесіне құдасы немесе күйеу баласы ұнамаса, әсіресе өлген қызы түскен жерінде тиісті сый-құрмет көрмей, ылғи жәбірленіп жүріп дүние салса, басы бос бойжеткен қызы бола тұрып бермеуге хақылы.

2. Егер марқұмның туған сіңілісі айыттырылып қойған болса, немере туыстарының қызын сұрауға хақылы.

3. Өлген қалыңдықтың туған сіңілісі тым жас болса, оны күйеу жігіттің жас інісіне атастыруға болады.

4. Ал басы бос қызы бола тұра қызын бермесе, қыз әкесі алған қалыңмалын түгел қайтарумен бірге, түйе бастатқан бір тоғыз айып төлейді.

5. Егер балдызы жездесіне ұнамай, жездесі балдызын алудан бас тартса, онда күйеу жағы әр түрлі мөлшерде айып төлейді.

6. Егер балдызының жастығын ескеріп, жездесі одан бас тартса, онда қалыңмалдың үштен екісі күйеуге қайтарылып, өзгесі қыз әкесінде қалады.

7. Егер оң жақта отырған қалыңдық қайтыс болып, қыз әкесі қалың малды алып қойса қыздың сіңілісін күйеуге беруге міндеті.

8. Қалыңдық өлісімен күйеу бірнеше жолдастарымен қайын атасына келу керек, ол егер уақытында келмесе, ескертпесе, балдыз алуға хақы жоқ.

9. Қалыңдығына ұрын барып қойған күйеу балдызын аларда “балдыз қалың” төлейді. “Балдыз қалың” 1-2 түйеден, бір тоғызға дейін.

#### Көп әйел алу

1. Егер жан-жақты бай, тұрмысы ауқатты адам болса, бірнеше әйел алуға хақы бар, тек әр әйеліне енші бөліп, жеке ауыл етіп шығаруы керек.

2. Әйелдердің ішінде шаруашылық жағын байдың бірінші әйелі “бәйбіше” басқарады.

3. Әр әйелдің балаларының еншісі шешесіне бөлінген мал-дүниенің есебінен тиеді.

#### Ажырасу

1. Ері қаншалықты жаман, ынжық, кемтар немесе өте кәрі болған күнде де одан әйелдің айырылысуға хақы жоқ. 2. Егер жас әйелдің күйеуі өзінің күйеулік міндетін орындауға жарамсыз болса, мұндай дәрменсіздігі куәлар алдында дәлелденуі керек. Дәлелденген жағдайда айырылысуға рұқсат.

3. Егер ері әйелін жазықсыз ұрып-соға берсе, сондай-ақ ел ағаларының ескертуіне құлақ аспайтын меңіреу болса, әйел төркіні, немесе ел ағалары арқылы билер алдында жүгініп, айырылысуға хақылы.
4. Егер күйеуінің ақыл-есі дұрыс болмаса, шаңырағы түгілі өз басын алып жүре алмайтын сорлы болып, бала-шағасын асырауға шамасы келмесе, ақсақалдың ескертуінен ештеңе шықпаса, әйел билер алдында жүгінуге хақылы.
5. Егер күйеуі әйеліне күн-көріс /нафаха/ қалдырмай, 6 ай 30 күн хабарсыз қалдырса немесе 7 жыл бойы із-түзсіз жоғалып кетсе, күн-көріс болған күннің өзінде әйелі күйеуінен ажырасуға хақы бар.
6. Күйеуінің әйелін жазалаудағы себеп әйел тарапынан болса, және әйел басқа біреуге қашып кетсе, билер үкімі бойынша әйелді күйеуіне қайтарып, қамшымен жазалайды және оны айнытқан адам айып төлейді.
7. Шаригат рәсімімен еркектер тарапынан әйелін тастау “талақ етуі”. Үш рет “талақ” деп айтқаннан кейін, үш ай мерзім ішінде айырылады.
8. Әйел жеңілдікке салынып, күйеуінің көзіне шөп салса және ол 4 куәмен дәлелденген болса ажырасады. Әйелге мал-мүліктен ештеңе берілмейді, қара сиырға теріс міңгізіп, бетіне күйе жағып, мойнына құрым киіз іліп, төркініне қайтарады.
9. Егер ері әйелінің ойнасы үстінен шықса, әйелін де, оның көңілдесінде өлтіре алады.
10. Еркегін сыйламағаны үшін, немесе көңілі толмаған, сыйластық болмаған жағдайда күйеуі әйелін (бәйбішені) жасау-жабдығымен төркініне аттандырады.

### Қалыңмал

1. Қалыңмал мынадай бөлімдерден тұрады:

- а) Бас жақсы - түзу мылтық, берік сауыт, қашса құтылатын, құса жететін бір сәйгүлік, малдағы артық бір түйе немесе олардың орнына 20 жылқы береді.
- ә) Қарамал - қалыңмалдың ең өзекті бөлімі. “47” осы қара мал есебіне енеді. “47”-нің ішіне-жанама жақсы, жеке ту бие, төс ат кіреді, сол

есеппен аяқтымалдың саны әр жастағы малдан 33.

Орташа қалың мал “37” осы тәртіппен санағанда қара мал есебімен 26.

Қалың малдың құрамы орташа есеппен;

1. Бас жақсы-10 жылқы;
2. құлынды бие; /16 бас/ ;
3. құнан-құнажын; 7 бас ;
4. тай-7 бас;
5. жеке ту бие;
6. жанама жақсы- 1 таңдамалы жылқы не түйе;
7. аяқ жақсы-4 бас жылқы. Барлығы 47 бас. Ірі қара саны бір 20-дан бес 20-ға дейін барады.

б/ Ілу- қызын тәрбиелегені үшін ұрын барғанда берілетін кәде /қара малмен орайлас-қымбат зат/.

в/ Той малы- қыз ұзату тойына сойысқа апаратын мал, жыртыс және қалыңдық жасауының шығыны. Бұл 20-дан 70 бас жылқыға дейін. Жігіт жағынан отаудың кигізі түгел.

г/ Сүт ақы- қалыңдықтың анасына беріледі-1-7 түйе.

д/ Босағаға байлау- қыз әкесінің босағасына төленетін ақы- 1-2 түйе, жылқы.

2. Қалыңмалдың көлемі 57-47-37-27-17-7 болып кішірейе береді. Ең кіші қалың “дөңгелек” - 7-10 бас ірі мал. Ең ірі қалың қара мал шектелмейді, мөлшері 57, 67, 77 жылқыға дейін.

Қалың мал мөлшері 100-ге дейін көтеріледі.

3. Қалың мал мөлшеріне сәйкес оның құрамы малдың түрлі қасиеттеріне, жынысына, жасына, қоңына, қысырлығына т.б байланысты анықталады. Қалың мал қалыңдық әкесінің талаптарына қарай малдың түлігі мен санының әртүрлі ара қатынастарында беріледі.

4. Қалыңмалға қыздың әкесінің ғана иелік етуге хақы бар.

5. Егер қыздың әкесі қайтыс болса, берілген қалың малға иелік ету тек қыздың аға-інісі, немесе әкесінің туыстарының ішіндегі ең жақын ер адамға рұқсат етіледі.

6. Егер қалыңдық жігіттен бұрын төсек көрген болып шықса, жігіт жағы қалың малына қоса бір тоғыз айып талап етуге хақылы/қайын атасының отау алдына күйеуге деген атын пышақтап, шапанын дар айырып кетеді/.

7. Қалыңдық төсек көрген болып шықса іс билердің үкіміне түсер болса, сол іске кінәліден қыз әкесінің пайдасына тоғыз даулауға хақы бар.

### Жасау

1. Жасау-жігіт жағынан келген қалыңмал мөлшеріне шамалас, кейде онан да асып түсетін, ұзатылған қызға міндетті түрде берілетін мал-мүлік; жасауға киім-кешек, ыдыс-аяқ сияқты мүлік түгел кіреді. Әр қайсысы 9-дан.

2. Жасау мөлшері әртүрлі болады: үлкені 2-5 түйе, қанауыс пен жібектен тігілген 125 шапан, сәукеле, 50 кілем, шұға мен жібектен тысталған 25 ішік, отау ағашы, 5 жылқы, күміс ер тоқым, жүген, төсек-орын, киім-кешек т.б. / ”ат мініп, отауы артылған түйе жетелеп келу”/.

3. Жастардың отауын қыз жағы дайындайды (отау ағашы). Киізін жігіт жағы қалыңдықты алуға келгенде бірге ала келеді.

## **§ 2. Меншік**

1. Меншік ұғымы малға, жерге, адамға /құл, не құң/, ит пен құсқа, дүние-мүлікке қатысты қолданылады.

2. Меншік- мемлекеттік, қоғамдық, рулық, жеке бастың меншігі т.б. болып бөлінеді.

3. Меншік хақы-сатып алумен, айырбастау, мұрагерлікке қалдыру, еншіге беру, арнау /құдайы, садақа т.б /, сыйлау арқылы пайда болады.



4. Мемлекеттік меншік жерге, малға, қалалар мен қоныстарға т.б. дүниелерге қатысты пайда болады.
5. Мемлекеттің меншіктің жауапкері мемлекеттің саяси билік иелері хандар мен ұлыс сұлтандары болып табылады.
6. Хандар мен сұлтандар мемлекеттік меншіктің негізгі жауапкері есебінде Жарғының алдында есеп беріп отырады.
7. Мемлекет қарамағындағы қалалар мен қоныстардан алым-салық жинауды хан мен ұлыс сұлтандар іске асырады.
8. Қала халқы мен отырықшы егіншілер мемлекет пайдасына, қазынасына, өз әнімінің 1/10 бөлігін жыл сайын беріп отыруға тиісті.
9. Даланың көшпелі, мал баққан халқы мемлекет пайдасына, қазынасына өз өнімінің 1/20 бөлігін жыл сайын беріп отыруға тиісті.
10. Хан мен ұлыс сұлтанына әр ата баласы жылына “соғым” беріп отыруы тиіс /соғым әркімнің жағдайына қарай беріледі/.
11. Жол сапармен жүрген ел басшысына / хан, ұлыс сұлтаны, Орда бийі, ұлыс бийі/ әр отбасы арнайы сыбаға беруі тиіс.
12. Мемлекет мүддесі үшін ел басшылары /хандар, сұлтандар, билер/ ел үстінен зекет жинауға хақылы /елдің бір бөлігі жұтқа ұшыраған жағдайда, жаугершілік кезінде, елшілік аттандыру үшін, тұтқыннан өз қандастарын босатып алу үшін/.

### Зекет туралы

Зекет басы азат, шаруашылығы бүтін азаматтардың бәріне бірдей міндет. Егер тапқан пайдасы, не болмаса шаруашылығының өнімі өзіне, әйелі, бала-шағасына жетіп артылатын болса, қысы-жазы киетін киімін, мінетін көлігін, жейтін тамағын, аяқ-табағын, төсек орнын, үй-жайын ақтаса зекет беру парыз болады.

Зекетті бірінші кезекте жарлы-жақыбай, бейшараларға, науқас адамдарға, ел мүддесі үшін жұмсалатын шығындарға, қажы жолына барамын деген нашарларға, ұзақ жолда жүріп мүсәпірліктен жоқшылық кешкен адамдарға беру парыз.

Әр адам өз меншігінен зекет берерде ең алдымен өз ағайыны, не көршілері жоқшылық көрсе соларға көмектескені абзал. Жақын, көрші адамдарға қарасу дәулетті қазақтарға уәжіб болмақ.

Түйе малының бестен кеміне зекет жоқ, бес түйеден тоғыз түйеге шейін бір қой, он түйеден он төртке дейін екі қой. Он бестен жиырмаға шейін үш қой, жиырмадан-жиырма беске шейін төрт қой, жиырма бестен отыз алтыға шейін-тайлақ, яки бір тайлақтың басын төлемек, отыз алтыдан қырық алтыға шейін - құнажын інген, қырық алтыдан - алпыс беске шейін -бір беске шығар атан, алпыс бестен - жетпіс алтыға дейін - бесті түйе, жетпіс алтыдан-тоқсан бірге дейін- екі құнажын інген, тоқсан бірден-жүз жиырмаға шейін-екі дөнежін інген, жүз жиырмадан асқан соң әр бес түйеге I қой қосыла береді. Сырдың отызынан кеміне зекет парыз жоқ. отыздан қырыққа шейін сиыры бар кісіден бір жасқа толған бір сиыр.

Қырық сиырдан- бір құнан өгіз, алпысқа толса, бір жасардан екі өгізше бермек керек. Мұнан соң әр тоғыз сиырға бір жасар бір сиыр, әр қырық сиырға екі жасар бір сиыр қосыла

береді. Қой мен ешкі қырыққа толса- жүз жиырмаға шеіін - екі жасар бір қой, я ешкі бермек керек. Жүз жиырма бір болғанда екі жүзге шеіін - екі қой, екі жүз бір қойға - үш қой, екі жүз бірдей төрт жүзге шеіін төрт қой, мұнан соң әр жүз қойға - бір қой беріле береді. Алтының жиырма мысқалдан кеміне зекет парыз емес, жиырма мысқалдан жарым мысқал алтын беру керек. Күмістің екі- жүз дирһамінен кеміне зекет парыз емес. Екі жүз дирһамге бес дирһам зекет беру керек, яғни алтын-күмістің қырық теңгесінен бір теңге тиісті болады. Мұнан кейін асыл тас, меруерт, лағыл, маржан сияқты нәрселер, егер өз тұтынуына емес сауда ниетімен сақталынса, мұнан да зекет тиіс. Бағасына қарай, яғни ол асыл нәрселердің бағасы екі жүз дирһамға толса, бес дирһам зекет беру керек. Астық, яғни егіннің зекеті, егер далаға егіліп, құр қармен жаңбыр суларымен өссе, зекетті оннан бір, яғни он пұттан бір пұт, егер қауғамен, шелекпен су құйып шығарылған егін болса, бірдің жартысы беріледі, яғни он пұттан жарты пұт, жиырмадан бір пұт берілсе керек.

13. Қалалар мен отырықшы қоңыстарға жарғының келісімімен қазақтың батыр-билері де иелік жасай береді.

14. Мемлекет меңшігіне жиналған қазына мемлекеттік мүддені көздейтін іс- шараларға арналуы тиіс: елшілік аттандыру, өзге елдің елшілігің қабылдау, өзге мемлекет басшыларына сыйлықтар, жұтқа ұшыраған руларға жылу көмек, жаугершілік кезінде қару - жарақ, мінер ат, тамақ, тұтқыннан босату үшін /өз қандастарын сатып алу үшін/.

#### Жеке меншік:

1. Жер мемлекеттің негізі болып табылады, әр рудың өзінің қысқы қонысы және жаз жайлауы анық болуы керек.
2. Отырықшы -егінші, қалалық қоныстарда егіндік, бау-бақша жер әр адамның жеке меншігінде болады. Жерді бөлуді қала басшысы атқарады. Мешіттер өз иелігіне жерді халықтың рұқсатымен алады.
3. Құл мен күн өз иесінің жеке меншігі болып табылады. Иесі оны сатамын, айырбастаймын, өлтіремін десе ерікті.
4. Қазақ қазаққа құл, күң болмайды. Қазақтың мұсылман-сүнниттерді де құл қылуға хақы жоқ.
5. Билер кеңесі құлдың өтінішін қабылдамайды.
6. Құл үйленсе, оның бала-шағасы да иесіне тиесілі.
7. Құлдың жасаған қылмысына иесі жауап береді, егер құл бір адамды өлтірсе, оның құнын иесі төлейді.
8. Егер бір ру белгілі жерді 9 жыл бойы қыстаса, сол жер меншігі есепті. Өзге рулар ол жерге малын жайса тиісті айыбын төлейді.
9. Жерге /жайылым-қыстау/ байланысты даулар әр рудың сол жерге қатыстылығы есептелініп шешіледі.
10. Ру арасындағы жер үшін талас-дау әр рудың жолына, ағалы-інілігіне қарап та шешіледі.
11. Жер үшін /жайылым-қыстау/ дау болып адам өліміне әкелсе, дауды шешуші билер құн орнына белгілі мөшердегі жерді кесе алады /бір қыстауда бір адамның құны /.
12. Ірі рулардың арасындағы, жүз арасындағы жер мәселесін шешуде төрелікті Жарғыға береді.

#### Малға меншік:

1. Мал-қазақ халқының негізгі игілік көзі, өмір-салтын айқындаушы көрсеткіш болып табылады /малың-жаның аман ба?/.
2. Мал-меншік иесімен сақталады /ру-ата баласы-жеке адам /, егер де ұрланған, жоғалған, барымталанған болса, би алдына түседі.
3. Мал-тұрмыстың негізгі игілік көзі болғандықтан, Жарғы ережелерінде жеке бас және қоғамдық қарым-қатынас дәнекер есебінде қолданылады.
4. Ірі малға /түйе, жылқы, сиыр/ меншіктің негізгі иесі ру және ата-баласы болып табылады.
5. Ірі малға меншік ру таңбасымен анықталады.
6. Ұсақ малға /қой, ешкі / меншіктің негізгі иесі отбасы.
7. Ұсақ малға меншік енмен анықталады.
8. Малға меншікті ерлер /ер адамдар /іске асырды/негізгі иесі болып табылады/.
9. Өз малымен /мәселен атымен/ өзгенің шаруасы үшін жүрген адам “аттың майын” талап етуге хақылы.
10. Ұрлық (соның ішінде мал ұрлығы) “үш тоғыз” айыппен қайтарылады.
11. Мал-рулық, қоғамдық байлықтың көзі болғандықтан ру ішіндегі әр адам ол меншікке қатысты.
12. Рудың ортақ мүддесі үшін /құн төлеу, қалың төлеу, ас беру т.б./ ірі /қара/ мал ақсақалдардың шешімімен жұмсалады.
13. Мал ұрлаған ұры ұрлаған малын үш есе қайтарып береді:  
а/ Бір қой ұрласа, қойдың өз басын, екі қой айыбын,  
ә/Бір жылқы ұрласа, жылқының өз басын, айыбына түйе,  
б/Бір түйе ұрласа , түйенің өз басын бір құл, күң айыбына.
14. Егер ұрланған малдың өзі қайтарылмаса, содан жағдайы кем емес басқа мал, айыбын сол малдың мойнына, құйрығына байлайды /мойнына қосақ, көтіне тіркеу/.
- 15.Қандай да бір болмасын жер мәселесіне хан, ұлыс сұлтаны тікелей араласып отырады /көшу-қону мәселесі/.
16. Жерге меншіктің негізгі белгісі-ата-бабалардың қорымы, атақты ру басы, көсемдерінің күмбез-зираты, қыстау салған орындар, не қыстаудың өз басы, құдық, ошақ қазған жер т.б.
17. Әр ру арасындағы жер шекарасы табиғи белгілер арқылы анықталады / шекара не кезең болар, не өзен болар/.
18. Табиғи белгілер анық болмаса қолдан омақа /тастан қалап/ көтереді.

Көшу-қону:

1. Егер көшбасшы /ру басшысы, ақсақал/ ауылдың қонатын жеріне белгі қоймаса, кез-келген ауыл келіп сол жерге қона береді.

2. Қонатын жерге белгі қою: найза шаншиды, құрықты бекітеді, рудың таңбасын салады /мәселен бұлақ басына/, ру басы белгілі бір затын қалдырып кетеді / мәселен шақшасын, кісенін/, биік өскен шөптің /бетеге/ басын буып кетеді.

3. Егер көшбасшысы ауылдың қонатын жеріне белгі тастаса, ал кейін келген ауыл оны елемей /немесе аңғармай/ сол жерге қонса, дау бірінші келіп белгі қойған ауылдың пайдасына шешіледі, қарсыласы айып тартады.

4. Егер бір уақытта екі ауылдың көшбасшылары бір жерге келіп қалса, таңдау бірнеше жағдайға байланысты анықталады:

а/ егер дауласушылардың бірі сұлтан тұқымынан болса, соның пайдасына, б/ егер екі би таласып қалса, жасы үлкенінің пайдасына,

в/ би мен қарапайым қазақ болса бидің пайдасына, г/ екеуі де қара қазақ болса жасы үлкенінің пайдасына, д/ екі жағының да жас мөлшері қатар болса ру, ата жолына қарайды /жолы үлкені жеңеді /.

#### Меншікке қол сұғу:

1. Ұрланған жылқы саны 2, не 3 болса, ұры айыпты “тоғызбен” төлейді.

2. Ұрланған мал /мәселен бір жыл болса/ ұры қолында қанша болды сонша өсімімен алынады / айыбынан басқа/.

3. Егер ұры не арқандаулы, не тұсаулы тұрған малды /жылқыны/ ұрласа, оның жазасы ауыр болады. Би ұрының мойнына арқан салып, мал иесінің қолына береді. Мал иесі өлшеулі жерге дейін сүйретеді, бірінен соң бірі үш кісі үш басқа тартады. Өлсе өліп кетті, өлмей қалғанға “Салауат”.

4. Малдың аса қадірлі түрлерін / құт/ ұрлағанда / арғымақ ат, көш басы түйе/ ұры өлім жазасына кесіледі /біліп тұрып ұрласа/.

5. Әркім өз меншігіндегі дүние-мүліктің иесі болып табылады /Мәселен ер адам шақшасы, қару-жарағы, кісесі, әйел адам-жасауы т.б./

6. Меншік хақы үшін белгілі жас мерзімі жоқ. Кішкентай бала да егер ен салынған малы болса меншік иесі саналады.

7. Барымтада ауысқан малдан өсім талап етпейді.

8. Дүние-мүлікті ұрлау аса ауыр қылмыс болып табылады. Билер кеңесі ол мәселені жағдайға қарай шешеді /ең ауыр айып “үш тоғыз”/.

9. Дүние-мүлік, мал ұрлаған адамды туысы ара түспесе ұрлаған нәрсесін қайтарумен бірге екінші рет ұрлықты қайталамауы үшін /және өзгеге үлгі/ дүние-мүлік иесінің қолына береді.

10. Дүние-мүлік, мал иесінің қолына беруді- “босағасына байлау” деп атайды. Ол кінәсінің ауырлығына қарай бірнеше жыл қызмет жасайды. Егер өзі кісі есінде жүре алмаса не інісі, не баласы жүреді.

11. Егер ұры көшпелі жсауынгер -малшының қажетін ашатын шідер сияқты нәрсені ұрласа

айыбын былай есептейді: шідердің үш балағын үш атқа салып, үш жаққа айдайды. Үш ат үзін кете алмаса, ұрыға үш ат айып салады.

12. Егер ұры бәйге атын / елге танылған/ ұрласа айыбына сол аттың бір бәйгеде алатын жүлдесін қосып қайтарады.

13. Егер ұры бәйге атын ұрлап жоқ қылып жіберсе, қайтара алмаса, оны ат иесінің босағасына байлайды, аттың құны өтелгенше.

14. Егер ақтөс тазы, не қыран бүркіт кісі қолынан өлетін болса, иесі құл-күң бастатқан тоғыз талап етуге хақылы.

15. Егер ұрлық үстінде адам өлімі болса кінәлі екі қылмыс үшін қатар төлейді /жазалананды/.

16. Ұрлықты біліп, бірақ елге хабарламаған ұрының бала-шағасы жазаланбайды.

### Сауда-айырбас:

1. Кез-келген қазақ саудамен айналысуға ықтиярлы.

2. Айырбасқа түсетін дүние-мал ұрлықтан, барымтадан келген болмауы керек.

3. Айырбас пен сауда ауызша жүреді.

4. Егер сатушы біліп тұрып, ұрлықтан не алдап алудан түскен затты сататын болса, затты иесіне қайтарып, айыбын төлейді.

5. Егер сатып алушы біле тұра, ұрлықтан, не алдап алудан түскен затты алатын болса, ұрлыққа, не алдап алуға қатысы бар қылмыскер ретінде би алдында айыбын төлейді.

6. Кімде-кім еркін адамды құл орнына сататын болса, билер адамды азат етіп, кінәліні жазалайды.

7. Егер бір зат екі кісіге сатылып қойса біріншісі алады, ал екіншісі сатушының үстінен билер алдына арыз түсіруге, айып алуға /тоғыз/ хақылы.

8. Егер кімде кімде-кім өз затын өзгеден танып қалса, ол затты иеленіп жүрген адам затты “хан базарда” сатып алғанын дәлелдеуі керек. “Жанға салып” дәлелдей алмаса иесіне қайтарады.

9. Егер біреуден сатып, не қолқалап алған мал жеті күннің ішінде өліп қалса /аурудан/, мал иесі орнына не жаңа мал, не құнын береді.

10. Қандай да болсын келісім ауызша жасалады: айғақтың /куә/ болуы шарт емес.

11. Екі жақты келісім жасалған кезде кепіл қатысуы мүмкін:

а/ Тән кепіл - келісімге келуші жақтардың бірін /кінәлісін/ жауапқа алып келуге кепілдік етеді.

ә/ зер кепіл-келісімге келуші жақтың бірі уағдасында тұрмаса, өз меншігінен қайтарады.

12. Зер кепілдің кепілдікке алған адамының қайтыс болып кетуі зер-кепілді жауаптылықтан босатпайды.

13. Зер кепіл өз меншігінен кепілге алған адамның қарызын қайтарып, кейін оны билер алдына

*шақыруға хақылы.*

*14.Кез-келген қазақ руы керуенші-саудагерлердің керуенін қорғауға кепілділік бере алады.*

*15.Кез-келген қазақ өзінің түйелерін саудагерлердің керуендеріне жалға беруге хақылы.*

*16. Керуенге қосқан түйелерді түйе иесінің өзі күтіп бақылайды. Олардың арасындағы басты адамы /отағасы/ тек керуен басыға бағынышты.*

*17. Керуен басы мен түйе иесі арасындағы келісім ауызша да, жазбаша да болуы мүмкін.*

*18. Керуенге түйелерін берген және керуенді қорғауға жауаптылық алған ру керуенді жоспарланған жерге жеткізуге міндетті.*

*19. Керуеннің амандығына кепілділік беретін /жолбасшы/ жол бойы кездескен кедергілерден /тонаушылар/ керуенді аман алып шығуға міндетті.*

*20. Егер керуен жол-жөнекей тоналған болса, керуен жолбасшыларының руы және өзі айыпты болып табылады.*

*21. Керуенге қажетті түйе санын уақытында алып келмеген мал иесі айыпты болып табылады.*

*22. Егер керуендегі түйелер салынған жүктің ауырлығынан /16 пұттан көп болмауы керек/ өлетін болса, керуен иесі құнын қайтарады.*

*23. Біреудің дүниесіне жауап беретін адам оның сақталуына да жауапты/аманат/ және сақталмаса айыпты болып табылады.*

#### *Аңшылық:*

*1. Егер аңға жетіп жүрген ат қолды болса, кінәлі оның иесіне екі жүйрік бесті беру қажет, айыбынан тыс.*

*2. Егер аңға салып жүрген тазы даулы болса, оның иесіне бір тай беру қажет, айыбынан тыс.*

*3.Егер аңға түсіп жүрген бүркіт даулы болса, оның орнына бүркіттің бағасын беру керек, не сатып алып береді, айыбынан тыс.*

*4. Егер ат, тазы, бүркіт аңға түсіп, атағы шықпаса оның өз бағасы ғана қайтарылады, /ұрланған жағдайда айыбы қоса/:*

*а/ ат орнына бесті, ә/ тазы орнына тазы, не оның күшігі, б/ бүркіт орнына-бір бойдақ қой т.б.*

*5. Аң қаққан адам олжасын маңайындағы адамдарға береді.Бұл мәселеге байланысты ескерілетін жағдайлар: а/ аңшылықты қызықтырушылардың ішінде болса, не жолда жолықса олжаны ең алдымен қызға береді; ә/ орталарында қыз болмаса, олжаны төреге /сұлтанға/ береді; б/ ақсақалға береді.*

*6. Аңшының /аңшылардың/ олжасы бірнешеу болса да жоғарыда көрсетілген тәртіп сақталады, ең алдымен соларға береді.*

*7. Көш кезінде кездейсоқ кездескен аңды да көшбасы жоғарыдағы тәртіппен береді.*

*8. Егер аңды /мәселен қасқырды/ бірнеше адам атпен қуып соқса, дауласушылар аттарын*

жарыстырады.

9. Егер бірнеше адам аң қуып, оны інге тығып ұстаса, егер аң ұрғашы болса, інге жақын қонған аңшы ұтады. Егер аң еркек болса, алыстан қуып келген адам алады. Інге түтін салғанда да осы тәртіп сақталады.

### § 3. Қоғамдық өмір

1. "Ақ сүйек" бұлар- түбі Шыңғыс ханнан тарайтын әлеуметтік топ.

Олардың халықпен қарым-қатынасы "Жарғымен" реттеледі. Әлеуметтік мәселелерді өз ішіндегі үлкендері реттейді.

2. "Ақ сүйек" өкілінің (хан, ұлыс сұлтаны) құны қара қазаққа қарағанда жеті есе жоғары.

3. Қазақ төре тұқымымен кездескенде, аттан түсіп, бір тізесін бүгіп "алдияр (аллажар) тақсыр" деп сәлем етеді, аттанарда да осылай дейді. Төреден жасы үлкен, немесе елге өте сыйлы адамдар тізе бүкпей-ақ "тақсыр" деп амандасады.

4. Хан мен ұлыс сұлтандары қара халықтың сыйлы өкіліне қолын иығына тигізіп сәлем ишаратын жасайды.

5. Қазақтан ел қызметіне қатысы жоқ төрелерге "аллажар тақсырды" айту немесе аттан түсіп тізе бұгу талап етілмейді, қатар замандастары қол беріп амандасады.

6. Ел жиынына төре келсе, бәрі де орнынан тұрып сәлемдеседі, төрден орын береді (мысалы - кигіз үйде болса).

7. Хан, ұлыс, сұлтанның әйелдеріне де заты төреден шықса "алдияр" деп сәлем етіледі.

8. Ел қызметіне қатысы жоқ төрелерге жеті құн төлеу шарт емес, бірақ қарапайым құннан бірнеше есе көп болуы керек.

9. Төрелер өзара туының түсіне қарай айырылады (қызыл тулы, ақ тулы т.б.)

10. Хандық, не сұлтандық лауазымға әкесі де, шешесі де таза төреден шыққандар бірінші кезекте ұйғарылады.

11. Әкесі төре, шешесі қара қазақтан шыққан төрелерді "қараман" деп атайды, лауазымға екінші кезекте ұсынылады.

12. Төрелердің таңбасы бәріне бір, қазақтың таңбасынан бөлек, ұраны-"Арқар".

13. Төре тұқымының некеде "жеті ата" тәртібін сақтауы шарт емес.

14. "Асыл сүйек"- түбі Пайғамбардың (Мұхамбет ғалайссалам) жұрағаты болып келетін әлеуметтік топ. Қара қазақпен қарым- қатынасы "Жарғымен" реттеледі. Өз іштеріндегі мәселелерді үлкендері шарият заңымен шешеді.

15. Аса беделді қожалардың құны қара қазаққа қарағанда жеті есе жоғары, "жеті құн".

16. Қожаларға қарсы гайбат сөз айтқан, қол көтерген адамдар "үйірімен үш тоғыз" айып төлейді.

17. Қожалардың ішіндегі таза тектілеріне "сейіт қожаларға", ерекше сәлемдесу талап етіледі. Қарсы кездескен адам "әзіз тақсыр" деп алыстан қолын кеудесіне басып тағзым қылады.

18. Қожалар қазақ ішінен "зекет" жинауға хақылы. Ұлыс сұлтандары мен ел басшысы билер ел үстінен қожаның шығынын көтеріп, зекетін

жинауына жәрдем жасайды.

19. Қожса тұқымының бәріне бірдей ілтипат көрсету шарт емес.

20. Қожаларда белгілі ұран мен таңба жоқ (алла ұранды қожса).

21. Қожса тұқымының неке қатым-қатынастарында "жеті ата" тәртібін ұстануы шарт емес.

22. "Қара сүйек" - ру болып әмір суретін қазақтың негізгі бөлігі. "Жарғы" тәртібіне толық бағынады және күнделікті өмір салтында қолданады.

23. Қара сүйек - қазақ елі өзінің билеріне (ру, ұлыс, орда билеріне), толық бағынады және солардың дегенімен жүреді.

24. Қоғамдық қатынастарда ру аралық жол тәртібі қатаң сақталады (ата тарату жүйесіне сүйенеді, туының және жасының үлкендігіне қарай):

а) соғыс-жаугершілік кезінде ру-рудың қосының әскери құрылымдағы алатын орыны;

ә) соғыстан түскен олжадан үлес алу кезінде; б) той-думан, жиынды ашу мезіреті, сөз сөйлеу реті; в) ортада орын алу немесе төр мәселесі; г) мүше тарату кезінде; т.б. көрінеді.

25. Аталарының туу ретінің үлкен-кішілігіне қарай рулар қоғамдық тіршілікте, жаугершілік кезінде, бір-біріне бағыныштылық танытады.

Үлкен рулардан халық ісіне жауаптылық талап етіледі.

26. Ханның және "Жарғының" ұйғаруы бойынша ұсақ рулардың өзара

одақ құрып, туыстығын бекітуіне рұқсат.

27. Рулардың өзара барымтасы кезінде көрші рулардың ағайындығын көлденең салып, араласуына, бітімге шақыруына рұқсат.

28. Үлкен рулардың әлімжеттігін тоқтату үшін кіші рулардың өзара әскери одақ құруына да қарсылық жоқ.

29. Ру ішіндегі бүкіл әлеуметтік мәселелерді реттеу (бай-кедей, аға-іні, құда-жекжат) сол елдің ақсақалдары мен билеріне жүктеледі солардың жауаптылығында.

30. "Жарғы" бойынша қазақ арасында жасы кіші, жасы үлкенге құрмет көрсетеді. Үлкен келсе орнынан тұрады, орын береді. Үлкенге "аға", "еке" дегенді қосып айтады (мәселен Дұраға, Дүреке).

31. "Жарғы" қазақ ішінде жасы кішінің жасы үлкенге бірінші сәлем беруін (ассалаумағалейкүм) талап етеді.

32. "Жарғы" қазақ ішінде жасы үлкеннің жасы кішінің сәлемін алуын (уағалейкүмсалам) және



"мал-жаның, бала-шағаң аман ба?" деп өз тарапынан мезірет көрсетуін қадағалайды. Жасы кіші "құдайға шүкір, өз мал-жаныңыз есен бе?" деп жауап беру қажет.

33. Жас келіншектер үлкендерге сәлем еткенде бір тізесін бүгеді, оң қолымен оң жағын (бетін) жоғарыдан төмен жанайды. Сәлем алған үлкен адам басын сәл изеп, "көп жаса" деп бата береді.

34. Келіншек болып түскен әйел күйеуінің ауылындағы үлкен-кішінің бәріне/әсіресе өте жақын туысына түгел, жастарын еркелетіп, үлкендеріне -ізет көрсетіп/ ат қояды.

35. Төлеңгіттер - төре маңында әскери-шаруашылық қызметін атқаратын адамдар. Төлеңгіттердің басым көпшілігі тұтқынға түскен өзге ел өкілдерінен құрылуына "Жарғы" қарсы емес.

36. Қазақтың төре қол астына барып төлеңгіт болуына қарсылық жоқ, бірақ ол өз руының құрамынан шығады.

37. Төлеңгіттің өз шаруашылығы, отбасы болады және оған төре (хан, ұлыс сұлтаны) қол сұға алмайды.

38. Төлеңгіт өз қамқорының (хан, ұлыс сұлтаны) бір айтқанынан қалмай әскери жорыққа, сапарға, тапсырмаға шығуға міндетті.

39. Төлеңгіттер өз қамқорының шаруашылығына қолқабыс етуге міндетті.

40. Төлеңгіттердің өтінішін хан мен сұлтан қарсылық жасамаса билер қарауына қарсылық жоқ.

41. Төлеңгіттердің өз қамқорын тастап, не өзге елдің хан, ұлыс сұлтанына, не болмаса қазақтың руына қосылуға хақысы бар.

42. Төлеңгіттер өз малына төре таңбасын салады.

43. Құлдар - күңдер не тұтқынға түсіп, не сатылып алынған адамдар. Олардың қазақ болмауы - басты шарт.

44. Қазақтардың сунит - мұсылмандарды құл-күңге айналдыруға хақысы жоқ.

45. Құл (күң) - куәлікке (айғаққа) тартылмайды.

46. Құл (күң) - өз иесінің үстінен билер алдына шағым жасауға хақысы жоқ.

47. Құл (күң) - өз жасаған қылмысы үшін жауап бермейді, оның жасаған қылмысына иесі жауап береді.

48. Құлды (күңді) жазалау мөлшерін иесі шешеді (құлақ кесті құл). Құлдың (күң) құны құдай алдында сұраусыз, иесі өлтірсе де, оған ешкім кінә арта алмайды.

49. Иесінің (бай, сұлтан, хан) құл(күңді) айыпқа (құл бастаған тоғыз), жасауға (күң бастаған жасау - түйенің басын жетелеу), бәйгеге тігуге т.б. шексіз мүмкіндігі бар.

50. Иесі азат етемін десе құл мен күңді өз еркінде (азаткер құл).

51. Егер бір қазақ өзге қазақтың не жүйрік тазысын, не қыран-бүркітін кездейсоқ өлтірсе, оның құнына құл-күң ұсынуға ерікті.

52. Азаткер құл еркін қазақ руынан қыз алып, сол руға сіңсе, оған ру және оның биі жауапты.
53. Азаттық алған құлдың баласының еркін қазақ азаматы хақы бар.
54. Егер құл (күңді) азат етіп және асырап алам десе, ол адамға ешқандай шектеу, айыптау жоқ.
55. Өзге елден келіп (саудамен, молдалықпен, хатшылықпен) қазақ арасына сіңген адам-шалақазақ атанады.
56. Шалақазақтың хақысын сол ру қорғайды. Егер ол ұрлық жасап, есе бермесе, даугер жақ сол рудың ақсақалы, биінің малын қуып алуға хақылы.
57. Ру қорғамаған, немесе "жан беретін" адам табылмаған жағдайда шалақазақтың өмірін қалай шешуді даугер жақ өзі біледі.

Қарым-қатынас:

1. Егер ұлыс сұлтанын қара қазақ сөзбен жәбірлесе - бір тоғыз (сұлтанның беделіне қарай: құл бастатқан немесе түйе бастатқан, немесе ат бастатқан).
2. Егер ұлыс сұлтанына қара қазақ қамшы көтерсе "үйірмен үш тоғыз" айып салынады.
3. Сұлтандардың өз ішінде үлкенін жәбірлесе, "ат тон" айыппен шешіледі.
4. Егер сұлтан биді сөзбен жәбірлесе, ел алдында кешу өтінеді, ал қамшы көтерсе қолындағы қамшысын береді.
5. Егер биді қара қазақ баласы жәбірлесе - бір тоғыз, қамшы жұмсаса - екі тоғыз айып салынады
6. Әлеуметтік жағдайы қатар адамдар бір - бірін ренжітсе ел алдында кешірім сұрап бітіседі. Егер ел алдына шыққысы келмесе гана би кішісіне бір тоғыз немесе ат тон айып кеседі.
7. Егер күштінің бірі нашар адамды ренжітсе би алдында "азусыз ат, жиексіз тон" береді /яғни бір қой, бір байлам мата /.
8. Әйел адамды ренжіткені үшін /сөзбен, қолмен/ әлеуметтік дәрежесіне қарай айып төленеді / ат тон - үйірімен үш тоғыз/.
9. Әйел адамның немесе баланың үстінен айтылған арызды би қабылдамайды / дұрыс еркек әйелмен, баламен байланыспайды/.
10. Егер екі адамның арасындағы жанжалда бір жағы жарақаттанса, оның емге кеткен шығынын кінәлі жақ өтейді. Оған қоса айыбын береді.
11. Сырттан айтылған сөз үшін билер ешкімді айыптамайды /хан сыртынан жұдырық /.
12. Ата-анасына, ауылдың үлкеніне (сыйлы) қарсы келгендерді қара сиырға теріс мінгізеді де, ауыл аралатады.
13. Елді басына көтеріп аттандаған және жалған хабар таратқан адамдарды /өрт, қасқыр, су тасыды т.б./ жұрт алдында қамшымен сабайды және өтірікші атайды.
14. Жиын -той, ас беру кезінде елдің шырқын бұзған адамды ас немесе той иесінің пайдасына деп

қылмысына қарай айып /ат-тон/ тартқызады. Ондай адамдарды “жиын бұзған тентек” дейді.

15. Ауылға жайшылық уақытта ат қойып келген адамды “ауылға ат жүгірту” ат-тон айыпқа тартады және сабайды.

16. Ауыл көшіп келе жатқан уақытта көшке қарай ат қою үлкен қылмыс болып табылады /көшке тию/. Егер оны көш үстіндегі жасауынгерлердің бірі атып түсірсе құн төлемейді. “Көшке тиюші” аман қалса ат-тон айыбын төлейді.

17. Қаралы көшке ат қою үлкен бейбастақтық болып табылады және кінәлі бір тоғыз айып тартады. Рудың үлкендеріне абырой әпермейтін іс саналады.

18. Ауылға қарай ат қоюға тек сол ауылда адам өлсе ғана рұқсат, адам өлімінің белгісі қаралы үйде жалаулы найза /ақ жалау-кәрі, қара жалау-орта жас, қызыл жалау-жас адам/ көтеріледі. Ат қойғандар “бауырымдап” жылап, ат жалына еңкейіп ауылға шабады.

19. Егер ойын-той кезінде немесе аңшылықта кездейсоқ өлім болса, кінәлі адам тарапынан өлімді жөнелтуге көмек көрсетіледі (“ас-атау көр-кебін”), құн тартпайды.

20. Егер де адамды не малды бура шайнап өлтірген болса (үйірге түскен кезде бура өте ашулы болады) би бірнеше жағдайға көңіл бөлуі қажет : а/ егер бураның мінезі бұрыннан белгілі болса, оны арқандап, не тұсап отырмаған үшін иесі өлген адамға құн төлейді /сүйек құн мен қырық байтал қосылмайды/, өлген малдың басын қайтарады; ә/ егер бура бұрын мінез көрсетпесе бураның иесі өлген адамның туыстарына өлікті жөнелтуге көмек жасайды /ас-атау, көр -кебін/, бураны солардың қолына береді, егер малды өлтірсе ешқандай жасаптылық тартпайды.

21. Егер де адам өлімі байлаулы тұрған аттың тебуінен болса, билер бірнеше жағдайды ескеруі қажет : а/ егер ат кигіз үйдің сыртынан белдеуге байланса, оған ат иесі құн төлемейді; ә/ егер ат кигіз үйдің жанына іргесіне байланса ат иесі жарты құн төлейді; б/ егер ат үйдің кіре берісіне /босаға/ байланса, ат иесі толық құн төлейді.

#### Қонақ асы:

1. “Қонақ асы” тәртібі жолаушының қонамын деген үйіне: а/ ауылдың сыртымен оң келуін /қотан арқылы өтуге болмайды/, ә/ үйдің сыртынан жақындап сәлем етуін (“Сөйлес”), немесе “сөйлесетін кім бар ау?” деп дауыстайды/ талап етеді.

2. Егер жолаушы ауылға қонғысы келсе, ауылдың сыртында аттан түсіп, ауылға қарап малдас құрып отырады. Ауылдан біреуі келіп шақырады.

3. Егер жолаушы ауылға жақындап, аттан түсіп, оны тұсап, өзі жаяу келсе ол да дұрыс /құрмет/ саналады.

4. Жолаушының ауылға соқпай жанамалап өтіп кетуін басынғандық, сыйламау, не жөн білмеу есебінде айыптап, не ұрлық жасап, тәртіп бұзып жүрген адам деп күмән тағу кінә емес.

5. Жолаушы /қонақ/ үйге кірерде қару-жарағын босағаға сүйеп кетеді.

6. Хан ордасына енген адам қолына қамшы да ұстамауы шарт.

7. Қонақжайлық дәстүрі бойынша құрметті қонақ келсе үй иесінің өзі аттан түсіріп, не балалары, әйелі-қызы қонақтың атын байлайды.

8. Кез келген қазақ үйі /отбасы/ жолаушыға /құдайы қонақ/ тамағын беріп, төсегін жайлауға тиіс.

9. Үй иесі /отағасы/ қонақ асы беруден бас тартса жолаушы сол елдің биіне барып арызын айтып ат-тон айып алуға хақылы.

10. Кез келген жолаушы /қазақ болуы шарт/ “атамыз Алаштан қалған бөлінбеген еншіміз бар” деп түскен үйінен “қонақ асы” талап етуге хақылы.

11. Егер жолаушы осы шарттардың бәрін орындап, ал ауыл иелері қонақасы бермесе сол елдің биіне барып, арыз айтып “ат – тон” айыбын алады.

12. Ауыл иелері сыйлы жолаушыларға, қонаққа деп арнайы үй тігеді. Жағдайы бар бай қазақтар “қонақ үй” ұстайды.

#### Бөлінбеген енші:

1. Қазақтың түп атасы Алаш қартайған уақытында үш баласына /Ақ Арыс, Жан Арыс, Бек Арыс/ енші бөліп, өзіне бір бөлігін алып қалыпты. Өлім алдында балаларын арыздасуға шақырып қолындағы бір бөлікті тағзы үшеуіне беріп “бөлінбеген еншілерің болсын” депті. Жолаушы жүрсеңдер, көшіп қонып жүрсеңдер, қиындық көрсеңдер аяқ - табақтарыңды, жейтін малыңды алып жүрмеңдер, осы үлестен бір-біріңе қонақ асы беріңдер деп тапсырса керек. Осы себептен қазақ баласы “Алаштан қалған бөлінгенге еншім бер” деп біледі.

2. Кез келген қазақ шаруашылығы жұттан, не жаугершіліктен тозса, қазақ баласынан жылу жинауға хақылы. Соғыстың кезінде жау шапқан рулар, өзге елден жылу талап етуге хақылы. Әркім өзінің мүмкіндігінше көмектеседі.

3. Кез келген қазақ отбасы, не ата баласы шаруашылығына көмек сұрап /құн төлеу, қалың беру, жасау/ бірге қонып, бірге жайлап жүретін көрші ауылдардан, отбасыларынан көмек сұрауға хақылы.

4. Егер кедейлеу отбасының бір үлкен малы кездейсоқ өлсе (мысалы: құдыққа құлап) онымен жақын отырған көрші ауылдас ағайындары “он екі жілік” деп көмек көрсетуі шарт.

5. Егер бар болып отырып, алыс-жақын ағайын немесе қаймана қазақ нашарға көмек бермесе, оған кемі ат шапан айып салынады, зоры қоғамдық жиындардан шеттетіледі.

6. Жаугершіліктен келген батырлар “сауға” деп алдынан шыққан қазақ баласына / олардың ішіне жауға өзі бару мүмкіндігі бар адам енбейді/ үлес беруге міндетті.

7. Бәйгеде аты озып келген адам, елдің үлкендеріне, қатарлас адамдарына сый көрсетуге, олжадан бөлісіуге міндетті.

#### Бәйге:

1. Аламан бәйгелерде үлкен сый беріледі. Әсіресе белгілі, дәулетті адамдарға ас берілгенде кемі 20-25 атқа бәйге беріледі. Бірінші келген атқа 100 жылқы, 100 қой, бір тоғыз түйе, жібекпен жауып төрт қанат отау, т.б. тігіледі. Кейін келген аттардың бәйгесі біртіндеп азая береді.

2. Аса ірі бәйгелердің кезінде 40-100 атқа бәйге беріліп, бас бәйгеге отау үйімен, 100 жылқысымен құл не күң тігіледі.

3. Күреске түсіп жеңіске жеткен балуан ағайындарына, ел үлкендеріне сый-үлес беруге міндетті.

#### Сауын:

1. Сауын- жағдайы келіскен, шаруасы түзу адам өзінің көрші-қолаңына, туыс -жақынына сауынға мал/ жылқы, сиыр/ береді. Мал иесінің жағдайына байланысты сауынды пайдаланушы не өсімімен, не өсімінсіз қайтарады.

2. Сауын уақытында пайдаланған малдың сүті, жүні, қылы т.б. мал иесіне қайтарылмайды. Сауынды пайдаланудың уақыты екі жақты келісімге байланысты жасалады: бір-екі жылға, немесе мал иесінің шаруашылығындағы шығынға дейін.

3. Сауын алып пайдаланып отырған отбасылар-еркегі, бала- шағасы бар барлығы да мал иесіне тілекиіл болуы тиіс. Сонымен бірге келісім бойынша күнделікті шаруашылыққа көмектесу немесе қыста жылқы бағу т.б. шаруаларды атқаруы мүмкін /соның ішінде барымтаға бару т.б. басқа шаруалар/. Егер байдың шаруашылығын жұт кедейлендіріп не жау шапса жақын туыстарына, көрші қолаңға берген сауын малын мерзімінен бұрын қайтарып алуға хақылы.

#### Көлік көмек /майы/:

1. Ағайын -туыс арасындағы , көрші -қолаң арасындағы көмектің бір түрі. Қашанда баққан малының ыңғайымен қоныс ауыстырып көшіп жүретін қазақ елі үшін дүние-мүлкін теңдейтін, алыс жолға шыдамды күш көлік басты қажеттілік.

2. Өз малы болмаған жағдайда немесе бала -шағасына, дүние -мүлкіне жетпеген жағдайда өз көрші ағайындарынан, туыстарынан алуға хақылы. Көлікке түйе, өгіз жылқы алады, үлкен күймелерді қозғау үшін әсіресе өгіздердің еңбегі ерекше. Көлік майын әркім өз қал-қадірі келгенше келіседі. Оның ішінде шаруашылық мәселесіне көмектесу т.б.

#### Қызыл көтеру:

1. Ағайынды елдің арасындағы , ауыл ішіндегі өзара көмек . Егер бір адамның үлкен малы аяқ астынан өліп /мәселен сауып отырған биесі/, қиындық көрсе жақын туыс-көршілері бір ұсақ малдан береді. Ол үшін мал иесі өлген малының, адал бауыздап алса, бір-бір жілігін көршілеріне таратады. Сол жіліктердің (он екі жілік) орынына жиналған малға ірі мал сатып алады.

#### Шүлен тарату:

1. Аса байып кеткен адамдардың немесе бір себептермен құдайы деп елге көмек не мырзалық көрсеткісі келген адамдардың арасында кездесетін өз меншігіндегі мал-дүниені таратуды “шүлен тарату” деп атайды. Ағайын, алыс -жақын туыстың тілек етуімен немесе бір атақты іс бітіргенде, немесе жақсы бір атаққа қалғысы келгенде де дәулетті адамдар өз ықтиярымен шүлен тартады. Елдің билерімен, ақсақалдарымен ақылдаса отырып дәулеттеріне қарай 1/5 , не 1/10 бөлігін таратады /әр түрлі болады/.

2. Егер шүлен берсе малын қалың елдің алдынан айдатып әр оншы, не жиырмашыны малды алдына келгендерге береді. Ол жолаушы осы елдің адамы, өзге елдің адамы болсын айырмасы жоқ. Талап -батасын беруі, ризалығын айтуы керек. Шүленге берген малды иесі қайта ала алмайды, құдай алдында /тәңірі алдында/ сұраусыз деп береді. Шүленің кезегі келген мал (жүйрік, жорға болса да немесе атақты бәйге аты болса да) кезегі келген адамға береді. Егер шүлен малы мал иесінің мал дәулетінің құты болса өзге малға ауыстырады.

#### Жылу:

1. Әр түрлі табиғи апат /жұт, өрт т.б./ салдарынан мал мен дүниесінен айырылып, күн-көруі қиындап кеткен адамдар қазақ баласынан жылу жинауға хақылы. Жылуды ел болып та, жеке адам болып та жинайды, қандай да түрі болмасын жылу жинау туралы шешімді ел басшылары мен билердің келісімімен алады.

2. Егер апат бір адамға, бір ата баласына ғана келген болса, рулы ел өз бетімен- ақ көмектесіп, жұтаған адамдарға қарайласады. Ал жоқшылық тұтас руға келсе онда амалдың жоқтығынан өзге елдерге барып өтініш жасауға тура келеді. Ел билері көрші алыс-жақын елдердің басшыларынан жылу жинау үшін келісін алады. Кей жағдайларда өз сыласуларына қарай /құда-жесекжат т.б./ көрші рулар өз бетімен көмек көрсетеді.

3. Қазақ ішінде жылуды кез-келген дәулетті қазақтан сұрау айып болып табылмайды /егер шын жұтап отырса/. Жағдайы келіп отырған адам нашарға деп жылу беру тәңірі алдындағы іс болып табылады. Егер жылу жинаушы /адам не ру/ өзінің берекесіздігінен, жағымсыздығынан, не өз дәулетсіздігінен ағайыннан көмек ала алмай өзге елде жүрсе, айыпталады - “өз ағасын ағаламаған, өзгенің ағасын жағалайды”.

#### Жұртшылық:

1. Көрші адамдар мен көрші рулардың арасындағы өзара көмек “жұртшылық” атанады. Бір жұртта тұрып, мәселен ел көшкен кезде, туысқанын, көршісін тастап өзі жайлауға көшіп кету қайырмсыздық болып табылады. Мұндай адамдарды ел айыптайды, билерін-байларын қоғамдық істерге қатыстырмайды, төрден орын бермейді /өзін жарылқамаған/. Қыстың күні мал-жайылымы қиындап, мәселен бір жерді көктайғақ мұз басса, ол ел жұртшылық дәстүрін пайдаланып көрші-жақын рулардың жерінен жайылым сұрауға хақылы.

2. Жазды күні жайылым болғанымен, тұшы суы жоқ ауылдар малын суару үшін көрші елдердің құдығын, қонып отырған өзен-көлін пайдалануға хақылы.

#### Сұрап алу кәделері:

1. Немеурін сұрау-енші алып, бөлек шыққандар туған- туысқандарынан немеурін сұрап /көмектесулерін сұрап/ мал-мүлік алғанды айтады. Қандас туыстар әрқашанда отау тігіп, бөлек шыққан туысқанына немеурін сұрап келсе, мал-мүлкінен қолынан келгенше көмектесуге тиісті.

2. Сауға сұрау: жорықтан не бәйгеден олжалы болып келе жатқандардан туыс, сыйлас жандар сауға сұрағанда, түскен олжасының бірер мөлшерін сұраушыға беруге тиісті.

3. Сыралғы сұрау-ең аулап, олжалы келе жатқан аңшыдан сұрап алатын сыйлық. Егер аңшы, мысалға бір киік атып алса, сыралғы сұраушыға сол аңның бір мүшесін беріп кетуі керек.

4. Байғазы сұрау-мінген ат, киген киім немесе жаңа мал-мүлікке туысқандарынан көрімдік сұрау. Байғазы сұраушыларға “Құтты болсын” - айтып, сыйлық беру шарт.

5. Қолқа сұрау - құрбы - құрдас, не досына сапарға бір жақсы атын бере тұруын өтіну. Қолқа сұраушыға сұрағанын беріп көңілін қайтармау міндет.

6. Телім сұрау : жасы келіп өлген, жұртқа қадірлі адамдардың киімінен сұрау. Сол секілді әулие, абыз атанғандардың киімін жыртып, телім ету. Ақ киізге көтеріп, хан сайланған сон, сол кигізді тіліп- тіліп телім (тәбәрік) алуға рұқсат.

7. Бұйымтай сұрау - келген қонағына сыйлық беру, не шаруамен келіп едің деп сұрап, жөнін білгеннен кейін, кетейін деп жатқан қонағынан нендей бұйымтайың бар еді деп, қонақжайлық көрсетуі шарт. Қонаққа, сәлеу беруге өзіне тиісті сыбағасын алып келгендерден, кетерінде бұйымтайың не деп сұрау міндет.

8. Тон сұрау- киім-кешектің тапшы кезеңдерінде - тон , киім- кешектің сән-салтанаттысы есебінде сыйлы ақсақалдардың үйінде сақтаулы тонды, құдалыққа, жәрмеңкелерге барғанда, сол отбасы иесінен сұрап алып киіп баруға рұқсат.

9. От сұрау- көрші ауыл, көрші үйлерге (күлдің арасына көмілген қызыл шоқты) сұрай келіп, тамыздық алып отыруға рұқсат.

10. Сүйінші сұрау -қуанышты хабар жеткізушілерге берілетін сыйлық. Сүйіншінің мөлшері сол мал-мүліктің /егер жоғалды деген мал болса/ бестен бір мөлшеріне тең.

11. сұрап алудың қандай түрі болса да өз ара сыйластыққа негізделеді. Басты шарт – “алаған қолым берген”.

#### Ас беру:

1. Ас беретін ру /ата баласы/ алдымен сауын айтады/ шақыратын елдерге/.Сауын айтылмаған /хабаршы келмеген/ елге келу міндет емес.

2. Хабар жеткен ел қатысатынын, қатыспайтынын бірден анық айтады.

3. Асқа жиналған ел басылары өз тентектеріне жауап береді және астың шырқын бұзбау ата намысы болып табылады.

4. Егер ас иелері аза салып келгендерді дұрыс қабылдасамаса /тиіс деңгейде үй тігу, мүше/олар ас иелерінің үстіне арыз айтуға хақылы.

5. Егер келген адамдар тәртіпті бұзса /кешігіп келу, төбелес бастау/ ас иелері олардың үстінен арыз айтуға хақылы.

6. Ас беру кезінде жанжал-төбелес болса кінәлі жақ билердің шешімімен ас иесіне ат-тон айып төлейді.

7. Егер дау бәйгеге байланысты болса, бірдей келген екі жүйріктің бәйгесін ат иелері/рулар/ тең бөліседі, оған көнбеген жағдайда аттарды тынықтырып алып қайта жарыстырады/дауласушылардың аттарын ғана/.

Ел басшыларының, дәулетті адамдардың өлгеннен соң бір жылдан кейін жылын өткізуді “ас беру” деп атайды. Шамасы келгендер бірнеше қайтара ас береді /үш ретке дейін/. Мүмкіндіктеріне қарай алыс-жақын елдерге сауын айтады /хабарлайды/. Қазақ ішіндегі өте ірі тұлғалардың асына аза салып, саба жиып, жол-жоралғысымен Алаш баласы түгел келген. Сол себептен де ас беру кезінде ел ішіндегі ірілі-ұсақты мәселелер билердің талқысына түседі, әсіресе ру арасындағы араздық мәселесі, рулардың жолы, барымта т.б. Ас беру кезіндегі төрелік “Кеңес” тәртібімен өтеді.

Ас берудің шығынын тұтас рулы ел, ағайын көтеріп алады: сойыс деп мал жию, үй тігу, бәйге беру. Осы шығынның әр қайсысын белгілі бір аталар немесе марқұммен сыйлас, қатарлас адамдар да көтеруі мүмкін. Марқұмның туысқандары ондай адамдарға ерекше ықылас көрсетіп, жолын беруге хақылы (сый сатулы, аза қарулы).

Ас беру кезіндегі әр түрлі шаруашылық-қоғамдық мәселелерді басқарып отыру үшін ақ иелері елдің басшыларынан таңдаған адамына ұсыныс жасайды. Бәйгеге /ат бәйгесі/ ерекше жауапты адам сайланады /билердің арасынан/, өнердің /күрес, ақындық т.б./ басқа түрлеріне де жауапты адамдар сайланады.

Төрелер мен қожалар, әр рудың бас көтерер адамы өздерінің жолына сәйкес ерекше тігілген үйге түседі, олардың өз жолдарына қарай сый құрмет талап етуі заңды. Жол тәртібін реттеп отыру асты басқаратын адамның міндеті саналады. Асқа байланысты туындайтын даулардың ішінде: егер келуші астың белгіленген уақытынан кешіккен болса, өзіне тиесілі орынды талап ету мүмкіндігі азаяды. Ас бәйгесінде бірнеше ат қатар келсе, ас иелерінің талабымен бәйгені

*бірнеше күннен кейін қайта өткізуге рұқсат беріледі.*

#### **§ 4. Дін және шарият жолы**

*”Жарғы” мазмұнында дінге қатысты бірнеше талап бар, оларды атап айтсақ:*

1. Құдайға тіл тигізген адам, егер тіл тигізгенін жеті адам дәлелдеп, куәлік берсе, өлім жазасына кесіледі. Өлім жазасы шарият талабына сәйкес таспен атып орындалады.

2. Өзге дінге кірген, соның ішінде христиан дініне кірген адам, өз мал-мүлкіне, қатын баласына иелік хақынан айырылады. Себебі мал-мүлікке, адам жанына ру ортақ. Осы себепке байланысты “шоқыншының” мал-мүлкінін, қатын-баласын ағайын-туыс бөліп алса қылмыс болып табылмайды.

*Шарияттың тікелей әсері “Жарғының” төмендегі ережелерінен көрінеді:*

3. Өзін-өзі өлтірген, жазалаған адамдарға жаназа оқылмайды, олар ру қорымынан бөлек жерленеді.

4. Адам өлер алдындағы өсиетін ағайындар мен молданың алдында айтуы қажет. Егер де ауылда молда болмаса, өсиетті жақын ағайын, жолдас арасында айта береді.

5. Әйел адамның құны ер адамдардың құнына қарағанда екі есе кем. Сонымен бірге еркек адам әйелін өлтірген жағдайда, әйелінің туыстарына, олар талап етсе, құн төлейді, ал әйел адам еркегін өлтірсе өлім жазасына кесіледі. Әйел адам егер аяғы ауыр болса, кешірім етіледі, бірақ ағайын-туғанның алдында жазалы болып қалады /қарабет/.

6. Шарият жолы - әуелі Құран кәрімге, одан кейін хадистер мен сунналарға негізделеді.

7. Даулы мәселелер бойынша /істер/ шешімді шариятты жақсы білетін және адалдығымен елге танылған қазы мен имам айтуы қажет.

8. Қазы, не имам (мүфти) билік ісін көпшілік алдында, ауызекі жүргізеді .

9. Даулы іс бойынша ант беретін адамды екі жақ өздері ұсынады.

*Ант беретін адам ұсыныстан бас тарта алмайды, егер бас тартса :бір құлға азаттық беріп , не 10 адамды тойындырып ас беруі керек.*

10. Жалған ант беру тек өзге діннің адамынан өз туысын қорғау үшін ғана беріледі. Құдай алдында өзін ақтау үшін жалған ант берген адам бозқасқа шалып ақталуы қажет.

11. Қарыз беруші қарызын өсімімен алуға қақы жоқ.

12. Қарызын қайтара алмаған адам қызметімен өтейді.

13. Әкеден қалған мұра ұлдарына екі есе, қыздарына бір есе тәртібімен бөлінеді.

14. Марқұмның өз баласы болмаса аға-інісі екі есе, ана- қарында-сы бір есе мұра алады.

15. Ері әйелінің мал мүлкіне қол сұға алмайды, иелік етуге хақы жоқ.



16. Ерінен ұрпақ қалмаса, әйелі ер мұрасының төрттен біріне ғана ие болады.
17. Егер марқұм көзі тірісінде біреуге қарыз болса, бала-шағасы оны өтеуге міндетті.
18. Ұрлық жасаған адамның ұрлағаны 10 дирхемнен (теңге) көп болса бір қолы кесіледі.
19. Ұсақ заттар (сабын, балық, құс) ұрлық болып табылмайды, жаза кесілмейді.
20. Шарият бойынша алдын-ала тергеу жұмысы жүргізілмейді.
21. Тонаушылық (Хараба) өте ауыр қылмыс қатарына жатады:
  - а) Егер қорқытып өзгенің дүние-мүлкін алса;
  - ә) егер алған затын таратып жіберсе;
  - б) егер түгелін өзі жаратып жіберсе;
  - в) тонау өліммен ұштастырылса, ондай ұры - тонаушыға өлім жазасы кесіледі.
22. Ерлі-зайыпты адамдар арасында кездесетін көзге шөп салу /зина/ өлім жазасына /таспен атып/ кесіледі. Егер 4 куә көзбен көріп мойындатса.
23. Зинаға байланысты жалған куәлік берген адамға 30 рет дүре соғылады.
24. Арақ ішіп ләйліп жүрген адамға 80 рет дүре соғылады .
25. Діннен шығу -иртидад /ислам/ өлім жазасына кесіледі /таспен атып өлтіру/.
26. Қоғамдық тәртіпті бұзу, ел басшысына, үкіметке қарсы көтеріліс, өлім жазасына кесіледі.
27. Қазы немесе имамның билік кезінде шарият талап ететін тәртіпті жазадан /хадд/ ауытқуына тиым салынады.
28. Адам өлтірген қылмыс бойынша қазы қылмыскерді өлім жазасына кеседі /қысас/.
29. Егер өлген адамның туыстары кешірім берген жағдайда, қылмыскер құн төлейді /дийа/.
30. Егер қылмыс, не дау шешімі шариятта /құран, сунна, хадис/ көрсетілмеген болса, қазы өз түсінігі бойынша жаза кеседі /тазир/.

# Үшінші таған

## Кек пен жаза

### §1. Кек

*Қазақ ұғымында кек қайтару ғұрпы айыпталған емес, керісінше алдеқалай бұзыққа, не келімсекке қандас туысының өшін жіберсе, не басының намысын қорғай алмаса, ондай азаматты халық қор санаған. Туысын өлтірген қылмыскердің өз қанын, не ағайынының қанын ішпей жіберу, кешірілмес кунә саналып, ондай еркектер жұрттың көзіне шыққан сүйелдей болып, онымен бір дастарқанға отыруға өзгелер арланған.*

*Алаштың азаматына қас жауының кенірдегін қанжармен орып жіберіп, қанын ішу ата жолына кіретін, әдет-ғұрып алдындағы абыройлы міндет. Ер жігіт түгілі қазақтың бойжеткен қызы да беліндегі кездігін тастамайды /ер кісесі және әйел кісесі/.*

*Қазақтың ХУІІІ-ХІХ ғасырдағы қатал мінезі туралы А.И.Левшин былай деп жазады:*

*”Қандай арманышыл адам болса да, бұл адамдар қауымына қызығуы қиын, оларды не рухани табиғаттың тамашасы, не тұрмыс-тіршілігі қызықтырмайды. Олар қаталдыққа әбден үйреніп алған және мінезді жұмсартатын нәрсенің бәрінен қашады, ұрлықты да қаталдық деп, ержүректілікті өмір бойы қан төгу деп түсінеді”.*

*”Өзіне жасаған қорлыққа кек қайтара алмаған қазақ, ашу-ыза үстінде құтырған қасқырға ұқсас, - дейді А.И.Левшин, 1821 жылы Антонов бекінісінде сол маңда көшіп жүрген бір ордалық қазақ менің көзімше өзін пышақпен бірнеше рет тілгілеп тастады, себебі оның төбелесіп жатқан бір орысын бірнеше Жайық орыс-казактары арашалап алып қалып, әбден шерін тарқатуға мүмкіндік берген жоқ. Екінші біреуі билердің кесімімен жазаға бұйрылғанына күйініп, жан шошырлық кейіпке түсті, қолма-қол өзін жаралап, әкесіне балта ала жүгірді, қызына жара салып, бірнеше жылқыны балталап тастады”.*

*”Егерде талай кедергіден өтіп, көптен бері іздеп, ақырында өзінің кегі кеткен жауын тапқанда, ол тіпті нағыз жолбарысқа ұқсап кетеді. Осыдан бірнеше жыл бұрын Кіші жүздің Бай ұлы елінің ішіндегі Беріш руының қазақтары, өз туыстарының кегін қуып Әлім ұлына шабуыл жасады және бірнеше жауларын қолға түсірді. Қолға түскен бақытсыз жандардың, оның ішінде кінәсіздері де бар, басына түскен тағдырын адам қиялы елестетуі неғайбыл. Жеңімпаздар оларды бейіт басына, өздерінің өлген туыстарының қабіріне алып келіп, бір-бірлеп, сол жерде-ақ өлтіреді, үлкенінің кенірдегін орып жіберіп, жиналған қанын уыстап тұрып ішкен”.*

*Ханда билік, билерде бәтуә жоқ кезде қазақтың рулары өзара да қанды кек қуысатын болған, мүмкін сондай жан кештілік заманда өзін-өзі сақтау, халық болып, қалу да оңай болмаған болар, намысты жоғары қойған “Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді” дейтін қазақ үшін қалыпты жағдай болған.*

*Бірақ сөзге түсінген, сөзге жүгінген ел болғандықтан, қазақ руларының өзара дау-шараларын от тілді, орақ ауызды би-шешендері ушықтырмай, шешіп отырған. Қазақ “Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді” -деп сөз өтетін жерде, шоқпарын ынғайламаған, сөзбен қағысып барып ештеңе шықпайтын болғанда ғана іске кіріскен, әйтпесе көшпелі ыдырап жүрген елді бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратындай ұйымдасып, ынтымақтастырып отыру оңай болмаса керек.*

*ХУІІІ ғасырда өмір сүрген Ақтамберді және Үмбетей жыраулар бір дауға байланысты сөз жарыстырғанда айтқаны:*

*Ақтамберді:*

*Қынаптан қылыш суырмай,  
Қарысқан жау бұлк етпес.  
Жуылмай қастың қанымен,  
Намысқа тиген кір кетпес.  
Шабыссаң, қане, шығып көр,  
Жау емесің күш жетпес.  
Жендетті көрсет көзіме,  
Желіккен басты кім кетпес!  
Еліңді жүндей түткізіп,  
Қанды көбік жұтқызып,  
Жайратамыз осы кеш.*

*Үмбетей:*

*Ей, Ақтамберді!  
Суытпа босқа түсіңді,  
Қайрама онша тісіңді.  
Сырт тазасы не керек.  
Тазарт әуел ішіңді,  
Салмақтассаң айта ғой,  
Хан алдында күшіңді.  
Елімді иесіз деймісің,  
Ерімді киесіз деймісің?  
Алты арысқа білдірмей,  
Басып жеймін деймісің?  
Батпан-батпан мінің бар,  
Қабынбай бітім қылыңдар.*

*Міне, Үмбетбейдің дегенімен екі ру қазақтары қанды қырғынға бармай, бітімге құн төлеп келіскен.*

*Ал енді сыртқы жау, бөтен елде кеткен кек іште қатқан шер болған. Жиёмбай іште қалған*

шерін былай деп айтқан:

*Керегеге ілінген,*

*Шабылмаған семсер тұр.*

*Жаудан алмай кегімді,*

*Есіл де өмір өткен құр.*

*Сыртқы елмен қатынаста құн төлеу, кешу, бітімге келу өте сирек болғандықтан, не жеңу, не жеңілу керек еді. Атақты Абылай заманындағы ағайынды батырлар Жауғаш, Бигаиттың Жауғашы қалмақта өлгенде /елшілікте/ қазақ батырдың жолында қырылмақ болып, жеті ердің құнын алған. Сол сияқты кек қайтарушы кісіні “Қаскүнем” деп атаған, яғни өзінің ойындағы істі көпке дейін сәті келгенше күтіп іске асырушы.*

## **§ 2. Қанды кек дәстүрінің қолданылу тәртібі**

*Қанды кек -қазақтың әдет-ғұрып заңдарының ішінде бірінші орын алатыны /қанға қан, жанға жан/.*

*“Жарғы” бойынша өлген адамның туыстары қанішерді өлтіруге хақы бар, егер дене мүшелерінің бірі жазым болған жағдайда: (мысалы, аяғы, мұрны) қылмыскердің аталған дене мүшелеріне зақым келтіруге қанды кек тәртібі рұқсат береді. Егер талапкер жақ келіссе, билердің ұйғарымы бойынша жұмсартылатын да жағдай болады. Онда қанды кектің орнына талапкер жақ қылмыскерден алынған төлеммен қанағаттанады. Кісі өлтірушінің өмірін сақтау үшін руластары төлейтін төлемді “құн” деп атайды.*

*Ер адамның құны – 100 жылқы (1000 қой), әйелдікі – 50 жылқы (500 қой). Сол сияқты билердің ұйғарымы бойынша, адамның дене мүшелеріне келген зақымды малмен төлеуге мүмкіндігі болады. Үлкен бармақтың төлемі-100 қой, шынашақ-20, т.б. Ал сұлтан, қожя тұқымдары үшін құнның төлемі 7есе, жеті адамның құнын талап етуге хақы бар. Сол сияқты сұлтанды, иә қожаны тілдегені үшін 9 бас айып төлейді, ал қол жұмсағаны үшін 27 бас, яғни “үйірімен үш тоғыз” төлеуі тиіс.*

*Кей-кейде қылмыскер жақ істелген іс үшін аяққа жығылып, құн төлеуге келісім беріп тұрса, өлген адамның туыстары көнбеуі мүмкін.*

*Олай болса олардың біреуі бес қаруын асынып, сайлы атын мініп, қылмыскермен жекпе-жекке шығуы керек.*

*Жекпе-жекке шақырған жақ қылмыскерді өлтіре алмаған жағдайда құн орнына бір тоғызбен қанағаттанады, ал өлтірсе қылмыскердің құны сұраусыз.*

*Сол тәрізді күдікті адамды кектен құтқару үшін, оның руластарының ішіндегі ең сыйлы, қадірлі, елге беделді ағайындарының бірі жұрт алдында кепілдік беріп, ант ету керек. Осы ғұрыпты қазақ “жан беру” деп атап, істің шешімін тауып, келісімге келеді.*

## **§ 3. Жаза түрлері**

*Әдет-ғұрып заңдарының бір тармағы есебінде әртүрлі қылмысқа қатысты жазалардың ішіндегі ең ауыры-өлім жазасы, өлім жазасынан кем соқпайтын түрлері де баршылық.*

*Қазақ арасында жиі кездесетін жазаның бір түрі-қылмыскер адамның мойнына құрым іліп, бетіне күйе жағып, ауыл айналдыру. Әсіресе, бұл ауыл ішінде тәртіп пен имандылықты бұзғанда*

қолданылады. Қылмыскерді қара сиырға мінгізіп, бетіне қалың қылып күйе жағып, мойнына әбден құрым болып қалған ескі кигізді іліп, соңдарынан қамшымен ұрып отырады және беттеріне түкіріп, топырақ шашып әбден қорлайды.

”Мойнына құрым іліп, бетіне күйе жағу” билердің кеңесінде емес, ауыл-елдің сыйлы ақсақалдарының бұйыруымен істеледі. Себебі, ел имандылығын, әсіресе жастардың дұрыстығын қадағалау ауыл үлкендерінің өз ісі деп есептеледі. Ауылындағы бас бұзар бұзығын, арсыз әйелін жазаламаған ел басы ақсақал елге сыйлы болмайды.

Нәпсіқорлыққа байланысты айтып кететін бір мәселе: қолға түскен еркектің атының құйрығын кесу, онымен бірге ұсталған қыздың, не күйеуі бар әйелдің бұрымдарын кесу. Бұл да ауыр жаза қатарында, себебі ат құйрығын кесу тек өлімде, не жаугершілікте кездесетін нәрсе. Бұл қылмыскерге енді аяушылықтың болмайтындығын көрсетсе керек.

Еркек адам қайтыс болғанда мініп жүрген атының құйрығын кесіп жібереді: “тұл ат”. Ол атты тек ас бергенде сояды. Бір жыл ішінде құйрығы кесілген атқа ешкім мінбейді. Өзгенің жылқысының /ұрланған/ құйрығын кескен ұрыға бір жылға шейін билік айтпайды. Мал иесінің босағасын күзеттіреді. Егер атының құйрығы кесілген үйден бір жыл ішінде кісі өлсе, ат құйрығын кескен ұрыға кісі құнын төлеткізеді.

Ата-анасына қарсылық жасаған, ел ақсақалына тілі тиген не өз ауылын қорлайтындай, ағайынның намысына келгендей жаман іс істеген адамды мойнына қыл шылбыр іліп, қолын артына байлап, жалаңаш қылып шешіндіріп, ауылды айналдыра қамшымен ұрып жүргізеді және ұрып қана қоймай, неге ұратынын жұрт айтып, балағаттап отырады. Тағы бір түрі аттың құйрығына шылбыр байлап, соны қылмыскерге тістетіп, екі жігіт екі жағынан қамшылап жүгірту.

Ел арасынан шыққан бұзақыларға қарсы қолданылған жазалардың ішінде айтып өтуге тұратыны, ол қылмыскердің дене мүшесіне зақым келтіру, құлағын кесу, ернін, танауын жұлу сияқтылар.

Бұлар шектен шыққан қылмыскерге, не әлуметтік сатыда төмен тұрған құлдарға қолданылған.

Қазақтың жаугершілік уақытта көп қолданылған жазалардың бірі қылмыскерге кісен салу, босаға күзеттіру. Жазаның тағы бір түрі ұраға отырғызу.

Ертерек уақытта жазаның ең көп қолданылған түрі - ел алдында үш бақанның, не уықтың астына отырғызу, ол үшін қылмыскерді жүресінен отығызып, бастыра үш ағашпен нығырлап, жоғары бастарын қосып, байлап тастайды. Жеңіл-желпі аталатын қылмыстарды да билер елге үлгі болсын деген ниетпен осындай жазаға кесіп отырған. Осы жазаның бір түрі керегені жалаңаштап, киізін алып, соның ішіне отырғызып қою. Бұл да ел алдында істелетін жаза. Екі жағдайда да қылмыскердің жанында қылышын жалаңаштап алған жасауыл тұру керек.

Жеті атаға толмай көңіл қосқан адамдарды өлім жазасына кеседі. Бірақ шаригат немере арасын қосатын болғандықтан, кейде билер өлім жазасына тікелей кеспегенімен де “оққа” байлайды. Соның бірі жағын /садағын/ кезеніп тұрған туыстарының алдынан шауып өту. Өлсе өз жазасы, өлмесе салауат делінеді.

Жазаның ең көп қолданылатын түрі-ел алдында кінәлі адамды сол ауылдың үлкені, ағайынның біреуінің сабауы. Бұзау тіс қамшыны алып, кінәсін бетіне айтып, екінші рет қайталамайтындай қылып сабау.

#### **§ 4. Барымта**

Барымта-қылмысқа қарсы қолданылатын ұжымдық шара. Егер қылмыс жасаған жақ би үкіміне

көнбесе немесе кешіктірсе даугер жақ өз тарапынан барымта ұйымдастырады. Барымта-ең алдымен малды айдап алу, оның талабы- белгіленген көлемнен /бидің алдында кесілген/ шықпау. Осы тұрғыдан барымта қоғамдық қатынастардағы реттегіш деп есептеуге болады.

“Жарғы” бойынша егер қылмыскер би үкімін орындамаса, туыстары қорған, өз тарапынан айыбын тартпаса, ауыл болып дауды шешуден бас тартса зәбір шегуші жақ барымтаға барады.

Зәбір шегуші жақ ең алдымен ақсақал, билердің алдынан өтіп, ал малды айдап келгеннен кейін қанша мал әкелгенін баяндайды.

Айдап әкелінген мал үкіммен берілген айыпқа немесе құнға сәйкес келуі керек.

Барымта ашық түрде жасалады. Барымтаға қатысқан адам жорықта өлетін болса зәбір шеккен жақ құн төлеуді талап етуге хақылы. Барымтаға түскен малды билер айтып қайтара алмайды.

Барымтаның түрлері -ұрлық жасалып, ұры малды сіңіріп алса, біреудің кісісі өліп өлтіруші жақ тез арада алты жақсысын алып алдарына жығылмаса, біреудің қорық жеріне өзгенің малы жайылып, істен шығарса. Сонымен қатар неке мен отбасы мәселелерінен өрбитін; қалың малын төлемей қыз алып қашу, біреудің заңды некесін бұзу, ортаға түскен олжадан сыбаға бермеу, қонағасы дәстүрін бұзу т.б.

Даугер өздерінің барымтаға шығатынын алдын ала хабарлайды.

## **§ 5. Өлім жазасы**

Қазақ әдет-ғұрып заңдары бойынша өлім жазасына адам өлтірген, ұрлық жасаған, ел тонаған, әйел зорлаған, ойнас қылғандар кесіледі. Сонымен бірге өлім жазасына жеті ата дәстүрін бұзған, туыстың арасын ашып, қан араластырған/жақын туыстар арасындағы неке/ адамдар немесе некесіз туған баласын жұрттың сөзінен арланып өлтірген әйелдер кесіледі. Зорлау кісі өліміне тең, кінәлі кісі өлім жазасына кесіледі. Егер қыз атастырылмаған болып зорлаушы қалың малын төлеп үйленсе, онда қыздың туыстарының шешімі, келісімі арқылы құн төлеуден де, өлімнен де босатылады.

Әйелін ойнас ұстаған күйеу, осы сәтте өлтіруге және жазасыз қалуға мүмкіндігі бар. Егер қылмыс дәлелденген /4 куә/ жағдайда көзіне шөп салғаны үшін әйелі мен ойнасын билер кеңесінің өлім жазасына кесуге хақы бар. Өзгенің әйелін келісімсіз алып қашқанда өлім жазасына, не құн төлеуге кеседі. Егер әйел өз еркімен қашса, оны алып қашқан адам қалыңмалын қайтарып, үстіне қыз қосып береді. Кей жағдайда ел арасындағы ұрлығы үшін өлім жазасына кесілетін де жолы болады.

Құдайға тіл тигізген адамдар, жеті кісі куәлік етсе, таспен ұрып өлтірілуі керек.

Егер кімде-кім бөтен дініне көшсе, оның туыстары, не кез-келген қазақ мал-мүлкін талап алуға, қатын - баласын алып кетуге ерікті, құны сұраусыз.

Қазақтың дәстүрлі қоғамы әлеуметтік жағынан күрделі сатыланған қоғам, оның өз билеушілері мен бағыныштылары бар. Бағыныштылардың ең сорлысы, әрине күңдер мен құлдар.

Күңдер мен құлдардың тағдыры толықтай иелерінің қолында болады, олардың өз иесінің үстінен берген арызын ешкім қабылдамайды. Қазақтың не иті, не бүркіті өлетін болса, иесі оның орнына құл мен күң кінәлі деп талап етуге хақы бар.

Өзіне-өзі қол көтергендер ортақ қорымға қойылмай, жеке жерленеді және жаназасын шығармайды.

Өлім жазасы 13 жастан асқандарға қолданылған, себебі “он үште отау иесі” деп, балалар үлкен қатарына қосылады. Он үшке толмағандар “сәби” саналып жазаға тартылған жоқ. Немесе кей жағдайда баланың ақыл - есі дұрыс еместігі анықталса, ата-анасына салмақ түседі.

Мысалы: Ертеде бір ханды өз інісі өлтіріп, хан болып сайланыпты, ал ағасының баласын бала қылып асырап алады. Сонан бір ойын үстінде бала пышақпен ағасын жаралап тастайды. Ағасы баланы өлім жазасына кесуді өтінеді. Баланың шешесі, бұл шешімге келіспей, ол бала әдейі емес, байқамай ойын үстінде тығып алды, - деп қарсы шығады. Сонан би жиналған жұрттың алдында баланың істегені әдейі ме, әлде байқамай істеген іс пе тексеру үшін пышақтың ұшын жоғары қаратып қойып, балаға кеудеңмен пышаққа құла дейді. Бала пышаққа кеудесімен құлап, бірақ күшті бір жақ иығына сала жығылып ешқай жерін жарақаттамай тұрады. Міне, осыны көріп тұрған билер алқасы, көріп тұрған халық баланың әдейі істемегеніне көздері жетіп, оны өлім жазасына кеспейді. Сол сияқты өлім жазасын жеңілдетуге жастығынан басқа, ақыл-есі, психологиялық жағдайы, оқиганың кездейсоқтығы т.б. жағдайлар әсер етеді.

Айта кететін бір нәрсе, егер қылмыс біреудің азғыруымен істелсе, мысалы өлім, азғырушы құн төлеумен құтылып, өлім жазасына қару жұмсаған адам бұйырылады. Мұны қазақ “ұр дегенге зор келмес, ұрғанға зор келер” дейді.

Билердің не хандардың ұйғарымы, халықтың келісімі бойынша өлім жазасының бірнеше түрі қолданылған. Мысалы: ат құйрығына байлау, таспен ұру, асу, буындыру. Айталық шарият заңын бұзғандарға көбінесе таспен ұрып өлтіру қолданылған. Бұл нағыз азапты өлім, себебі ұзақты күн жұрттың бәрі бір-бір тас лақтырмайынша, қылмыскер жер қойнына берілмейді.

Ертеде өлімге кесілген адамды ат құйрығына байламас бұрын, буындыратын болған. Қылмыскерді ақсақалдар, ру басшылары мен басқа халық жиналған алаңға алып келіп, мойнына тұзақ салып, екі ұшынан екі адам ұстап тұрады. Осыдан кейін жиналыс басшысы қолымен белгі береді, сол белгі бойынша орындаушылар тұзақты екі жаққа бар күшімен тартып буындырып тастайды. Ең соңында оны шу асау жылқының құйрығына байлап жібереді, тұяқ тиіп, қараған, томар, тасқа соғылып, арқаннан басталған бұл шаруа аяқталады.

Кей-кейде қылмыскердің денесін бірнеше жерден терең тіліп, сол тіліктерден қыл шылбырмен он жылқының құйрығына байлап, асау жылқыларды қамшының астына алып, жан-жаққа тартқызады.

Ал енді асып өлтіргенде қазақтар көбінесе ағашқа, не зор түйеге асады. Асып өлтіру көбінесе зорлықтар мен ойнаста қолға түскендерге қолданылады. Бұлардың ішінде кінәліні қыл шылбырмен буындырып, суға салып өлтіретін де жағдайлар бар.

Ең ауыр өлім кісі өлтірушіге қолданылады, егер билер кеңесі қылмыскерді өлген кісінің туысқандарының қолына берсе, сонда оны былай өлтіретін болған: Ең әуелі қылмыстың негізгі тамырларын қиып жіберіп, өлгеннен кейін бүкіл дене мүшелерін бөлектеп тастайды. Кей кезде қарнын жарып, ішіне бөлек-бөлек шабылған қол-аяқты, басты салады. Осы қалпында денені туыстарының қолына тапсырады, ал іздеушісі болмаса өздері көмеді.

## **§ 6. Құн төлеу**

Айыптың ең жоғарғы сатысынан кейінгі салынатын төлем, яғни үш тоғыздан асатын төлемді “Құн” деп атайды. Қылмыстың түріне қарай; толық құн, яғни 500 қойдан 2000-ға дейін, 50 жылқыдан 2000-ға дейін, 25 түйеден 100-ге дейін. Қазақ арасында ең жиі қолданылған құн кесімі “100 жылқы, алты жақсы”. Одан кейін жарты және ширек құндар болған. Құн-қазақ әдет-ғұрып заңдарының ертеден келе жатқан ежелгі тәртіптерінің бірі.

Қазақтар тура және ауыспалы мағынада осы ұғымды күнделікті тұрмыста қолданады. Егер бір нәрсеге қатты қадалып, өшігіп сұраса-“әкеңнің құны бар ма” деп айтылатын сөздер де бар.

Қазақ рулары ерте уақытта қанды кек пен құн заңдарын қатар қолданып келген, бейбітшілік уақытта көбінесе құн төлеу іске асып отырған. Себебі өзара кек қуысып қан төгу қазақтың руларын әлсіретті, қаңсыратып, мықты деген батырларынан айрылып қалу оңай соқпаған. Оның үстіне әрдайым сыртқы елдермен шабуылдасып, жауласып жүретін қазақ елі үшін ішкі бірлік, тыныштық екінші кезектегі шаруа болмаса керек. Сондықтан кісі өлтірушіге, зорлаушыға ру жауап беріп, қылмысына ортақ болады. Ұлт алдына не қылмыскер үшін құн төлеуге, не қылмыскерді ел қолына беруге міндет алады. Кісі өлімі үшін құн төлеуге мойын ұсынған ру, қарсы жақтың бірнеше сыйлы кісісін шақырып, солардан өлген адамның туыстарына "Сүйек құн" алты жақсы жібереді.

Сүйек құнның құрамына кіретін нәрселер:

а) кісі өлтірушінің астында болған, оны жай бермей, құйрығын кесіп жіберетін - қанды қара шолақ ат.

ә) суық қару - не мылтық, не бір қадірлі қылыш, қанжар-өлтіруге қаруы болды деп, мұны қанды қару дейді.

б) өлген адамның денесін салып жерлейтін жерге апаруға деп, мәйітті орау үшін қара нар, қалы кілем береді.

в) өлген адамның ет-жақыны, яғни не әйелі, не шешесі, не қарындасы бір жыл бойы жоқтауға киетін қайғы белгісі саналатын қара тон, сары жаулық .

Осы сүйек құн келісімімен даугер жақ қанды кектен бас тартып, қарулы әскерді жинауды доғарып, негізгі құнды күтеді. Өлген адамға құн төлегенде арнап үй тігіледі және союға қара қой дайындалады. Қылмыскердің туысқандары күтуші болады. Адамы өлген жақ келіскен күні айғай-сүрен салып немесе қаруларын, туларын көтеріп, "Ой, бауырымдап " тігілген үйге қарай шабады, осы кезде қара қой сойылады. Шабуылдап келген бойда қылмыскердің ауылын, оның өзінің үйін шабады. Қару-жарақтарымен бір-бір салып өтеді, тіпті уықтарын сындырып тастайды. Осыдан кейін барып құн төленеді. Қылмыскерді үйге тек қана екі жақ татуласқаннан кейін кіргізеді, ол төмен отырып, өзінің кінәсі үшін кешірім сұрайды, содан кейін "ала арқан /жіп/ кесу" рәсімі жасалады, қылмыскер мен өлген кісінің ағасы жаңағы ала жіптің екі жағынан ұстайды, көлденең елдің қадірлі азаматы, көбінесе жасы үлкен әйелдердің бірі ала жіпті кеседі, осыдан кейін екі жақ дау-жанжалды тоқтатып, өзара татуласады. Ал, жіп кескен адамға кінәлі жақ шапан жабады.

Егер қылмыскердің өз туыстары бас тартып, керекті құнды төлемесе, қылмыскер өлген адамның руластарының қолына беріледі, олар оны өлтіреміз десе де, есікте ұстаймыз десе де ерікті.

Көбінесе руластары соңғы малын берсе де құн төлеуге тырысады, себебі өз туысынан басын ала қашқан руды ел төмендетіп, мазаққа айналдырады, әсіресе сол рудың байлары көз-тұрткі болады. "Жарғы" бойынша құн төлеудің шарты және шығыны, негізінен құнға қылған кесімді үш түрге бөледі:

а/ қара құн 100 жылқы, он екі жақсы.

ә/ сүйек құны-50 жылқы, алты жақсы

б/ өнер құны- тоғыз жақсы / тоқал құн/

Егер өлген кісі ел ортасында танымал адам болса, билер кеңесі қылмыскерлерден осы үш құнды толық талап етуге хақылы. Өнер құны деп тілді, шешен адамға, ақын-жырауға қатысты айтады. Құнның кең тараған түрі 100 жылқы, алты жақсы. Алты жақсының құрамы: 1/ Жетім/



құл, не күн/, 2/ Қара нар; 3/ Ақ сауыт; 4/Түзу мылтық; 5/ Қара шолақ ат; 6/ Қалы кілем. Әйел құны 50 жылқы, үш жақсы: Қара нар, қара шолақ ат, қалы кілем; 50 жылқының ішінен үшеуі- "ілу" деп қымбат затпен /кездеме, аң терісі, киім/ беріледі, сонда мал саны 47. Қазақтар тақ сан дұрыс деп есептейді. Сонымен қатар даугер жақ өз туысқаны үшін қарсы жақтан құн төлеп ала алмаса, қолдан берген болып есептеледі.

Өлім үшін құн төленбейтін жағдайлар кездеседі. Барымта кезінде қайтқан адамдар үшін құн төленеді, өз малын қайтару үшін, барымтаға амалсыз барған азаматтардың құнын билер даулауға хұқылы, ол үшін 3 куә керек. Ал енді ұрлық үстінде өлген баукеспе, тонаушы үшін құн ешқандай жағдайда төленбейді.

Зорлықшы құн үстіне қалың мал қосып төлейді, кейде өз руынан қыз береді. Кей жағдайда ер адамның құны -1000 қой немесе 100 жылқы немесе 50 түйе делініп, осы көлемнің жартысы алты жақсы аталады, таңдаулы малдан алады, қалғанын "қара құн" атанып ұсақ, нашар малмен толтырылады. Билік жасаған бидің, ханның еңбегі деп осы құнның үстінен, кінәлі жақ 40 байтал төлейді, көбінесе құнан, дәнненен асқан жастан. Осының ішінен бөлініп осы билікке қатысқан жасауылдарға да ақы төленеді.

Өлген адамның денесі табылмаған жағдайда 1,5 есе құн төлейді. Әйел адамның құны - ер адамның құнының жартысына тең, яғни 500 қой немесе 50 жылқы, немесе 25 түйе, 40 байталдың да жартысы болуға тиіс.

Қазақ батырлары жауда өлсе, я тұтқынға түсіп өлсе, ел болып кек қуып, бітісетін болса жеті ердің құнын талап етуге хақылы. Әйел құнының бір ерекшелігі, олар еркек ісіне араласып, мысалы, төбелеске кірісіп кететін болса, құны сұраусыз қалады.

Ал, егер әйел төбелес кезінде киіз үй ішінде өлсе, онда оған толық құн төленеді.

Сұлтан тұқымының құны қазақтың құнынан жеті есе көп, бірақ көбінесе жеті - хан құны, ал қызметсіз сұлтан үшін екі есемен шектеледі, сұлтанның қалай болғанда да жай қазақтан жолы жоғары. Егер хан болса, кем дегенде жеті тайпаға өктемдігі жетеді деген ұғымнан туған. Қожса тұқымының құны да сұлтандармен қатар.

Жоғарыда айтылған жарты немесе ширек құндар адамның дене мүшесіне зақым келген уақытта алынады, оның тәртібі:

а/Жарты құн-көз, тіл, еркектік мүшеге зақым келіп, өзінің қызметінен айрылғанда.

ә/Ширек құн-оң қолы, не оң аяғы зақымданып, мүгедек болып қалса.

б/1/8-сол қол мен сол аяқ істен шыққан уақытта.

в/ Біреудің бір көзін шығарса, құнның төрттен бірі, 2 көзін шығарса "жарты құн" төленеді.

г/ Бір құлағы кесілсе, оның айыбына 1 қыз береді, болмаса қыздың толық қалың малын төлейді.

ғ/Бір қол сындырылса-бес қара, бір аяғы сындырылса-алты қара "айып" тартады.

д/Әйелдің бір бұрымы кесілсе, не күрек тісі сындырылса, құнның төрттен бірін төлейді.

е/Ал, егер 2 бұрымы кесілсе, онда толық құнның жартысын төлейді.

ж/Біреу ауылдан адасып, аштан өлсе, яки мінген көлігінен жығылып өлсе, болмаса суыққа тоңып, ыстыққа шөлдеп өлсе, оның бұлай өлуіне ешкімнің қастандығы, зорлығы сезілмесе, сонда да болса, ол өлген кісіні сол бағытқа салған адамнан жарты құны алынады.

з/ Ат, түйе сияқты асау көлікті мініп келген біреу кірген үйінің белдеуіне байласа, сол үйге кіріп-шыққан адамға ол көліктің тепкісі тиіп өлсе , белдеуге байлаушыдан алатын құн:

1/ босағаға байланса- бүтін құн.

2/ белдеуге “жапсарға” байланса- жарты құн.

3/үйдің артына байланса ат -тон айып.

Құн төлеуге байланысты қазақ қоғамында жиі кездесетін жағдай кінәлі жақтың құн орнына қыз беруі /қалыңсыз қыз береді/.

Кейде сирек те болса құнға тоғыз тоғыз-тоғыздан мал беріп/ алты ат бастатқан тоғыз, төрт түйе бастатқан тоғыз/ оған қосымша қыз береді /жасаусыз-“жалаңаш”/. Бұл құнның түрін “жарқын” деп атайды.

Құн алушы жақтың билері құнға берілген мал мен дүниені екіге бөледі. Бір бөлігі/жартысы/ марқұмның туыстарына, отбасына беріледі, ал қалған ру ақсақалдарының, билердің босағасына байланады.

## § 7. Айып

Қазақ билігінде ( Кеңес, Жүгініс) ең көп қолданылатын жаза-айып . Өйткені қандай болсын қылмысты , қоғам тәртібін , адамдар арасындағы қатынас нормасын реттейтін , алдын алатын шара .

Айыптың ең жеңілі болып “ат-тон айып”, яғни ат-шапан айып саналады. Айыпқа беретін аттың жасы құнаннан кем болмауы керек, сондай-ақ айыпқа аса кәрі ат беруге болмайды. Көбінесе айыпқа берілетін аттың жасына қарамай, дені-саулығына, мықтылығына қарайды. Ат-тон айып кез-келген жағдайда қолданылуы мүмкін. Мысалы, қонақты не жолаушыны жөндеп күтпеген үй иесі отағасына да салынады. Ат-тон айып отбасы, ағайын арасының қарым-қатынасында, үлкен мен жас арасындағы сыйластықты сақтау үшін қолданылады, тіпті амандасу гүрпы сәл бұзылса-ақ осы айып қолданыла бастайды. Кейде билер артық айтылған сөз, оғаш қимыл деген сияқты істерде “азусыз ат, жиіексіз тон” деген айып қолданады. Бұл айып айыптардың ең жеңіл түрі, жеңіл істерге кесіледі. Азусыз ат деп айыпталғанымен, оның орнына бір қой, жиіексіз тон дегенге бір киімдік кездеме жарап кетеді.

Түйелі елдерде жеңіл қылмыстар үшін “бір түйе, бір шапан” айып кесіледі. Ауырлау қылмыс, тәртіпсіздік үшін “бір түйе, бір ат” болып ауырлай береді.

Айыптың ауыры қазақтың арасында “тоғыз” деп аталады. Жалпы “тоғыз” қазақ заңында әдет-ғұрыпқа, салтқа байланысты көп қолданылатын айып түрі.

Тоғыздың үлкені “құл бастатқан тоғыз”. Жаугершілік заманда құлдар көп болған, оларды шаруаға да пайдаланған, құл базарына да шығарған. Құл бастатқан тоғыз-ауыр қылмыстарға, мысалы, адам денесіне түскен зақым үшін төленіп отырған айыптың түрі. Одан кейін “түйе бастатқан тоғыз”-құрамында үш түйе, үш ат, үш сиыр/немесе үш тай/кесіле береді. Айыптың бұл түрі ру арасындағы қатынастарда, жесір дауында жиі қолданылады. Орта тоғыз немесе “ат бастатқан тоғыз” үш жылқы, үш сиыр немесе үш тай, үш қой көлемінде. Осымен қатар үлкен-кішілі қылмыстар үшін “аяқ тоғыз” немесе “тоқал тоғыз” деген айыптар қолданылған, бұған 7-8 қой беріп те құтылуға болады.

“Қал тоғыз, қасқа тоғыз” аталатын айыптар қол жұмсап, қан аққанда, жарадар болғанда қолданылған.

"Қал тоғыз" дегені қатты таяқ жеп, қорлық көргенде ұсақ малдан тоғыз беріледі, ал енді "қасқа тоғыз" дегенді ауыр жарақат алып, көп қиналған кезде айыптыға салады, үлкен малдан таңдап алады, емінінің ақысын да кінәлі қайтарады.

Қазақ ішінде жазаның бір түрі сабау екені белгілі, ал енді сабау кейде ретсіз, күші жеткен адамның әлсізге жасайтын әлім жеттілігіне айналып кетеді.

Айыптың ең ауыры "Үйірімен үш тоғыз" деп аталады, яғни бас-аяғы 27 малға жететін көлемде. Мұндай айып көлемі жағынан құнға татитын айып және жай қылмыс емес, ерекше қылмыс болып саналады. Мысалы, қалың малы төленіп қойған, енді-енді ұзатылғалы отырған қалыңдықтың туыстары келісімді бұзса, одан қалың малын қайтарып, үстіне "үйірімен үш тоғызды" қосады. Ал егер жігіт жағы бас тартатын болса, қалыңмал қайтарылмайды. Кейде шектен шыққан, бірнеше рет көзге түсіп, алған малын сіңіріп кеткен ұры осы үлкен айып "үйірімен үш тоғызға" кесіледі. Қазақ ұрлықты жек көрген, ел есігін бекітіп, дүниесін тықпағандықтан да болар малдан да гәрі үй затының ұрлануын қатты айыптайды.

"Сойыл айып" дегенде болады, көбінесе жаугершілікте, ұрлықта қолға түскенге қолданылады, мөлшері бір шапан, ат әбзелі мен бірге ұрының, жортуылышының астындағы аты. Ұрлыққа түскен малдың үстіне қосып қайтарылатын айыпты "мойнына қосақ, артына тіркеу" деп айтады. Егер жылқы ұрланса, қосаққа көбінесе құнан, артына тай, егер қой ұрланса, қойға қосып бір тоқты, түйе ұрланса- құнан атан мен тайлақ т.б. қосылып қайтарылады.

Ертеде билер шідер ұрлаған біреуге айыбына үш бесті ат кескен екен, билік айтардың алдында жігіттерге үш ат ұстаттырып, бір шідермен бекіттіріпті дейді. Егер үшеуі үш жаққа тартқанда шідер үзілетін болса, дау аяқсыз қалатын болып кесіліпті. Әрине, қайыстан жасалған шідер үш атқа бола үзілменгі, би - "бұл шідер емес, бұл үш ер" деп айыпқа үш ат кескен екен.

Төле би айтты дейтін тағы бір сөз бар, "ол шідер - қос, арқан-дос, тұсау-бос". Яғни шідерленген жылқы қоста тұрған малдай, арқан да сенімді, ал тұсамыс болса, бос жібергенмен тең деп айыпқа бұйырмалты, бұл да болса жау күтіп, жанталасып жүрген заманның тудырғаны. Ертоқым ұрлаған адам ертоқымның әрбір әбзеліне бір бесті ат айып төлеген, мысалы; үзеңгіге, тартпасына, көрпесіне, терлігіне.

Айып түрінің көп қолданылып келгені денеге түскен зақым, жарақатқа кесім "ат-тон, "не" бір тоғыз". Кесілген құлақ, мұрын, ерін екі тоғыз. Оң қолдың бас бармағы-бір тоғыз, сұқ саусағы-бір түйе, бір ат. Ортаңғы саусаққа түк те жоқ, ал аты жоқ пен шынашаққа - бір түйеден. Сол қолдың бас бармағы үшін-бір түйе, бір ат, сұқ саусақ бір түйе: ортаңғы аты жоқ пен шынашаққа - бір аттан. Аяқтың бас бармағы үшін бір түйе, қалғандарына бір аттан. Ал енді сынған тіс, мысалы, күрек тіс - бір тоғыз, қалған азу тістен басқасы-ат-шапан, азу тіске айып жоқ.

Айыптың әлеуметтік қатынастарға байланысты кейбір ерекшеліктері де бар : мысалы сұлтанға тіл тигізгені үшін ат-тон, бір тоғыз, қол көтергені үшін тиесінше "үйірімен үш тоғыз" айыбын тартады. Ал, сұлтан тіл тигізсе ел алдында кешірім сұраумен шектеледі, қол көтерсе қамшысын береді.

Керісінше қарапайым қадірлі биге қол көтерсе қос ат, шапанмен айыбын өтейді.

Жасы қатар адамдар артық ауыз сөзі үшін бірінен-бірі кешірім сұрап бітіседі, ал енді өзінен төмен дәрежелі адамға жәбір көрсетіп, ренжіткен адам "азусыз ат, жиіексіз тон"- бір қой, бір шаршы мата төлеп құтылады. Айыпты төлеуге ру көмектеседі. Руы көмектесе алмаса жазалы адам /айыпкер/ айыпты еңбегімен ақтайды, яғни босағаға байланады. Көрген жәбірді көтере алмай жатып қалатын болса, оны емдеу, күту жәбіршінің мойнында.

Сырттан айтылған сөз, тілдеу аяқсыз қалады, оны қазақ "хан сыртынан жұмырдық" деп

*айтады. Ата-анасын ренжіткен бала аяғына жығылады, жазаға ұшырайды т.б.*

*”Хандық” айып ханның немесе атақты сұлтанның пайдасына бесті ат болмаса, бір түйе: аса ірі ұрлық үшін ханға беріледі.*

*”Билік” айып бидің пайдасына беріледі, хандық төлемнің жартысына тең.*

*”Даушыға жіп кесер” іс аяқталғанда кесіледі немесе қылмыскер босатылғанда істеледі. Қылмыскердің ала жіп кесілгенге дейін әлі басының бос емес екенін білдіреді. Жіпті ара ағайын елдің биі, не сыйлы әйел адам кеседі, оған берілетін жолы-бір қой немесе бір шапан. Жалпы бір сөзбен айтқанда, қазақтың көшпелі тұрмысында қолданылатын айып түрлері өте көп, әр айып әрдайым өзінің тиесілі орнында қолданылған.*

*Көшпелі тіршіліктің жемісін сақтау, мәдени этникалық жағдай, қоғамдық қатынас, жас пен кәрі, ақ сүйек пен қара сүйек, әйел мен еркек арасындағы тәртіптің баршасы айып түрлерінің қолданылуымен реттеліп отырған.*

## Төртінші таған

### Бітім және кесім

Биліктің қандай деңгейінде болсын басты мұрат – бітім. Қазақта Сырым батыр айтты дейтін бір сөз бар. Ертеде Сырым батыр Үргеніш ханына сәлем бере барған екен. Сырымның батырлығын, шашендігін жақсы білетін хан өзінің қарамағындағы елдің ең бір айтуы биін шақырып Сырым мен айтыстырады. Сонда Үргеніштің шешені Сырым батырға мынадай сұрақ қояды:

*Дау мұраты не,*

*Саудагер мұраты не,*

*Қыз мұраты не,*

*Жол мұраты не?*

*Сырым батыр сәл ойланып:*

*Дау мұраты – біту,*

*Саудагер мұраты – ұту,*

*Қыз мұраты – кету,*

*Жол мұраты – жету,-*

деген екен. Сырым батырдың сөзінің мәніне, тапқырлығына ырза болған Үргеніш (Хиуа) ханы жақсылап силап, қонақ етіп қайтарған екен дейді.

Қазақ халқында бітімге қатысты бірнеше құқықтық ұғымдар қолданылады. Олардың ішінде жиі кездесетіні: төрелік айту (төресін беру), кесім айту (кесім), бітім айту, немесе істі бітіру, үкім шығару. Бұлардың көпшілігі айшықты, әдемі мақал түрінде айтылады, немесе билік айтушы шешен өзіне дейін осындай іске байланысты қалыптасқан шешімді (мақал түрінде) қайталайды. Құрбанғали Халид қазақтың бұл дәстүрі туралы “әр тіршілік істеріне шежіре қағидаларын пайдаланып, мақал-мәтелдерін қолданғанда да бабаларына ұқсауға тырысар еді. Бұл ел мақалдарды өздерінше тірек, медет етеді. Шынында сол сүйенген тірегі негізсіз, мағынасыз емес. Қайта түп төркіні бір кітапқа байланысты, шығу тегі бір заңдылыққа бағынған ел сияқты, көне кезде бұлар бір әділ патшаның иелігінде ме, жоқ бір кәміл данышпанның тәлімін алды ма деген ойға келесің” - деп жазады.

Төрелік айту (төресін беру) - бұл хан, не сұлтан алдында біткен дауларда айтылатын ұғым. Кейде халық даудың қандай түріне болсын қолдана береді, бірақ түпкі негізі Шыңғыс тұқымынан тарайтын төрелердің алдына барып шешімін тапқан мәселеге қатысты. “Төре” сөзі ерте уақыттан бері билікке тікелей қатысты қолданылады және билікке қатысты әлеуметтік топқа айтылады, бұлар ел басында, билік басында қызмет естейтін жаңдар. “Төре” кәзіргі түсінік тұрғысынан жоғарғы мансаптағы шенеунік /чиновник/. XIX ғасырдың ортасына дейін бұл ұғым тек Шыңғыс тұқымдарына қатысты қолданылып келіп, XIX ғасырдың ортасынан бастап орыстың да, қазақтың да оқыған қызметкер адамдарына қатысты қолданылды (ояз, олардың тілмаштері, салық жинаушы, санақ алушы т.б.) “Төрмен” қатар “ұлық” деген де сөз бар, ол жоғары мәртебелі деген деңгейде қолданылады, мәселен XIX ғасырда губернатор “ұлық” аталады.

*Бітім айту (бітімін беру) - кез келген даулы мәселеден кейін айтылатын шешім. Бұл сөздің түбірі “біту” істі аяқтау мағынасында айтылады. Кейде “даудың бітімі”, кейде “істің бітімі” деп айтыла береді. Егер даугер жақтың айғағы жоқ болып, бопса дәлелмен дауға түсіп шешім алатын болса онда “бітім алды” деп те айтылады. Мысалы төртуыл Едіге би мен кәрсон-керней Жарылғап батыр арасында Күлік Шобалай баласы Жаңабатырдың жоғалған бес көк ала атаны турасында дау болыпты. Нақты дәлел жоқ, ұзыннан ұзақ таусылмайтын сөз көп, берерлік бөз жоқ, екі жақ та сасық қамал болып жатып қалыпты. Осы қалыптарында отырғанда көлдеңнен төрт жолаушы осы жиынға кездесіп, ат үстінде қақиып тұрып, әңгімеге қанық болған, соң біреуі айтты дейді:*

*Едіге, сенде бір мін бар,*

*Көпке тізгін бермейсің.*

*Жарылғап, сенде бір мін бар,*

*Көлденең неге бермейсің, -*

*- деп әрі жүріп кетті дейді. Осыдан кейін Едіге көпке тізгін беріп, Жарылғап көлденең беріпті. Содан сөзден сөз шығып кәрсонда бір арам сідік кәрі түйе шығып (арам сідік, арам сирақ – сырттан келген, ұрлықтан, өз малы емес) осы сөзді иелік қылып Едіге жағы бітім алған екен дейді. Бірақ бұл “бітім алу”, яғни анық айғақсыз бітім даулау Едігеге жақпаған екен – мыс деп ел әңгіме қылады.*

*Кесім айту (кестіру) - бұл сөздің түбі “кесу” дауды бітіру мағынасында. Бұл енді дау жалғаспайтындай қылып, біржолата шешіп-пішіп дауды бітіру үлгісі. Қазақ билігінің соңында ала жіп кесіледі, ол дау осымен бітті, енді қайта бұл мәселеге айналып соқпаймыз деген емеурін.*

*Кесім сөзді билер айтады, бірақ кесім белгілі бір ұсынысты, төрелікті, жаңалықты бекіту үшін де айтылуы мүмкін. Бұрынғы уақытта хандар мен сұлтандар өз тарапынан төрелік бере отырып, өз сөзінің салмағын бекіту үшін билерге кесім кестіреді. Билік дәстүрінде құқықтық тәртіптің қайнар көздері қатарына белгілі бір шешім үлгілері жатады. Бұл үлгілердің қатарына билердің қолданысындағы әдет-ғұрып ережелерінің көпшілігін, билікке қатысты мақал-мәселдерді т.б. жатқызуға болады, сонымен қатар төрелердің, атақты билердің айтқан сөзін, шешімін сол қалпында, сол жерде құқықтық ереже есебінде бекітетін дәстүрлі де (прецедент) кесті деп айта береді.*

*Қазақ тарихында ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда өте беделді, ықпалды, әруақты болған хандар Әз Тәуке мен Абылай өмірбаянынан олардың өздері айтқан шешімді, ұсыныстарын билердің кеңесіне кестіретінін көреміз. Бұдан әрі бүкіл ел билігін, төрелігін жасаушы би қызметіндегілер осы шешімді заң ережесі есебінде пайдаланды.*

*Үкім шығару (үкім айту) - билік істерінде көбінесе ауыр қылмысқа байланысты айтарыды. Үкімді хан да, сұлтан да, билер кеңесі де айта береді, тіпті жеке билердің өзі де (ердің құнын екі ауыз сөзбен шешетін билер) ел ішінде өте ықпалды болса үкім айта алады. Ол тек бітім мәселесін ғана шешпейді, үкім тікелей жаза тағайындауға байланысты айтылады.*

*Үкімге жататын істердің ішінде ең ауыр қылмыс саналатын – адам өлтіру, ел тонау, әйел зорлау т.б. жазаның ең ауыр түрін талап етеді. Сұраушы мен жауапкер жақ өз ара келісіп құнды малға, дүниеге т.б. салған күннің өзінде де жаза қолданылады. Мысалы, адам өлтірген жақ құн төлеуге келіскеннің күннің өзінде де өлген адамның туыстары қылмыс жасаушының ауылына ат қойып, қолдарындағы қаруларымен үйлерді бір-бір салып етеді.*

*Үкім айтылатын істердің ішінде өте күрделісі де, өте жеңілі де болады. Соңғысы айғағы бар, кінәлінің мойнына нақты қойылып отырған қылмыс (ауыр). Ал енді күрделісі бұрын соңды*

билердің алдына келмеген ала бөтен, үлгісіз, тәжірибеге түспеген істер. Мысалы, ертеде бір елдің ішінде өз ара төбелес болып қалып, бір қатын бала тастады дейді. Содан өз ортасындағы үйсін Тоғас биге барып айтса, ол “ағайын, бірің оң көзім, бірің сол көзім, мен қанша түзу айтқанмен, жығылған жағын екінші болады. Көз таңбалы арғында Манас деген би бар, соған жүгініңдер” - депті. Манасқа барса ол “Қаз дауысты Қазыбектің баласы Бекболат биге барыңдар” деп, Бекболат “жалғыз ауыз сөзіне ел риза болған Едігеге барыңдар” деп даугерлер қатты қиналыпты.

Соңда Едіге даугерлерден сұрады дейді. –Ол қатыннан түскен түсік қайда? – деп. Құрым киізге орап қанжығаларына байлап жүр екен, көрсетті. Көрсек екі бөлек сүйек екен, мүше жоқ, сурет бола алмаған екен. Едіге би сөйлепті:

-Мұнда бас дейтін бас жоқ, көретұғын көз жоқ, ұстайтын қол, жүретін аяқ жоқ, адам санына қосылған жоқ екен. Бұған құн бұйырмайды. Бұрынғыдан ата-бабадан қалған сөз бар еді: “Даушы құр қалмайды, жаншы қор қалмайды” деген. Бұл төбелеске екі тоғыз айып салу керек. Қатынды ұрған жағың “түйе бастатқан тоғыз айып” төлеуің керек, қатынға болысып көмектескен жағың “ат бастатқан тоғыз айып” төлеуің керек. Түйе бастатқан тоғызды Тоғас бидің босағасына байлаңдар, ат бастатқан тоғызды Манас бидің босағасына байлаңдар, Бекболат пен екеуімізге бітіріп қайтарған абыройдың өзі олжа болуға толық” - депті.

Бұл жерде Едігенің айтқаны үкімнің нағыз өзі. Ғалымдар арасында қазақ заңдары қылмыстың салдарымен ғана күреседі деген пікір бар, жоғарғы мысал, екі жақты бірдей жазалау арқылы болашақта қылмысты болғызбаудың бірден – бір кепілі.

Қазақ дауларының көпшілігі “ала жіпті” кесумен аяқталады. Егер сұраушы мен жауапкер билердің шешіміне риза болса екі жақ “ала жіпті шорт кесіп бітіседі. Бұл мәселе толық шешілді, енді қайтып дау көтерілмейді дегеннің белгісі. Дау барасында билердің шешімімен ала жіпті қарт әйелдердің бірі дайындайды, ол сонысына бола өз жолын алады. Бітім айтылып екі жақта өз ризашылығын білдірген уақытта жаңағы қарт әйел ала киініп (міндетті түрде) ала жіпті кеседі. Егер жаңағы әйел кеспей басқа адам кессе, онда дау әлі де жалғасып кетуі мүмкін деп есептелді.

Ағайын арасындағы, ел ішіндегі даулардың көпшілігі осы “ала жіпті” кесумен аяқталғандықтан қазақтың ішінде “біреудің ала жібін аттамады” деп те айтылады. Ол адам ақ, таза, ұрлыққа, т.б. қылмысқа қатысы жоқ деген сөз. Қазақ халқы ала жіпті аса құрметтейді, оның басты бір себебі түпкі ұлттық бірлік идеясы алаша /Алаша/ байланысты болуымен тікелей қатысты. “Ала” ұлттық, рулық, ағайындық бірліктің нышаны.

Ірі ру – тайпалар арасындағы дау-жанжал бітімін тапса құрбандыққа мал шалады. Құрбандыққа шалынатын малдың қасқа болуы басты шарттардың бірі. Сол себепті не ақ қасқа, не көк қасқа деп айтылады. Құрбандық малдың “ақ (ақшыл)” түсті болуы да басты шарттардың бірі болып табылады (ақсарыбас). Сойылған малдың бауыздау қанына екі жақ қолдарын малып, дұға оқыса бітім аяқталды деп есептеледі. Қолдарын құрбандық малдың қанына батыру, одан кейін қан болған қолдарын көкке көтеру ертеде – егер бұдан кейін уағда, ант бұзылса “көк соқсын” деген Тәңірге арналған дұғамен біткен. Кейінгі уақытта мұсылмандық тәртіп бойынша Құран оқылып, ел тарқасады.

Қазақ ішіндегі бітім-кесіммен бірге жүретін бір түсінік “салауат” деп аталады. Оның мағынасы ел арасындағы ағайындық шарттармен тікелей байланысты, егер дау “қарындасқа” бітсе, аяғы салауатқа жалғасады. Екі жақ та бұл жағдайда “өткенге салауат” айтып енді бұдан бұлай бұл істі құмайтын болады. “Қарындас” болып біту көбінесе дауласушы жақтардың бір-бірінен қыз алып, құда болып жарасуымен тікелей байланысты. Қазақ құн даулаған уақытта, ірі барымтаның кезінде, жер дауы, жесір дауының кезінде даудың соңын осылай “қарындас” болып аяқтағанды дұрыс көреді. Жеме - жемге келгенде ел басшылары “жан беру”, “ант беруден” қашып “қарындасты” оңай жол, елдің басын қосып, ынтымағын күшейтетін бітім деп

біледі.

Бітімге оңайшылыққа келмейтін дауларды қазақ “қасаң дау” деп атайды. Бұған байланысты Қаз дауысты Қазыбек би жас кезінде Әнет бабаңнан сұраған екен деп қазақ мынадай әңгіме айтады:

“Әнет баба заманында көп оқыған, Бұқарада он екі фән ғылымын бітіріп келген адам екен. Қазыбектің жас кезі Әнет бабаңнан қазақтың ескі жолын, әрі шаригаттың тәртібін үйренейін деп әдейілеп келіп бір жаз қоныстас болыпты. Күзде еліне кетерде Бабаңмен қоштасып тұрып мына сөзді сұрапты:

- Баба! Дүниені не бұзады? Күнә неден шығады?

Сонда бабаң ойланып отырып айтыпты:

-Шырағым, “әкім” деген сөзде арапша үш әріп бар, соны екі рет айтсаң алты әріп (акм, акм). Сол алты әріп: әйел (айал) мен алтын, кек пен кежір, мақтан мен мансап. Адам осы алтауына қызығып дүниені де бұзады, ардан да, адамшылықтан да айрылады, күнәға да ұшырайды – депті.

-Айғақсыз, қасаң дауға неге бұрынғылар бір түйін шешім айтпаған?- деп Қазыбек Бабаңнан сұрағанда, Әнет бабаң: “Қазақ жолы – қанағат, ол да жолдан адаспас, қасаң дау емі – шаригат, бұған ешкім таласпас” деген екен”.

Бұл өте маңызды анықтама. Ең алдымен қазақ жолының (құқық) тәртібінің негізгі мақсаты айқын көрініп тұр, ол жоғарыда айтылған “қарындас”, “салауат” ұғымдарымен тікелей байланысты “қанағат”. Қазақтың дауындағы басты мәселе тіпті біреуден бірдеме өндіріп алу да емес, әділдік, ел ішінде өзінің адамшылығын, абыройын, азаматтығын сақтап қалу. Бұл жердегі басты мәселе намыс жолы. Ал қазақ дәстүріне болмаған уақытта шаригатқа жүгіну “Жеті жарғының” енгізген басты жаңалықтарының бірі. Қашанда туыстыққа, өз ара келісімге бастайтын қазақ жолына көнбеген уақытта әр ережесі нақты, белгілі бір материалдық, не жаза көлеміне сүйенген шаригат бітім құралы.

Көшпелілердің өз арасындағы дауларда бітім хандарының, сұлтандарының, атақты би – батырларының қатысуымен жасалады. Егер екі жақта бітімге келсе (жаугершілікті тоқтатуға, жесір (тұтқын) айырбастауға), онда құрбандыққа мал сояды. Мұндай жағдайда ірі мал, көбінесе жылқы сойылады, олардың ішінде ерекше айтылатыны “көк қасқа айғыр, қара бас қошқар” т.б. Екі жақ та қолдарын бауыздау қанға малып, көкке көтеріп бітімге келеді. Осындай бітімдер қазақ, қалмақ, қырғыз, башқұрт арасында ХҮІІІ ғасырда бірнеше рет болды. Мұндай бітімнен кейін екі жақтың да есебі, зияны болмауы керек. Бітім өткен іске кешірім жасап, жер дауы, құн дауы т.б. тоқтатады.

Көшпелілердің ішінде егер бітім тең дәрежеде болмай, екі жақтың біреуі үстем болса, онда оның шарттары басқаша болады. Мәселен, егер бір жағы үстем, бір жағы бағынышты болатын болса жоғарыдағы сипатталған жағдайлардан басқа “аманат” ауысады. Ел аралық аманатты ел тыныштығының кепілі деп есептейді. Бағынышты жақ өзінің ішінен таңдамалы адамдарының (ханы, сұлтаны, би - манаптары) жас отау тіккен балаларын ақ отауымен бірге үстем жаққа тапсырады. Келісімнің шартына қарай ақ отаулардың саны бірнеше болуы да мүмкін, біреу де болуы мүмкін. Мұндай салтты қазақ “ақ үйлі” деп атайды, өзге көрші түркі – мұңғыл халықтары да “ақ үйлі” мағынасын қолданады. “Ақ үйліге”, яғни кепілдікке баратын отбасы өзінің құлдары мен күңдерін, еншілеп алған малын, дүниесін бірге алады. Қарсы жақ сол мал-жанға, дүниеге кепілдік береді, аманшылығына. “Ақ үйлі” екі ортада соғысты, жаугершілікті тоқтататын үлкен саяси амал, одақтас табудың бір жолы. Осыған байланысты қазақта “аманат сақтау” деген бар, бұл сөз қазақтың аманатқа өте жауапты қарағандығын көрсетеді.

Жаугершілік уақытта көрші елдердің арасында жиі кездесетін салт-бітімнің бірі – серттесіп



*біту. Бұл ұрыс – жанжалды уақытша тоқтатуға қажетті амалдың бірі. Серттескенде екі жақ жалаң қылышты орталарына алып, кеудесін тигізіп құшақтасады (ел басшылары), немесе садақ оғын төбелеріне қояды, немесе қанжардың жүзін жалайды, немесе мылтықтың аузын жалайды т.б. Бұл таза жаугершілік дәстүрлер туғызған әскери бітімдердің шарттары ғана. Екі жақ та мұндайда мал сойып, оның қанына қолдарын малады, бірақ қаруды сертке пайдалану көбірек. Дұға есебінде “осы жылы туған жас бала сақалы шығып жат болмай, ат жалын тартып мінбей жаугершілікке шықпаймыз” деп айтады. Бұл дұға ант есебінде жүреді.*

*Мұндай сертке, антқа қатысы бар адамдар сол елге қарсы жаугершілікке қайта шықпауға күш салады. Егер уағдада тұрмаса “ант соғады” деп ырымдайды.*

*Отырықшы халықтармен болатын бітім-кесімдер көбінесе қағаз арқылы, не мұсылман молдаларын араға салу арқылы жүрген (Ресей, Қытай, Парсы), олардың қағазға қойған қолтаңбасы, мөрі қазақ ұғымында қолдарын қанға малып, қаруды құшақтап, ала жіпті кесіп жасаған бітімнен күшті емес.*

## Қолданылған әдебиет тізімі:

1. Абылай хан. Тарихи жырлар /Құраст. С.Дәуіт. - Алма-Ата, 1993.
2. Абишев Х.А. Передовая русская интеллигенция Западной Сибири об обычно-правовой системе казахов //Проблемы казахского обычного права. - Алма-Ата, 1998. С. 56-65.
3. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. - Алматы, 1984.
4. Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. – Алматы, 1998.
5. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России. – Алма-Ата, 1948.
6. Артыкбаев Ж.О. Казахское общество: истоки и история. - Астана, 2002.
7. Артыкбаев Ж.О. Материалы к истории правящего дома казахов. - Алматы, 2001. с.6-21; Алаша хан /Алаша хан, Аласа хан, Алача хан, Алынша хан, Аланча хан, Абулджа хан/ Азия Транзит, №4 /25/ 2002; Алаш һәм Алаша хан //Вестник КазГНУ, серия историческая, 1991, № 11, с.191-2002; Алаша хан (казахское шежире об эпохе Алаша хана) //Қазақстандағы тарихи-мәдени үрдістердің өткені, бүгінгі мен болашағы. Сб. Маргулановских чтений. - Жезказган, 2000. с.12-18; Кочевое общество Евразии между Востоком и Западом: опыт этносоциального изучения. Великий меридиональный путь и культ Алаша хана //Валихановские чтения – 7. - Кокшетау, 2002. с.51-54; Пеголошадные пионеры Евразийской цивилизации (Алаша хан и его время) //Международный Евразийский форум-Гумилевские чтения (к 90-летию Л.Н.Гумилева). - Астана, 2002. с.15-23; Казахское общество в калейдоскопе веков и тысячелетий //Казахское общество: истоки и история в 4-х томах. - Астана, 2002. - Т.1.
8. Артыкбаев Ж.О. Этнос және қоғам. XVIII ғасыр. - Қарағанды, 1995.
9. Ахметова Н.С. Обычное право казахов в XVIII – первой половине XIX века. - Караганды, 1990.
10. Ахметова Н.С. Институт “кун” в обычном праве казахов и его отмена советской властью. - Алматы, 1993.
11. Әбуталиев Н. Ордабасы Қожаберген. - Алматы, 1995.
12. Бакунин В.М. Описание калмыцких народов, а особливо из них торгоутского, и поступков их ханов и владельцев (сочинение 1761 года). - Элиста, 1995.
13. Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона //Записки Оренбургского отдела Императорского географического общества. - Казань, 1871. Вып. 2.
14. Билер сөзі. /Құраст. Т.Кәкішев. - Алматы, 1992.
15. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. - М.-Л., 1950. Т.1.
16. Броневский С.Б. Записки генерал-майора Броневского о Киргиз-Кайсаках Средней Орды. //Отечественные записки. СПб., 1830. Ч. 43. № 124. С. 255-285.
17. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе //Собр. Соч. в 5-т. - Алма-Ата, 1985. Т. 4. С. 77-104.
18. Венгеров А.Б., Куббель Л.Е., Першиц А.И. Этнография и науки о государстве и праве //Вестник АН СССР. 1984. № 10.
19. Гавердовский Я. Обзорение киргиз-кайсацкой степи //Ленинградское отделение Института истории, отдел рукописей. Ч. 2. № 495 (кол. 115). 1803.
20. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. - СПб., 1897. Т. 1 - 2.
21. Герн – фон В.К. Характер и нравы казахов (этнографические заметки) //Коммент, предисл. и ред. Ж.О.Артыкбаева. - Караганда, 1995.
22. Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. – Ташкент, 1889. Т. 1.
23. Гурлянд Я.И. Степное законодательство с древнейших времен по XVII столетие //Известия общества археологии, истории и этнографии при Казанском университете. Вып. 4 – 5. – Казань, 1904. Т. XX.
24. Дала уәлайатының газеті. Адам, қоғам, табиғат. 1888-1902. /Құраст. Ү.Субханбердина. – Алматы, 1994.
25. Добросмыслов А.И. Суд у киргизов Тургайской области в XVIII – X и XIX веках. – Казань, 1904.

26. Древнетюркский словарь. – Л., 1969.
27. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков. – Алматы, 1996.
28. Загоскин Н.П. История права Московского государства. – Казань, 1877. - Т. 1.
29. Загряжский А. Юридические обычаи киргизов и о народном суде у кочевого населения Туркестанского края. //Материалы для статистики Туркестанского края. – СПб., 1876.
30. Зиманов С., Өсеров Н. “Жеті жарғы” туралы біреу сөз //Известия АН Каз ССР, серия общественных наук. 1975. № 4.
31. Зиманов С., Усеров Н. Об одном новом варианте “Жети-Жаргы” //Вестник АН Каз ССР. 1976. № 1.
32. Зиманов С., Өсеров Н. “Жеті жарғы” жайлы //Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1989. С. 122 - 141.
33. Зиманов С. Состояние и задачи разработки обычного права казахов //Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1989. С. 8 - 29.
34. Ибрагимов И. Заметки о киргизском суде //Записки Русского императорского географического общества. 1878. Вып. VIII. № 2. С. 233 - 257.
35. Ибрагимов Н. Ибн Баттута и его путешествия по Средней Азии. – М., 1988.
36. Из журнала составленного поручиком Гавердовским, Ивановым и Богдановичем во время их поездки в Бухару через Казахстан в 1803 г. //Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. – Алма-Ата, 1964. С. 152 – 163. № 86 док.
37. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата, 1961.
38. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет (теориялық мәселелері, тарихи тағлымы). – Алматы, 1997.
39. Ковалевский М.М. Современный обычай и древний закон. – М., 1886.
40. Козлов И.А. Обычное право киргизов //Памятная книжка Западной Сибири. – Омск, 1882.
41. Косвен М.О. Преступление и наказание в догосударственном обществе. - М., 1925.
42. Красовский М. Область сибирских киргизов //Материалы для географии и статистики России. – СПб., 1868. Ч. 1 – 3.
43. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизских Степных областей. -Оренбург, 1898.
44. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. – Орынбор, 1911.
45. Көпейұлы М.-Ж. Қолжазбалар жинағы (жарияланбаған).
46. Куббель Л.Е. Очерки потестарно-политической этнографии. – М., 1988.
47. Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления Советской власти). – Алма-Ата, 1955.
48. Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары. //Құраст. З.Ж.Кенжалиев, С.О.Дәулетова, Ш.А.Андабеков, М.К.Әділбаев, Е.Л.Тогжанов. – Алматы, 1996.
49. Қазақстан республикасы мемлекет және құқық тарихынан хрестоматия //Құраст. Н.О.Дулатбеков. - Қарағанды, 1994.
50. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Дуани лұғат-ат-түрік) 3 томдық шығармалар жинағы. /Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Қ.Егеубай. - Алматы, 1998. – т. 3.
51. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб., 1832. Ч. 1 – 3.
52. Леонтович Ф.И. К истории права русских инородцев. Древний монголо-калмыцкий или ойратский устав взысканий (Цааджин-Бичик). – Одесса, 1879.
53. Леонтьев А.А. Обычное право киргиз Судостройство и судопроизводство. //Юридический вестник. 1890. Т. 5. № 5 – 6.
54. Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Материальное право. – Омск, 1886. - Вып. 1 – 2.
55. Максимов Н. Народный суд у киргизов //Юридический журнал. 1897. Кн. VIII.
56. Марғұлан Ә.Х. Қасым ханның қасқа жолы //ҚСЭ. – Алма-Аты, 1975. - Т. 6. 541 – 542 б.
57. Материалы по казахскому обычному праву. //Сост. Т.М.Культелеев, М.Г.Масевич, Г.Б.Шақаев. - Алма-Ата, 1948. - Сб. 1.
58. Материалы по казахскому обычному праву составленные временным комитетом в 1824 г. //Из фондов государственного архива Омской обл.
59. Мейер Д.И. Русское гражданское право. – Спб., 1861.

60. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб., 1865.
61. Мемлекет және құқық тарихынан хрестоматия. (2 кітап). //Құраст. Н.Дулатбеков, Ж.Артықбаев, З.Тайшыбаев. – Алматы, 1998.
62. Моңғолдық құпия шежіресі. - Өлгий, 1979.
63. Моңғол-қазақ толь /моңғолша-қазақша сөздік. –Уланбатыр-Өлгий, 1984.
64. Норбо Ш. Зая-пандита (материалы к биографии). – Элиста, 1999.
65. XV-XVII вв. Қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
66. Оғуз наме, Мұхаббат наме. - Алматы, 1986. 40 - 41 б.
67. Омари Ж. Қаз дауысты Қазыбек би. Жеті жарғы. – Астана, 2000.
68. Першиц А.И. Проблемы нормативной этнографии //Исследования по общей этнографии. – М., 1979.
69. Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1989.
70. Радлов В.В. Из Сибири. – М., 1989.
71. Рычков Н.П. Дневные записки путешествия в киргиз-кайсацкой степи в 1771 году. – СПб., 1772.
72. Самоквасов Д.Я. Сборник обычного права Сибирских инородцев. Обычаи киргизов. – Варшава, 1876.
73. Словохотов Л.А. Народный суд обычного права киргизов Малой орды //Труды Оренбургской ученой архивной комиссии, 1905. – Вып. XV.
74. Социально-экономические отношения и социо-нормативная культура //Свод этнографических понятий и терминов. – М., 1986.
75. Спасский Г. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды //Сибирский вестник. № 9 – 10. – СПб., 1820.
76. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. - М., 1982.
77. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX веков. Алма – Ата, 1971.
78. Төле би тарихы. // Құраст. С.Дәуітов. – Алматы, 1991.
79. Тронов В.Д. Обычаи и обычное право киргиз //Материалы по антропологии и этнологии Киргизов. //Записки по отделению этнографии. – СПб., 1891. Т. XVII. - Вып. 2.
80. Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата, 1995.
81. Халид К. Тауарих Хамса (бес тарих). – Алматы, 1992.
82. Черных Е.Н., Венгеров А.Б. Структура нормативной системы в древних обществах (методологический аспект) //От доклассовых обществ к раннеклассовым. – М., 1987. С. 23 – 38.
83. Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа.– Оренбург, 1924. - Ч.1.
84. Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-түқияннан өзіме дейін. – Алматы, 1993.
85. Шешендік сөздер /Құраст. Б.Адамбаев. – Алматы, 1992.
86. Фукс С.Л. Обычное право казахов в XVIII - первой половине XIX века. – Алма-Ата, 1981.
87. Эванс-Причард Э.Э. Нуэры: Описание способов жизнеобеспечения и политических институтов одного из нилотских народов. – М., 1985.
88. Этимологический словарь тюркских языков. –М., 1989.
89. Якушкин Е.И. Обычное право русских инородцев. – М., 1899.

**Ж. О. Артықбаев**

**«Жеті жарғы»  
мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі,  
деректер, тарихы, мәтіні)**

*Оқу құралы*

***ЖШС «Заң әдебиеті» бас директоры  
Жансеитов Н. Н.***

***Оператор: Умурова Г.О.***

Пішімі 60x901/16. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».

«Заң әдебиеті» баспасы

050057 Алматы қ., М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.

Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.

E-mail: law\_literature@nursat.kz